

КАРАЖАНОВА ЖАНАТ КОКЕНОВНА

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері)

6D030100 «Құқықтану» мамандығы

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
заң ғылымдарының докторы,
профессор Смағұлов А.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші
заң ғылымдарының кандидаты,
доцент Потапов Д.П.
РФ, Алтай Республикасы,
Горно-Алтайск қаласы

Қазақстан Республикасы
Семей, 2020

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	4
1 КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕ СЕКТОРЛАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҰҒЫМЫНЫҢ ДАМУ ГЕНЕЗИСІ...	15
1.1 Квazимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылықтың тарихи қалыптасуы.....	15
1.2 Квazимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық ұғымының қазіргі қалыптасуы	22
2 КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕ СЕКТОРЛАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ: ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІСІ.....	29
2.1 Қылмыстық құқық бұзушылықтар объектісі мен затының өзекті сұрақтары	29
2.2 Қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік белгілерінің өзекті мәселелері: іс-әрекеттердің ара-қатынасы	46
2.3 Қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісін анықтау мәселелері	82
2.4 Қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік белгілеріне талдау	98
3 КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕ СЕКТОРЛАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	105
3.1 Квazимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың криминологиялық сипаттамасы.....	105
3.2 Квazимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылды жетілдіру бағыттары.....	116
ҚОРЫТЫНДЫ.....	126
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	133

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	–Қазақстан Республикасы
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
ТМД	– Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ЭЫДҰ(ОЭСР)	– экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
БРИКС	– Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік-Африка Республикасы
РКФСР	– Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
ҚР ҚК	– Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚР АҚ	– Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
ж.	– жыл
жж.	– жылдар
ғғ.	– ғасырлар
ЖШС	– жауапкершілігі шектеулі серіктестік
б.з.д.	– біздің заманымызға дейінгі
т.б.	– тағы басқа
ММ	– мемлекеттік мекеме
б.	– бет
БАҚ	– бұқаралық ақпарат құралдары

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысында квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерде ашылады. Жұмыста квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлықтың тарихи аспектілері анықталады, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық ұғымының қалыптасу мәселелері шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлерін салыстырмалы талдау жолымен жасалады, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының объективтік және субъективтік белгілеріне байланысты отандық қылмыстық заңнаманы жетілдіру ұсыныстары беріледі. Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылдың криминологиялық аспектісі талданып, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы-қимылдың жетілдіру бағыттары нақтыланып, оларға қарсы іс-қимыл шаралары беріледі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Бүгінгі күні әлемдік тәжірибеде квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға ерекше көңіл бөлініп отыр, себебі бұл секторлардағы сыбайлас жемқорлық құқықтық мемлекеттің өмір сүруіне кедергі келтіріп, коммерциялық тауарлар мен қызмет көрсетулерді алуға байланысты бәсекелестікке кедергі келтіреді, сондай-ақ адал экономикалық дамуға кедергі жасайды.

Қазақстан Республикасында квазимемлекеттік және жекеше секторлар тез даму үстінде. Бір жағынан, жаңа тетіктер арқылы экономиканы белсенді мемлекеттік реттеуге бағытталған мадақтау шараларының қажеттілігі мақсатқа сай болып келеді. Екінші жағынан, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметі төмен тиімділік көрсетіп отыр және сыбайлас жемқорлық әлеуетінің жоғары болуы орын алады, себебі корпоративтік басқару формальды енгізіледі, жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бар акционерлік қоғамдардың қызметі ашық емес және табыс әкелмейді. Көптеген квазимемлекеттік сектор субъектілері республикалық бюджет қаражатына ғана сеніп отырады.

Жалпы жекеше сектордағы көптеген кәсіпкерлік қызмет субъектілері елде жарияланған кәсіпкерлерді тексеруге мораторийді пайдаланып, өз қызметінде сыбайлас жемқорлық құбылыстарына орын береді. Осы сектор Қазақстан Республикасы экономикасының 1/3 бөлігін алғандықтан, одан келетін зардап мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтан кем болмайтыны ықтимал.

Қазақстан Республикасы экономика министрлігінің Статистика комитетінің 2019 жылдың 1 қаңтарына сай мәліметтері бойынша Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнес субъектілерінің тіркелген саны – 1577747 [1].

Демек, квазимемлекеттік және жекеше секторлар экономика саласының көп бөлігін алғандықтан, осы бағыттағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл экономиканың дамуына өз үлесін қосатыны сөзсіз.

«Transparency International» үкіметтік емес ұйымы өзінің басты жыл сайынғы зерттеуін - Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі жариялады. 2019 жылы Қазақстан мүмкін болатын 100 баллдан 34-ін жинап, 180 елдің ішінде 113-орынға ие болды. Өткен жылмен салыстырғанда бұл үш баллға артық және 11 тұрғы бойынша артқанын көрсетеді [2].

Алайда, осындай нәтижелі іс-қимыл мемлекеттік секторды ғана қамтитыны түсінікті, бірақ квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық кеңінен орын алып отыр және осы бағыттағы іс-қимылдың қажеттілігін туғызды.

Сыбайлас жемқорлық бұл ғаламдық мәселе, себебі әрбір елде оның орын алуы бар, тек тиімді заңдар мен нақты іс-қимылдар болғанда ғана оны азайтуға болады деп есептеледі.

Қазақстан Республикасында квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүргізудің нормативтік базасы құрылған. Ол Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Сонымен бірге, көптеген өзара халықаралық келісімдер: 2003 жылы Стамбул қаласында Стамбул сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді, 2008 жылдың 4 мамырында «Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы» ратификацияланды, 2019 жылдың 27 тамызында Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесі арасындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы мүшелері өкілдерінің және бағалаушы топтар мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне қатысты келісімге қол қойылды.

Жыл сайынғы Президент жолдауларында сыбайлас жемқорлық мәселесі басты мәселе ретінде қалып отыр. 2019 жылдың 2 қыркүйегінде Президентіміздің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесіне аса көңіл бөлінді, нормативтік құқықтық актілердің жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу және мекеме басшысының қызмектерлері үшін жауаптылығы, нақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органының қызмектерлерінің жауаптылығы бойынша реформалау бағыттары берілген болатын [3].

Квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзектілігін ары қарай ашатын 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы әрекет етуде. Стратегияның 4.3 тармағында «халықаралық ұйымдардың деректері бойынша квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлықтың қауіпін

оның мемлекеттік сектордағы ауқымдарымен толық салыстыруға болады, -деп көрсетілген. Стратегияда квазимемлекеттік және жеке секторда есеп беру, шешімдер қабылдау процедураларының ашықтығы мен бақылауда болуын қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктерін енгізу қажеттілігі, сондай-ақ осындай жағдай жасау үшін жеке секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірқатар басқа шараларды қабылдау, оларды іске асыру кәсіпкерлер үшін инвестициялық климат пен тәуекелдердің нашарлауына әкеп соқтырмайтын жағдайларды енгізу қажеттілігі баса айтылған» [4].

Сөйтіп, елде тек жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылмен қатар, квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық қарсы іс-қимыл да шетте қалмауы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл оң нәтижесін беріп отырса да, сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көбеюде. Сондықтан, бұл зиянкесті түбінен шабу үшін квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тиімді болуы тиіс. Оны тиімді жасау үшін оның себептеріне әсер ететін шаралар қажет екені белгілі. Квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар ел экономикасының дамуына кедергі келтіріп, көлеңкелі экономиканың орын алуына жол береді.

Квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлықтың кең етек алуы елдің тұрақты дамуына, әр саланың: ғылымның, білімнің, зияткерліктің, озық технологиялардың ары қарай дамуын тоқтатып, тоқырауға әкеледі. Квазимемлекеттік салаға мемлекет көптеген қаражаттарды салады, оның барлығы белгілі мақсаттарға бөлінеді, бірақ табыс емес, көбінесе қаражаттарды жай қолданумен ғана шектеледі. Жыл сайынғы Есеп комитетінің есептерінде кірістен шығыс көп екені айтылып отыр. Бір жағынан квазимемлекеттік сектор ел экономикасының дамуына үлес қосу үшін құрылса, екінші жағынан заң бұзып нақты нәтижелерге қол жеткізбеу орын алуда. Бұл үшін нақты қылмыстық жауаптылық пен кінәлілерді анықтау іс-шаралары орын алғанда ғана квазимемлекеттік секторды көзделген мақсаттарға жеткізу мүмкін болады. Жеке секторда кәсіпкерлерге толық мүмкіндіктер жасалған, бірақ қызметін адал емес, жасырын түрде жүргізу, компания ішінде атқарған қызметі бойынша емес, басқа жолдармен өсу бағытында, сондай-ақ корпоративтік ережелерді сақтамай сыбайлас жемқорлық құбылыстарына жол беру бар.

Квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары жылдан жылға өсу үстінде. Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтарды нақты анықтау қиындық туғызады, себебі квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқару функциясын орындайтын адамдарды Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық есептерінен бөліп алу мүмкін емес, оларды барлық мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген

адамдарға теңестірілген тұлғалармен бірге қосып көрсеткен. Сондықтан, сол мәліметтер есепке алынады. Ал жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша ондай мәселе жоқ, себебі олар нақты статистикалық есепте Қылмыстық кодекстің «Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деген тарауында көзделген.

Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары 2016 жылы - 448, 2017 жылы - 471, 2018 жылы - 455, 2019 жылы – 427 санын құраған [5]. Бұл осы секторлардағы тіркелген қылмыстық бұзушылықтар ғана, нақты хабарланған фактілердің саны одан да көп болуы мүмкін, адамдар бұл әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық болмайды немесе бұл жағдай өзінің көп уақытын алады деп хабарламайды, сондықтан олар латентті сипатта қала береді. Сонымен бірге, сотқа дейін жеткен істердің саны да аз, мәселен, 2019 жылы жалпы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша – 2245 іс тіркелсе, тергеумен аяқталғандар – 1830 іс, ал сотқа дейін 1653 іс ғана жеткен [6].

Сондықтан, статистикалық мәліметтер объективтік ақиқатқа сай келмейді деп толығымен пайымдай алмаймыз, сондай-ақ оның мөлшерін анықтау қиындыққа соғады.

Бұқаралық ақпарат құралдарында квазимемлекеттік сектор жағдайы түсінікті, жекеше секторда бірден сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісіне теңей салу ұсыныстары айтылған болатын [7].

Қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісін жай ғана теңей салу қылмыстық құқық ғылымында мәселені шеше қоймайды, бұл бағытта ойластырылған кешенді ғылыми зерттеу қажет. Бір жағынан, квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының құрамдары толық жетілдірілмеген екенін көрсетіп отыр. Екінші жағынан, қазіргі кезде отандық қылмыстық заңнамада квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының орнын түсіну, оларды дұрыс саралау, оларды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтың пайда болу ерекшеліктері, оларға қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру бағыттары ашық мәселелер және әлі күнге дейін шешімін таппаған. Сонымен, жоғарыда көзделген жағдайлардың барлығы диссертациялық зерттеудің өзектілігі мен тақырыпты таңдаудың қажеттілігін анықтаған.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Диссертациялық зерттеудің тақырыбы бойынша әсіресе, жалпы танылған сыбайлас жемқорлыққа қатысты көптеген ғылыми зерттеулер бар екені белгілі. Ол конституциялық құқық, қылмыстық құқық, криминология, философия, саясаттану, экономика және тарих саласындағы ғалымдармен кеңінен зерттелген.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары саласындағы қылмыстық құқық теориясында А.Н. Ағыбаев, И.Ш. Борчашвили, Б.В.

Волженкин, Э.Н. Жевлаков, Ү.С. Жекебаев, Е.І. Қайыржанов, Hans Lensing, Н.А. Лопашенко, А.В. Наумов, Р.Т. Нұртаев, С.М. Рахметов, М.-L. Rassat, G. Stessens, А.А. Смағұлов, Р.К. Шаймуллин, А.В. Шнитенков, П.С. Яни сияқты ғалымдардың еңбектеріндегі құнды материалдар толық зерттелінеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығын зерттеген ғалымдар ішінен: В.А. Авдеев, Ю.А. Воронин, R. Broadhurst, Драго Кос (Drago Kos), M. Joutsen, J. Keränen, С.Д. Красноусов, П.И. Левченко, Р.Т. Нұртаев, Г.Р. Рүстемова, М.О. Нүкенов, Т.Я. Хабриева, Ю.А. Чиханчин, М.Я. Ячкуринских еңбектеріндегі ой-пікірлері талқыға салынады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес және іс-қимыл бойынша отандық және шетелдік ғалымдармен диссертациялар қорғалды: С.А. Гордейчик (1997 ж.), С.В. Изосимов (1997 ж.), Л.А. Солдатова (2002 ж.) С.С. Черобедов (2008 ж.), Е.С. Койбаков (2010 ж.) С.Д. Красноусов (2012 ж.) заң ғылымдары кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ізденген диссертациялық зерттеулер, Ж. Құмарбекқызы (2017 ж.), Ж.А. Мамитова (2017 ж.) құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ізденген диссертациялар қорғалған. Бұл диссертациялардың барлығы дерлік сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізудің жеке бағыттарын зерттеуге арналған, сондықтан осы ғылыми зерттеуге ол негіз ретінде қолданылады.

Алайда, квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытындағы қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерін ашатын бірде бір докторлық диссертациялар жоқтың қасы. Әрбір ғылыми зерттеуде сыбайлас жемқорлықтың әр тұстары және белгілі бір түрлері ғана зерттелінген.

Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі өзекті болып тұрған заманда, квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерін толық зерттеуге негіз бар және оған қарсы іс-қимыл шаралары бойынша ұсыныстар әзірлеу тәжірибелік маңызды сипат алуда.

Зерттеу объектісі – квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастар; Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде көзделген квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы.

Зерттеу пәні – квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері, әсіресе квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық ұғымын қалыптастырудағы теориялық кемшіліктер; сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру; квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың теориялық тұжырымдамаларын талдау және жетілдіру жолдарын ұсыну; квазимемлекеттік және жекеше сектордағы

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың криминологиялық сипаттамасын беру, осы бағыттағы қылмыстылықтың жағдайы мен таралуын түсіну; отандық және шетелдік озық тәжірибені зерттеу болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты - квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерін ашып, қылмыстық заңға ұсыныстар әзірлеу және квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру болып табылады.

Осы көзделген мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей **міндеттер** қойылды:

- квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық ұғымының қазіргі қалыптасуын ашып, оған анықтама беру;

- квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылықтың тарихи аспектілерін зерттеу;

- квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының түрлерін анықтау мәселелерін талдап, тиімді жіктеу бағытын ұсыну;

- квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жауаптылықты көздейтін отандық және шетелдік заңнаманы салыстырмалы зерттеу;

- квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының құрамдарын талдау, заңдағы кемшіліктерді анықтау;

- квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың себептері мен жағдайларын зерттеу, қылмыскер тұлғасын сипаттау;

- квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың шетелдік озық тәжірибесін талдау;

- квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылды жетілдіру бағыттарын беру және ұсыныстарды тұжырымдау.

Зерттеу жұмысының әдістемелік негізін - зерттеудің диалектикалық әдісі, жалпы ғылыми және арнайы әдістері жатады.

Атап айтқанда, зерттеу барысында тарихи-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, формальды-логикалық, лингвистикалық және статистикалық әдістер қолданылды. Кей жағдайларда, экономика, психология, педагогика және әлеуметтану ғылым салаларының әдістері есепке алынды.

Зерттеудің теориялық негізіне – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты мемлекет және құқық теориясы, әкімшілік құқық, қылмыстық құқық және криминология ғылымдары бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, ой-пікірлері пайдаланылды.

Зерттеудің нормативтік негізіне – Қазақстан Республикасының Конституциясы; отандық және шетелдік қылмыстық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сұрақтарын реттейтін өзге нормативтік-құқықтық актілер құрайды.

Зерттеудің эмпирикалық базасын – Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының 2017-2019 жылдардағы әртүрлі облыстарда қаралған қылмыстық істер бойынша материалдары; 2015-2019 жылдардағы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет мәліметтері; Қазақстан Республикасының әртүрлі аумақтарында жасалған сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша 100 қылмыстық істердің материалдарын зерттеу нәтижелері; Интернет желісіндегі жүргізілген әртүрлі сауалнама нәтижелері; басқа авторлармен жүргізілген ұқсас зерттеулер нәтижелері құрайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертация 2014 жылғы Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің және оны қолдану практикасының тиімділігі негізінде жазылған, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектісін зерттеуге арналған алғашқы кешенді зерттеу болып отыр.

Диссертациялық зерттеу көлемінде квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық ұғымына кешенді анықтама берілді; квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлықтың тарихи аспектілері зерттелінді; теориялық тұрғыда квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлерін жіктеу теориялары талқыланды; квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты көздейтін нормалардың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 19-бабына, 40-бабының 4-бөлігіне, 41-бабының 2.1 бөлігіне, 361-1 бабын, 366-бабының 1-бөлігіне, 253-бабының 1,4 бөліктеріне жаңа мәтінде толықтырулар мен өзгертулер енгізілді; шетелдік тәжірибені зерттей келе, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған субъект ретінде - заңды тұлғаларды жауапкершілікке тартудың тұжырымдары зерттелініп мәселені шешудің жолдары ұсынылды; квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың статистикалық мәліметтерін зерттей келе, олардың себептері мен жағдайлары анықталып іс-қимыл шаралары ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын жүзеге асыру және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының тиімділігін жоғарлату мақсатында квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас

жемқорлықтың авторлық анықтамасы берілді: «Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық деп квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы субъектілермен өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында пайдаланумен байланысты құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік), сол сияқты делдалдар арқылы мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік) жасауды айтамыз». Осы ұғымды 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 6-1 тармақшасына енгізу ұсынылды.

2. Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісін мүдде ұғымы арқылы беру негізделді. Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде тектік объектілері ұқсас екі тарауды қамтиды деп санауға болады: біріншісі 9-тарау «Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» және 15-тарау «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар». Осы екі тараудың тектік объектілері – бағыттар бойынша қызмет мүдделері табылады. Заң техникасы мен түсініктемесі болу мақсатында және бірдей тектік объектісінің болуына байланысты осы тарауларды біріктіретін «Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары» деген тарауға енгізу керек. Осындай өзгерістер енгізу сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылыққа тартуды жеңілдетеді, қылмыстарды тез саралауға мүмкіндік туғызады.

3. Халықаралық және отандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік базаның және тергеу мен сот практикасын ескеріп, қылмыстық құқық бұзушылық затын «мүліктік емес қызметтер, құқықтар, артықшылықтар» арқылы кеңейту мақсатында парақорлық қылмыстар бойынша олардың диспозициясын толықтыру ұсынылды: Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 366-бабының 1-бөлігіне және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 253-бабының 1-бөлігі мен 4-бөлігіне «... сондай-ақ мүліктік емес қызметтерді көрсету, мүліктік емес құқықтар мен өзге де құқыққа қайшы артықшылықтарды ...».

4. Сот-тергеу практикасы көрсеткендей, көптеген лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану бойынша істерде лауазымды адам болып табылатын адамдардың, қылмыстық жауаптылыққа тартылған екінші лауазымды адамға беделінің әсері салдарынан іс-әрекет жасағандығын дәлелдеу қиындыққа соғады және олар қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Осындай жағдайдың қалыптасуы әртүрлі шенеуніктердің квазимемлекеттік және жекеше секторға өз беделінің арқасында туыстарын, балаларын жоғары лауазымдарға орналастырады. Осы жағдайды болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-1

«Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалануға оқталу» бабын енгізу ұсынылды.

5. Квazимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар түсініктемелік аппаратында кемшіліктер анықталып, оны шешу жолдары белгіленді:

- ҚР ҚК мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының арасында «қызметтік өкілеттіктер» және «лауазымдық өкілеттіктер» ұғымдары арасында түсіністік аппаратында келіспеушіліктер бар, сондықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабының 1-бөлігінде «қызметтік өкілеттіктер» ұғымы мен «лауазымды өкілеттіктер» ұғымы арасында түсіністік аппаратында сәйкестік болу үшін «лауазымды өкілеттіктер» ұғымын «қызметтік өкілеттіктер» ұғымының орнына пайдалану керек.

- «мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектiсiнде басқарушылық функцияларды орындайтын адам» ұғымы анықтамасы мен «коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам» ұғымы анықтамасына ұқсас, бірақ кейбір белгілерінде ұғым толық емес екені анықталды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-бабының 19-тармағында ... мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйым болып табылмайтын ұйымда... деген белгіні осы ұғым анықтамасын толықтыру барысында қолдануға болады. Анықтама толық болу үшін және екі заңда анықтамаларда сәйкестік болу үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-бабына 28-2 тармағына «мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектiсiнде басқарушылық функцияларды орындайтын адам» анықтамасын енгізуді және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 2-1 тармағын «...мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйым болып табылмайтын ұйымда...» деген сөздермен толықтыру ұсынылды.

6. Квazимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының субъектiсi ретiнде заңды тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту және жаза түрлерін қолдану мәселесін шешу жолдары берілді: 1) заңды тұлғалардың кінәсі қылмыстық құқық бұзушылық үшін оның басшысы немесе басқару функцияларын орындайтын адам кінәсіне байланысты болу керек; 2) заңды тұлғаларға арнайы бұрын сонды болмаған соттылық жүктелуі тиіс; 3) жазалардың ішінен кеңінен қолданылып жүрген келесі жазаларды қолдануға болады: 1) айыппұл; 2) заңды тұлғаның қызметін шектеу, оның ішінде белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға тыйым салу. Ол үшін арнайы ашық электронды реестрге енгізу (ол сотталғандыққа ұқсас болады) – ол реестрді сотталғандығы бар заңды тұлғалар реестрі деп атау ұсынылды.

7. Квazимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимыл тиімді болу үшін келесі нақты шаралар анықталды. Келесі шараларды қолдануды ұсынамыз:

- «қоғам-мемлекет-қоғам» бағытында әртүрлі квазимемлекеттік және жекеше сектордағы қабылданған шешімдер жайлы қоғам білетіндей етіп арнайы ұялы қосымша жасау арқылы байланысқа шығуға болады;

- квазимемлекеттік және жекеше сектордағы субъектілердің қызметі жайлы азаматтардың ақпаратқа қол жетімділігін қамтамасыз ету керек, әсіресе Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі сайтында осындай мәліметтерді әртүрлі компаниялар жайлы орналастыруға болады;

- заманауи әдеп пен бизнесті адал жүргізу қағидаларын сақтау мақсатында «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жекеше сектор саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүргізетін арнайы – Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Комитетін құру ұсынылды;

- квазимемлекеттік және жекеше секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен құқықтық сананы қалыптастыру. Бұл жұмыста «Халықты құқықтық насихаттау және құқықтық ағарту туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдану қажеттілігі негізделді;

- квазимемлекеттік және жекеше секторларда сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын жолдарды жою керек. Ол үшін кез келген ұйымда басқару мен бақылаудың тиімді жүйесін енгізу керек. Егер кез келген компания басшылығы өз ұйымын бақылауда ұстай алса, онда сыбайлас жемқорлық құбылыстарына жол бермейді және оның пайда болғанында жол кесу шараларын қолдана алады. Сондықтан, осындай компанияларда тәуелсіз аудитормен қатар, қызметкерлерін полиграфта адалдыққа тексеру үшін мамандарды тарту көзделуі қажет.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы – қылмыстық құқықтың және криминологияның дамуына үлкен үлес қосады, себебі квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру және оны қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерде қарастыру бағытында теориялық көзқарастар жүйесіндегі кемшіліктер орнын толтырады.

Диссертациялық зерттеуде ұсынылған негізгі тұжырымдар қылмыстық құқықтың теориялық мәселелерін жетілдіруге көмектеседі және «Қылмыстық құқық (ерекше бөлім)», «Криминология», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» сияқты пәндерді оқытуда қолданылуы мүмкін. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл құқығы» жаңа арнайы пәнін құрастыру барысында да қолдануға болады.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы – диссертациялық зерттеу бойынша жасалған зерттеу нәтижелері мен қорытындылары қылмыстық заңнаманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру барысында заңшығарушымен, құқық қорғау және сот органдарының тәжірибесінде, квазимемлекеттік және жекеше секторларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыру барысында құқық қорғау органдарымен, кәсіпкерлік субъектілерімен тағы басқа ұйымдармен қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеу Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің қылмыстық-құқықтық кафедрасында даярланды, рецензияланды және талқыланды. Диссертация бойынша 10 ғылыми мақала жарияланды: 1 мақала «Scopus» компаниясының мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті журналында, 5 мақала халықаралық ғылыми конференцияларда, 1 мақала «Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің хабаршысы» халықаралық журналында жарық көрді.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысының құрылымы белгілер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, 8 бөлімшеден, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕ СЕКТОРЛАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҰҒЫМЫНЫҢ ДАМУ ГЕНЕЗИСІ

1.1 Квazимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылықтың тарихи қалыптасуы

Құқық тарихи кұбылыс, ол мемлекет сияқты белгілі алғышарттар мен жағдайлар туған кезде пайда болады. Сыбайлас жемқорлық белгілі жағдайлар болғанда қалыптасады. Сыбайлас жемқорлық нақты ақшатауарлық қатынастардан ажыратылу керек, себебі жүздеген, тіпті мыңдаған жылдар бойы сыбайлас жемқорлық осы қатынастармен байланысты болып отыр. Ол тауар мен ақшаның қалыпты айырбасынан ауытқудың жағымсыз нәтижесі болып келеді. Сыбайлас жемқорлық кұбылысы мемлекетпен бірге өмір сүріп келеді. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықтың тарихы толықтай квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлықтың тарихына сай келеді.

Сыбайлас жемқорлық тарихи-құқықтық аспектіде ежелгі заманда қалыптасқан.

Ш. Монтескье пікірінше: «Бірнеше ғасырлар көрсеткендей, кез келген билікке жеткен адам, оны асыра пайдаланғысы келеді, ол осы бағытта оның шегіне жетпегенше қол сұғады» [8, с. 289].

Алғаш рет сыбайлас жемқорлықпен күресті шумер патшасы Урукагин (Уруинимгин) бастаған екен, ол судьялардың билікті асырғаны мен заңсыз сыйақы алып жүрген шенеуніктерді қатты жазалаған. Ол жөнінде б.з.д. III мыңжылдыққа жататын Ежелге Вавилон жазбаларын ашқан соң белгілі болды [9, с. 24].

Ежелгі Вавилонда б.з.д. 1760 жылы заңдар жинағы қабылданды, ол ежелгі шығыстық құлиеленушілік құқықтың ерекше ескерткішіне айналды. Ол Хаммурапи патшалығының аяқталу кезеңінде қалыптасып Хаммурапи заңдары, - деп аталды. Осы құжатта сот үкімін жариялаған соң, оны өзгерткен судья жауаптылығы көзделген. В.А. Томсинов редакциясындағы мемлекет және құқық жалпы тарихы оқулығының авторлары, бұл жерде пара алған судья жөнінде жауаптылық көзделген, - деп пайымдайды [10, с. 83].

Хаммурапи заңдарында шенеуніктерді төрт мың жыл бұрын пара алғаны үшін жазалаған. Адамзат тарихы көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік аппараттың емделемес ауыруы болған» [11, с. 4].

Ежелгі Мысырда абыздық ерекше орын алды. Абыздық лауазымы пайдаға молаюға әкелді. Абыз шіркеу мүлігінің бөлігіне ие болды, оған халықтың садақасы мен жер телімдері кірді. Абыздық лауазымға ие болу үшін күрес жүргізіліп отырды. Б.з.д. VII-VI ғасырларда бұл лауазымдар күміске сатылғаны және кейбір шонжарларға параға сатылғаны белгілі [12, с. 581].

Ежелгі әлемде ақыға лауазымдар мен қатар, патша тақтарына да ие болған.

Мәселен б.з.д. 58 жылы Александриямен бірге, Мысырды б.з.д. 80 жылдан бастап басқарған Птолемей XII Авлет жергілікті халықпен қуылған болатын. Птоломей Авлет Римге қашып өз тағын қайтармақ болды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін ол рим сенаторларына және Помпей мен Цезарь қолбасшыларына (6000 таланттан асатын) ірі пара берді. Сонымен бірге, халық трибуны Сирия проконсулы Авла Габинийге 10000 талант беремін деп уәде жасаған. Осы ұмтылыс нәтижесінде өз дегеніне жетті. Б.з.д. 57 жылы Сенат шешімімен Птолемей Авлетті таққа отырғызу мақсатымен Мысырға әскери экспедиция жіберілді, ал б.з.д. 55 жылы рим әскерлерінің көмегімен Птолемей XII Авлет перғауын ретінде таққа отырды [13, с. 279].

«Алайда, Рим мемлекетінде сыбайлас жемқорлық қылмыс ретінде саналды. Мысалы, XII кесте заңы бойынша (б.з.д. 451-450 жж.) параға сатып алу үстінде ұсталған судья өлім жазасына кесілген. Алғашқы кезде, рим құқығының қалыптасуы XII кесте заңын түсіндірумен сипатталады. Оны потификтер жүзеге асырған. Кейіннен түсіндіру дәстүріне айналған потификтер жазбалары (*commentarii pontificum*) қалыптасты. Уақыт өте келе, рим азаматтарына ғана қолданылатын XII кесте заңы ұлттық рим заңнамасының нормалар жүйесін қалыптастыруға негіз болды.

Рим мемлекетінде заңдарды қабылдайтын заң шығарушы орган ретінде халық жиналыстары болды. Заңнамалық қызметі кең сипатта болды, бірақ біздің заманға дейін кейбір заң актілері ғана жеткен екен. Олардың кейбірі сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған. Мәселен, XVI ғ. табылған рим заңдарының бөліктері бар 11 мыстан жасалған тақтайшалардың бірінде парақорлықпен күресу ережесі (*lex repetundarum*) белгіленген. 1790 ж. табылған Луканиядағы *Varia* ежелгі қаласының орнында Гракхтар уақытының қола тақтайшасында (*tabula Bantina*) парақорлық туралы ережелер (*repetundae*) көзделген» [14, с. 126].

Рим заңнамасы көрсеткендей, көптеген парақорлық әрекеттер мемлекеттік қылмыстар қатарына жатқан, бірақ ол замаңғы заңнама бойынша ол мүліктік қылмыстар қатарына жатқан екен.

Б.з.д. 59 жылы *lex Julia repetundarum* заңы қабылданды, ол ереже бойынша қызметтік міндеттерді бұзып пара алғаны үшін лауазымды адамдар жазаланған. Осында қылмыстарды жасағаны үшін қуылу немесе одан да қатаң жазалар берілген [10, с. 353].

Парақорлық рим соттарында қалыпты жағдайға айналған болатын. Онымен белсенді күрес жүргізілді. Б.з.д. II ғасырда сенаторлардан құрылған қорқытып алушылық пен парақорлық істері бойынша сот алқасы құрылған болатын. Бұл инстанция Тұрақты комиссия деп аталды [15, с. 212]. Осы комиссия атауы көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық рим қоғамы үшін кең құбылысқа айналған, себебі онымен күрес жүргізу үшін арнайы орган құру керек болған.

Рим соттарының терең сыбайлас жемқорлыққа енуін дәлелдейтін келесі жағдай болған. 110 ж. Римде нумидиялық патша Югурт бірнеше рет атақты рим

саясаткерлері мен рим әскери қолбасшыларын сатып алғаны жөнінде үстінен сот отырысы өткізілді. Бірақ Югурт судьяларды сатып алып қайтадан жазаланудан босап кетті [16, с. 345].

Сыбайлас жемқорлық соттан басқа органдарда да орын алды. Мемлекеттік құрылымдарды қалыптастырудың бір шартына да айналды. Мәселен, Юлий Цезарь қайтыс болған соң, сенат пара берген немесе таныстықпен алынған мыңдаған адамдардан тұрған. IV-V ғғ. Рим императорларының саясаты кең билікке ие болған шенеуніктерді көбейту болған. Бұл шенеуніктер әскерін бақылау мүмкін болмады. Тыңшылық жүйесін кеңінен енгізу және шенеуніктерді өзара бақылау қажетті тиімді нәтижеге әкелмеді. Құпия полицейлер санын ұлғайту тек сыбайлас жемқорлар санын ұлғайтты. Сатып алу мен заңсыз иелену күнделікті әрекетке айналды [17, с. 217].

Сондықтан, рим шенеуніктерінің сыбайлас жемқорлығы мен бақылаусыздығының нәтижесі Рим империясының құлауына әкелді.

Ежелгі Грекияда да парақорлықпен күрес жақсы жолға қойылмады. Неміс тарихшысы К.Ю. Белох грек тарихын зерттей келе, ежелгі грек ұлтының кемшілігі берілген сөздеріне сенім мен құрметтің болмауынан екендігін айтты [18, с. 48].

Осы жағдайлар грек судьялары мен мемлекеттік шенеуніктерінің сатып алуларына алғышарттар туғызды. Грек соттарында сатып алулар күнделікті болып отырған.

Ол туралы Аристотель: «Лауазымға ие болған адамдар сатып алуға жеңіл жатқан және мемлекеттік істерін өз пайдасына құрбандыққа шалғандар», - деп жазған [19, с. 432].

Афиндік саяси қызметкер Солон Афинада мемлекеттік адамдардың адалсыздығын атап көрсеткен. Ежелгі грекияда сатып алулар арқылы кез келген нәрсеге көндіруге болатын адамдарды табу жеңіл болған екен. Алайда, саяси қарсыласты жою қажет болғанда, көп жағдайда оны сатып алуда немесе қоғамдық мүлікті иеленуде айыптау жеңіл болды. Ол кез келген жағдайда көмектесті, себебі ол әрекетке барлығы қатысты болған. Мәселен, пара алуда Афинаның бірінші адамдарының бірі – Кимон сәтсіз әскери ұрыстан қайтып оралған соң айыпталған еді. Оны македон патшасы Александр I сатып алғаны жөнінде кінә тағылды. Патшаларды да парақорлықта айыптау мүмкін болды. Мысалы, Спартада патша Плистоанакт пен оның кеңесшісі Клеандрид Периклмен сатып алынды деп қудаланды [18, с. 95].

Сыбайлас жемқорлық ежелгі заманның құлдырауы кезеңінде кең етек алды, себебі мемлекеттік аппарат қалыптасты және мемлекеттік шенеуніктердің саны ұлғая түсті [20, с. 306].

Ежелгі тарихшы Иосиф Флавий «Еудейлік ежелгілер» (Иудейские древности) атты атақты кітабында Ежелгі Иудеде сыбайлас жемқорлық жөнінде айтып өтті. Автор Иосафат патшамен мемлекеттің барлық қалаларында судьяларды тағайындағаны жөнінде айтты. Ол судьяларға халықты соттауда тек әділдік негіздеріне басты көңіл бөлгені жөнінде айтып, сыйға және

сыйақыға сатып алынуудан бас тартып жүруі тиіс екеніне басты назар аудартты, сондай-ақ, сот бәріне тең болуы тиіс екенін көрсетті... Патшаның осындай ұсынысы судьялар арасында сыбайлас жемқорлық фактілеріне қарсы әрекет етуі болып табылды. Алайда, библиялық пайғамбар Самуил (б.з.д. XI ғ.) оның ұлдары Иоиль, Авия Вифил мен Варсувқа судья болып тағайындалған кезде сыйақылар мен сыйлықтар алып әділеттікті бұзып, ақиқатқа сай келмейтін сот шешімдерін шығарған [21, с. 300].

Иудейлердің сыртқы саясатының құралы ретінде параға сатып алу қолданылды. Иосиф Флавий келесі жағдайды сипаттайды, иудейлердің патшасы Ирод әскери қолбасшы және ежелгі саясаткер Марк Антонийдің айыптауларынан ақталу үшін оны параға сатып алды. Пара арқылы әскери ұрыстарда шешіле басталды. Мәселен, Ирод патшаның басқаруы кезеңінде Антигон басқарған парфяндар иудейлік бекініс Масадты басып алды. Бекіністі қорғаушыларға көмекке рим қолбасшысы Вентидий жіберілді. Алайда, оның нақты мақсаты Антигоннан пара алу болатын. Вентидий Иерусалимге жақын жерде орналасты және Антигоннан пара алғаннан кейін әскерлердің көп бөлігімен кетіп қалды. Өзінен пара алғаны жөнінде күдікті кетіру үшін Вентидий Силон басшылығымен кішігірім әскер тастап кетті. Алайда Антигон оны да параға сатып алды. Бекіністі босату үшін патша Ирод қз әскерімен құтқаруға келген еді [22, с. 111].

Ежелгі Үндістанды көптеген зерттеушілер адамзат бесігі ретінде атайды.

Ежелгі Үндістанның ведикалық даму кезеңінде (б.з.д. II мыңжылдықтың ортасы - б.з. I мыңжылдықтың бірінші жартысы) ерте мемлекеттік қалыптасты. Алғашқы ірі мемлекеттер Ганг аңғарында пайда болады, бұл шенеуніктердің пайда болуына әкеледі. Мұның бәрі мемлекеттік билік теориясы мен басқару принциптерін жобалаудың алғышарттарын туғызады. Сол кездегі ең маңызды саяси трактаттардың бірі - Артхашастраның шығармасы, оның авторы Мавритания патшасы Чандрагуптаның басты абызы Каутиля болып саналады. Артхашастрада ішкі тәртіпсіздік сыртқы жағдайдан да қауіпті деп мәлімденді, өйткені ол тіпті патша ауласы мен оның жақын серіктестерінің арасында сенімсіздік тудырады. Ішкі күйзелістердің алдын алу үшін Каутиля патшаға құпия қызметті дамытуды, саясатта құпия құралдарды қолдануға және атақты адамдарға пара беруге кеңес береді [23, с. 165].

Демек, Ежелгі Үндістанда сыбайлас жемқорлық мемлекеттік басқару әдістерінің бірі ретінде қарастырылды.

Сыбайлас жемқорлық ежелгі Қытайда да белгілі болған. «Хань Фэй-цзы» тарихи ескерткіштерінің бірінде Хань Фэяның (б.з.д. 233 ж.) көзқарастары көрсетілген - орталықтандырылған мемлекет құруға және билеушінің күшін нығайтуға қолдау көрсететін. Бұл ойшыл мемлекеттерде адамдарды ауыр жұмыс жасау жазасынан босату үшін шенеуніктер пара алу қылмысын жасаған, - деп көрсетті. Ол мұндай пара алушыларды мемлекетті бұзатын бес санаттың біріне жатқызды [24, с. 275].

Ежелгі Ресейде сыбайлас жемқорлық туралы VIII ғасырдың орыс шежірелерінде айтылған. Ежелгі Ресейдегі сыбайлас жемқорлықпен күрес III Иван патшалығынан басталды. Иван Грозныйдың сот ережелері бірінші рет параға тыйым салды - «уәделер», баждар түріндегі санкцияларынан бастап өлім жазасына дейін қолданылды.

Сыбайлас жемқорлық Ресейде XVIII ғасырда жаппай, жалпы зұлымдыққа айналуға. I Петрде сыбайлас жемқорлықпен күресуге тырысты, ол өлім жазасының төртке бөлу және дарға асуға дейін әр түрлерін енгізді (1713 жылғы 23 тамыздағы, 1714 жылғы 24 желтоқсандағы, 1724 жылғы 5 ақпандағы жарлықтары). Сібір губернаторы князь Матвей Гагарин және бас фискал (бас прокурор) Алексей Нестеров және басқалары пара алғаны үшін өлім жазасына кесілді, бірақ бәрі бекер болды [25, с. 22].

Қазақ құқығы өз бастауын XIII ғ. өмір сүрген, қазақтың көне «үйсін» руынан шыққан Шыңғыс ханның «Орда биі» атанған Майқы биден алатындығы шүбә келтірмейтіні шындық. Қазақ құқығының жүйеленген қайнар көзі болып «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» атты ережелер жинағы есептеледі [26, б. 34].

Академик Ә. Марғұланның айтуына қарағанда «Қасым ханның қасқа жолында» әдет ғұрып құқығы нормаларының бес саласы қамтылған. Олар: 1) мүлік заңдары (жер дауы, мал, мүлік); 2) қылмыс заңы (ұрлық, кісі өлтіру, талау, шабу); 3) әскери заң (аламан міндеті, қосын жасау, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат); 4) елшілік жоралары (майталмандық, шешендік, халықаралық қатынасында сыпайылық, әдептілік); 5) жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, бекеуіл, тұтқауылдардың міндеті) [27, б. 123].

«Есім ханның ескі жолы» Есім ханның қағидасы бойынша жасалған қылмыстар үшін ауыр жазаның үш түрін белгіледі: 1) Жан жазасы. 2) Мал жазасы. 3) Ар жазасы. Бірінші қылмыскерге өлім жазасын берді. Екіншісіне құн төлеу жатады. Үшіншісіне елден қуу немесе бетіне күйе жағып, мойнына құрым іліп, қара есекке теріс мінгізіп ауылды айландырып, масқаралау жатады [28, б. 147].

1684 жылы Тәуке ханның кеңесінде қабылданған «Жеті жарғы» ежелден қалыптасқан қалып-қағиданың, әдет ғұрыптың, тәртіп тағылымның айнасы іспеттес бірден бір үлгілі нұсқа болатын. Н. Әбуталиев пікірінше, асылында «Жеті жарғы» әу бастан ауызша жатталып, елден елге ұрпақтан ұрпаққа таратуға ыңғайланып жасалған. Онда бірінші бап - жер дауы, екінші бап - үй іші тіршілігінің жүйе жүйе саласы, үшінші бап - ұрлықты тыю, әлеуетті адалдыққа, еңбек етуге үндеу, соған тәрбиелеу, төртінші бап - ел ішіндегі дау жан-жалды әділдікпен шешу, бесінші бап - Отанды қорғау, қасақы жаумен қасық қалғанша шайқасу, сардар сайлау, ауызбірлікті болу, алтыншы бап - құн дауы, жетінші бап - жесір дауы, - көзделген [29, б. 230-231].

Қазақтың ежелгі заңдарын талдау көрсеткендей, біздің пікірімізше, паракорлық қазақ даласындағы қоғамға жат қылық болған. Оны дәледейтін

бірнеше себептер бар: 1) Қазақ елі еркіндікті жеңілдікпен алмаған тек адал болу арқылы ғана елде сенімдік пайда болған; 2) қазақ даласындағы билер соты шындық пен әділдікке жетуді түпкі мақсат етіп қойған; 3) Би болу халықпен ғана танылған. Сондықтан елде келесі мақал-мәтелдер қалыптасты: «Әділсіз болса би оңбас, әйелсіз болса үй оңбас», «Атаңның құлы айтса да, әділдікке бас и», «Би төрттің құлы: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік».

Академик С.З. Зиманов билер жайлы былай деп жазды: «Дауды қарастырудағы қарапайымдылық, сот әділдігі мен дәлелдеу бостандығының қамтамасыз етілуі, тараптардың және процеске қатысушылардың әрқайсысының өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі, тараптарды татуластыруға тырысу және соттық шешімдердің тіпті кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындалған кезде де қоғамның алдындағы әділеттігі мен логика заңдарына сай болуын қамтамасыз ету билер сотының формасы мен мазмұнын құрады. Ақырғы соттық шешім шығару жауапкершілігін иеленген би, жасына, жастығына қарамастан ертедегі, өз дәуіріндегі данышпан қарияларға ұқсап бақты. Соттық функцияны атқарған бидің өз пікірін білдіруінде және іс әрекеттерінде еркіндік көп болды. Бірақ оны халық жіті қадағалап отырды» [26, б. 35-36].

Қазақ жері XVIII ғасырдың 30 жылдарында Ресей қарауына кірді, бірақ Ресей империясының заңнамасы қазақ еліне бірден кірмеді, қазақ әдет құқығы қолданылып жүрді, Ресей империясының заңнамасы ене бастады.

1845 жылғы Заңдар жинағында 401 бабында алған парадан екі есе көп айппұл төлеуге жазаланған [30, с. 390].

Д.Я. Самоквасов Орта жүздегі 1824 жылғы жазбаларға негізделіп, қазақтың құқығы жөнінде және парақорлық туралы келесіні көрсетті: «Судьяға қатысты күдік заңды болады, егер ол пара алса, сотталушымен туыстық қатынаста болса кінәлі, - деп танылады» [31, с. 128].

1864 ж. сот реформаларына қатысты ғұлама ғалым Ш. Уәлиханов былай деп жазды: «1822 жылы Сперанский Сібір заңдарының жинағын құрастырды да, 1824 жылы бұл заң қазақ даласында да қолданылды. Өзіндік әдет-ғұрпы, ой-тірлігі бар көшпелі сауатсыз халық аты-жөні жоқ, күтпеген жерден толып жатқан сатылы басшылығы, олардың көп бөлшекті бағынышты тармақтары, түрлі атаулы сатысы бар бюрократтық орталыққа бағынды. Бұл әкімшілік жүйесі осыған дейін қазақ былай тұрсын, орысқа да түсініксіз еді» [32, с. 167].

1876 жылы сыбайлас жемқорлық белгілері бар қылмыстар жайлы Г. Загряжкий «Қырғыздардың заң әдептері» «Юридический обычай киргиз» атты материалдарда былай жазды: «Егер би өзі сыйлықты талап етсе және әділетсіз шешім шығарса, онда ол судья, би атағынан айыпқырылып, адамдар қарғысына ұшыраған екен» [33, с. 280].

Сонымен, қазақ даласында парақорлық әрекеттері тікелей судья – би атымен байланысты болды, себебі оның шешімдерінің адалдығы сот шешімінің әділетті болуына алып келіп отырды. Алайда, Ресей империясының сот

жүйесіне енуі, көпшілік қылмыстарға қатысты істердің шекаралық соттармен қаралуына әкелді.

Мәселен, 1786 жылдың 3 қазанында Орынбор шекаралық соты ашылды. Онда Ресей империясының заңдары мен ережелері қолданылды [34, с. 414].

Қазақтың алғашқы қылмыстық құқығының негізін салушы құқықтық акті ретінде 1885 жылы қабылданған Абай Құнанбайұлының «Қарамола ережесін» айтуға болады. М.Д. Қаражанов пен А.Қ. Қанатовтың пікірінше, Абай жазған «Қарамола ережесінің» оннан астам бабы қылмыстық құқық пен жазаға арналған екен [35, б. 67].

1903 жылы Ресейде «Қылмыстық ереже» қабылданды, оған 1885 жылғы Қылмыстық және түзету жазалары туралы Ережедегі лауазымды қылмыстар жөнінде нормалар енгізілді. Сөйтіп, қылмыстық ережеде қызмет бабындағы әртүрлі қылмыстарды өзінің ерекше бөліміндегі әртүрлі тарауларында қарастырып, оларды мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі қылмыстар деп ажыратты [36, б. 13].

Қазақ төңкерісіне дейін Ресейде лауазымды адам ұғымына толық анықтама бере алмады, себебі қазақ даласында қызметкер және лауазымды адам ол бір тұлға ретінде танылып отырды.

1918 жылы 8 мамырда «Парақорлық туралы» РКФСР-дің декреті қабылданады. Онда «өз қызметін пайдаланып пара алғаны» жөнінде қылмыстық жауаптылық көделген. «Параны талап еткені үшін» қылмыстық жауаптылық сараланған белгі қатарына жатқан [37, 326.].

1922 жылғы Қылмыстық кодекстің 105-бабының түсініктемесінде «қандай да бір мемлекеттік (кеңестік) мекемеде немесе кәсіпорында, сондай-ақ шаруашылық және басқадай қоғамдық міндеттерді жүзеге асыруға заң бойынша құқығы, міндеті және өкілеттігі бар ұйымдарда немесе бірлестіктерде тұрақты немесе уақытша қызмет атқаратын адамдар» лауазым иелері деп танылған. Нәтижесінде қылмыстық заңның күші қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді және қызметтегі, жұмыстағы лауазымдық теріс қылықтардың көпшілігіне тарады [36, б. 14].

1926 жылғы РКФСР-дың қылмыстық кодексінде парақорлық үшін жауаптылықты көздейтін толық қанды баптар пайда болды. 117-бапта парақорлық ретінде лауазымы бар адамның өз пайдасы үшін немесе біреудің пайдасы үшін тікелей немесе басқа адамдар арқылы пара алуын айтады [38, с. 56].

А.А. Смағұловтың пікірінше, 1959-1962 жылдары қабылданған заңдарда кәсіпорында, мекемеде, ұйымда ұйымдастырушылық-билікті немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді атқарушыларды лауазымды тұлға деп тауып қылмыстық жауаптылыққа тартып отырды [36, б. 15].

Кеңестік өкіметте «сыбайлас жемқорлық» термині тек 1980 жылдардың аяғына қарай ене бастады. Ол термин орнына «парақорлық», «қызмет бабын асыра пайдалану» сияқты ұқсас ұғымдары қолданылып келді.

Кеңестік дәуірде мүліктің барлығы мемлекеттік болуына байланысты «сыбайлас жемқорлық» тек қана мемлекеттік сипатта ғана болды, ал квазимемлекеттік сектор мен жеке секторлар кеңес мемлекеті ыдырағаннан кейін және нарықтық экономика қалыптасуына байланысты пайда болды.

Жалпылама түрде, тарихи кезеңдерді келесідей жіктеуге болады деп есептеймін:

1-кезең «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін ежелгі жазбалы нормалар кезеңі» (б.з.д. III мыңжылдықтан бастап IV-V ғғ.);

2- кезең «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жазбалы заңдар шығу кезеңі» (VIII-XIII ғғ.);

3-кезең «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Қазақтың дала заңдарының кезеңі» (XIII-XVIII ғғ.);

4-кезең «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ресей реформаларының кезеңі» (XVIII-XIX ғғ.);

5-кезең «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Кеңестік кезең» (1918-1991 жылға дейін);

6-кезең «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Тәуелсіз Қазақстан кезеңі».

Сонымен, тарихи дамуында квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық жалпы паракорлық және пара алу, сыйақы алу терминдерінің қалыптасуымен бірде болды. Алайда, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған кезеңнен бастап және нарықтық экономикада жеке сектор мен квазимемлекеттік сектордың қарқынды дамуы осы саладағы қылмыстық әрекеттердің көбеюіне әкелді. Сондықтан, квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық ұғымын толық сипаттауды талап етіп отыр.

1.2 Квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық ұғымының қазіргі қалыптасуы

Сыбайлас жемқорлық ұғымын теориялық тұрғыдан дұрыс түсінудің жаңа кезеңі XIX және XX ғасырдың кезегі болды. Кең таралған сыбайлас жемқорлықтың анықтамасын Дж. Сентурия былай береді: «жеке пайда табу үшін қызметтік жағдайды пайдалану» немесе «жеке басының мүддесі үшін жария билікті асыра пайдалану» [39, с. 333].

С.М. Рахметов пен И.Ш. Борчашвили пікірінше, «әртүрлі уақытта және әр түрлі елдерде сыбайлас жемқорлықтың болуы онымен күресудің қажеті жоқ дегенді білдірмейді. Егер оған қарсы әрекет етпесеңіз, уақыт өте келе сыбайлас жемқорлық пен паракорлық барлық маңызды мемлекеттік құрылымдарға еніп, оның жолындағы барлық нәрсені жояды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық әрдайым және барлық жерде бірдей көрінеді, оның себептері мен зардаптары бірдей деп есептеу дұрыс емес. Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлықтың деңгейі әртүрлі елдерде бірдей емес. Оның деңгейі бірқатар факторларға байланысты. Мұнда ұлттық менталитет, құқықтық, діни және ұлттық дәстүрлер, оған ел басшылығы тарапынан қарсы тұруға деген ұмтылыс шешуші мәнге ие болады, - деп көрсетті [40, с. 33].

Сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық салаларына үнемі әсер етеді. Біріншіден, бұл ұлттық экономиканы бәсеңдетеді, құқық қорғау және мемлекеттік органдардың жұмысын тоқтатады, елдегі инфляцияны арттырады, білім сапасын төмендетеді, шағын және орта бизнестің дамуына кедергі келтіреді, кедейлікті арттырады, елдегі халықтың өсуіне әсер етеді. Жалпы алғанда, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық салаларына теріс әсер етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа өмірдің келесі салалары әлеуетті түсуі мүмкін: мемлекеттік сатып алулар, жер, салықтар мен баждар, түрлі мемлекеттік лауазымдарға тағайындау мәселелері, лицензия беру, несиені рәсімдеу, квоталар, сотқа дейінгі тергеу, құқық қорғау, білім беру, мектепке және мектепке дейінгі мекемелерге қабылдау, тендерлер, жоғары оқу орындарына, колледждерге гранттар беру, жоғары оқу орындары мен оқу орындарын аккредиттеу, бюджет қаражаты есебінен жоғары ақы төленетін жұмысқа, конкурстарға қатысу, жеке сектордағы компаниялардың жұмысы, коммерциялық ұйымдардың лауазымды қызметтеріне қабылдау, конкурстардан тыс қабылдау т.б.

Жалпы қабылданған түсініктеме бойынша сыбайлас жемқорлық тек мемлекет мүддесіне қатысты мемлекеттік лауазымды адамдармен жасалады деген пікір қалыптасқан. А.В. Наумовтың пікірінше, сыбайлас жемқорлықтың ерекшелігі, қызмет мүдделеріне қайшы келетін әрекеттерді оны мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдары, мемлекеттік кірістерді мемлекеттік бюджеттен ақша аударымдары арқылы алатын адамдар жасауында болып табылады [41, с. 121].

«Сыбайлас жемқорлық» сөзі (латынның «*corrupt*» сөзінен) көптеген мағынаға ие болып келеді: бүліну, құлдырау, парақорлық, азғыру, бүліну, бұзылу, ренжіту, бұзу, бұрмалау, арамдау, ар-намысты қорлау; «со» префиксі көп мағыналы «*corrupte*» етістігімен бірге қолданылады (бұзу, сындыру, заңды бұзу, келісім шартты бұзу), сыбайлас жемқорлық - бірнеше субъектілердің әрекеті екенін білдіреді. Сонымен қатар, латынның «*corruptio*» «парақорлық», «жемқорлық» деген мағынаны білдіреді; «жемқор» етістігі «біреулерді ақша немесе басқа материалдық құндылықтармен сатып алу» дегенді білдіреді. Рим құқығында «*corruptio*» сөзі «бұзу, бүлдіру, жою, бүлдіру, жалғандық жасау, сатып алу», сондай-ақ «азғыру, құлдырау, бұрмалану, нашар жағдай» дегенді білдіреді [42, с. 1].

Сыбайлас жемқорлық ұғымының жалпы қабылданған түсініктемелерімен қатар, латынша «*corruptio*» сөзі «*cor*» (жүрек, жан, рух, себеп) және «*ruptum*» (бүлдіру, жою) деген екі түбір сөзден шыққан деген пікір бар. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың мәні лауазымды адамдарға пара беру, оларды байыту емес, әлеуметтік жүйенің, соның ішінде мемлекеттік билік жүйесінің біртұтастығын (ыдырауы, жойылуы) бұзу, мемлекеттің заңды мүдделеріне опасыздық жасау, қоғамдағы өз мүддесін пайдаланып жеке мақсаттар мен пайдақорлық мақсатта қолдану [43, с. 7].

Қылмыстық құқық ғылымындағы сыбайлас жемқорлық ұғымы әлі күнге дейін даулы болып келеді. «Сыбайлас жемқорлық» ұғымына қатысты авторлық пікірлердің ерекшелігі оның көлемі жағынан түсіндіруінде болып келеді. «Сыбайлас жемқорлық» ұғымын тар түсіндірудің жақтаушылары оны шенеуніктердің параға сатып алынуы мен сатылуы деп сипаттайды. А.И. Долгова және С.В. Ванюшкин пікірінше, сыбайлас жемқорлық дегеніміз - «мемлекеттік және басқа қызметкерлердің параға сатылуы мен сатып алынуымен сипатталатын әлеуметтік құбылыс, сондай-ақ осының негізінде олардың жеке немесе тар топта бедел мен оларға қатысты мүмкіндіктерді пайдакүнемдік немесе жеке мақсатта пайдалануы», - деп көрсетті [44, с. 501]. Ұқсас анықтаманы Н.Ф. Кузнецова да береді. Сыбайлас жемқорлық, оның көзқарасы бойынша, «кейбір адамдарға басқалардың пара беруінен көрінетін әлеуметтік жағымсыз құбылыс» [45, с. 21].

«Сыбайлас жемқорлық» ұғымының кең түсіндіруінің авторлары мен жақтаушылары оны лауазымды адамның кез келген пайдакүнемдік әрекеті ретінде түсінеді. Мәселен, Г.Н. Борзенков сыбайлас жемқорлықты «шенеуніктің өзінің қызметтік жағдайын әкімшілік аппаратты ыдыратуға бағытталған жеке бас пайдасы үшін пайдакүнемдік мақсатта пайдалану» деп түсінеді [46, с. 30].

В.С. Комиссаров сыбайлас жемқорлық анықтамасында «өз өкілеттіктерін басқару субъектісінің жеке мүдделеріне қолдану», - деп көрсетеді [47, с. 26].

Б.В. Волженкиннің пайымдауынша, сыбайлас жемқорлық дегеніміз - «мемлекеттік (муниципалды) қызметкерлер мен мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген басқа адамдар өздерінің қызметтік жағдайын, мәртебесін және лауазым өкілеттіктерін пайдакүнемдік мақсатта жеке басының мүддесі үшін немесе топтық мүдделер үшін пайдаланған кезде биліктің ыдырауынан болатын әлеуметтік құбылыс», - деп түсінеді [48, с. 47].

А.И. Кирпичниковтың пайымдауынша «жемқорлық - бұл биліктің тотануы. Тот металды бүлдіргендей, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік аппаратты бұзады және қоғамның өнегелілік қағидаларына нұқсан келтіреді. Сыбайлас жемқорлық деңгейі қоғамның өзіндік бір барометрі, оның өнегелілік жағдайының көрсеткіші және мемлекеттік аппараттың өз мүдделерінде емес, қоғам мүдделеріне қатысты мәселелерді шешуге қабілеттігі. Металдың коррозияға арналған қажуы оның төзімділік шегін төмендетуді білдіретіні сияқты, жемқорлықтан қоғамның қажуы оның қарсылығын төмендетуді білдіреді» [49, с. 15].

Көптеген мемлекеттерде (Австрия, Ұлыбритания, Дания, Үндістан, Қытай, АҚШ, Швейцария, Финляндия және т.б.) «сыбайлас жемқорлық» ұғымы мұндай елдердің қылмыстық заңнамасында жоқ. Бұл елдердің заңдары белгілі бір құқық бұзушылықтар үшін тек нақты санкцияларды қарастырады: «пара», «параға сатып алу», «билікті асыра пайдалану» және т.б.

Басқа елдерде «сыбайлас жемқорлық» ұғымы нормативтік құқықтық актілерде анықталған, бірақ «сыбайлас жемқорлық» ұғымының анықтамасы жоқ.

Германия Федеративті Республикасында сыбайлас жемқорлық дегеніміз - мемлекеттік қызметте де, квазимемлекеттік секторда да немесе өз бастамасы бойынша қоғамға зиян немесе залал келтіретін (мемлекет немесе саяси функцияларды орындау кезінде) немесе кәсіпорында (жеке немесе квазимемлекеттік сектордағы қызмет) өзіне немесе үшінші жаққа артықшылықтар алу мақсатында өзінің қызметтік жағдайын теріс пайдалану деп түсіндіріледі [50, р. 3].

Шетелдік заңнаманы талдай келе, Жапонияда сыбайлас жемқорлық жеке бас пайдасы үшін мүліктік және мүліктік емес игіліктерді заңсыз алу үшін лауазымдық және қызметтік жағдайды қасақана пайдаланудан көрінетін құқыққа қайшы іс-әрекет ретінде анықталады. Грецияда сыбайлас жемқорлықтың анықтамасына ақшалай қаражаттар, сыйлықтар, уәделер, сондай-ақ мемлекеттік және муниципалды қызметкерлердің қызметтік міндеттеріне кірмейтін кез келген жанама артықшылықтар кіреді. Венесуэлада сыбайлас жемқорлық дегеніміз - мемлекеттік қызметшілердің қызметтік жағдайды пайдалану арқылы заңсыз баюы. Сонымен бірге, Венесуэланың қылмыстық заңнамасы сыбайлас жемқорлықты 3 топқа бөледі: тікелей сыбайлас жемқорлық (билікті теріс пайдалану, заңсыз баю, қорқытып алу), жанама сыбайлас жемқорлық (ықпал ету, пара беру, саяси параға сатып алу), басқару жүйесіндегі әлсіздіктерді пайдаланатын сыбайлас жемқорлық (мемлекеттік меншікті немесе ақшаны қасақана иелену, ақпаратты теріс пайдалану немесе жасыру) [51, с. 380-381].

Сонымен, «сыбайлас жемқорлық» ұғымына теориялық талдау көрсеткендей, ол тек мемлекеттік секторға ғана қатысты. Бұл сектор квазимемлекеттік және жекеше сектор сияқты көптеген мемлекеттердің, тіпті дамыған елдердің заңнамасынан тыс қалып отыр. Мұндай секторлардың «сыбайлас жемқорлық» ұғымының анықтамасына енуі кейбір лауазымды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы туралы мәселені шешер еді.

Халықаралық ұйымдардың деректері бойынша квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлықтың қаупін оның мемлекеттік сектордағы ауқымдарымен толық салыстыруға болады [4].

С.Д. Красноусов жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық билікті асыра пайдалану, коммерциялық пара алу және заңсыз сыйақы алу түрінде көрінеді деп есептейді [52, с. 8].

П.И. Левченко ойынша, коммерциялық пара алу үшін заңды жауапкершілікті қарастыратын ережелер коммерциялық ұйымдардағы қызмет тәртібін бұзады, оларға мүліктік залал келтіреді және жария құқық аясындағы қылмыстардың жасалуына алғышарт болып келеді [53, с. 121].

Сөйтіп, квазимемлекеттік сектор мен жекеше сектор ұғымдарын дұрыс сипаттаған жөн.

Квазимемлекеттік сектор анықтамасы бірден бір актіде көзделмеген екен. Оның анықтамасын ғылыми еңбектердің бірінде авторлар тобы (М.Д. Қаражанов, Ж.К. Қаражанова және Д.А. Жампеисов) келесідей беріп отыр: «квазимемлекеттік сектор деп мемлекетпен құрылған мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын субъектілердің қызметін қамтитын бизнес секторы» [54, с. 191].

Алғаш рет заңды түрде квазимемлекеттік сектор субъектілері ұғымын 2008 жылғы 4 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» енгізді. Бюджет кодексінің 3-бабының 31-тармағына сәйкес «квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар» [55]. Осы субъектілер жасаған сыбайлас жемқорлығы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар қатарына жатады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерін мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға жатқызу 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 4-тармағымен көзделген еді [56].

А. Шпекбаевтың өз сөзінде, осы саладағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар санының өсуі жөнінде қылмыстық статистиканы былай көрсетеді: «Егер 2016 жылы 137 қылмыс тіркелсе, 2017 жылдың 4 айы бойынша 51 тіркелген, яғни 1,5 есе өсті. Қылмыстық статистика көрсеткендей, олардың 55% мемлекеттік сатып алулар саласында тіркелген. Алайда, квазимемлекеттік сектор саласында оның көлемі 3-5 есе мемлекеттік сатып алулар саласынан қарағанда артық», - деп айтты [57].

Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық мемлекеттік билік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа теңелген болса, жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық мәселесі толық айқындалмаған.

Жеке сектор біздің елде жеке меншік саласындағы экономика секторын білдіреді, бірақ халықаралық-құқықтық актілерде жария салаға қарсы келетін жеке саланы көздейді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы 12-бабының 1-тармағына сай әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес жеке секторда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, бухгалтерлік есеп пен аудит стандарттарын

күшейту және осындай шараларды сақтамағаны үшін азаматтық-құқықтық, әкімшілік немесе қылмыстық санкциялардың, тиісті жағдайларда, тиімді, мөлшерлес және тежемелі ықпалын белгілеу жөнінде шаралар қолданады [58].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 21-бабын талдау көрсеткендей, жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық екі нысанда болады: а) жеке секторды ұйымдастыру жұмысына басшылық ететін немесе кез келген сапада, осындай ұйымда, осындай адам немесе басқа адам үшін жұмыс істейтін адам өзінің міндеттерін бұза отырып қандай да бір әрекет немесе әрекетсіздік жасауымен тікелей өзі немесе делдалдар арқылы қандай да бір заңсыз басымдылыққа уәде беру, оны ұсыну немесе беру; б) жеке секторды ұйымдастыру жұмысына басшылық ететін немесе кез келген сапада, осындай ұйымда, осындай адам немесе басқа адам үшін жұмыс істейтін адам өзінің міндеттерін бұза отырып қандай да бір әрекет немесе әрекетсіздік жасауымен тікелей өзі немесе делдалдар арқылы қандай да бір заңсыз басымдылықты қорқытып алу немесе қабылдау [58].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында тікелей жеке сектор анықтамасы жоқ, бірақ оның анықтамасын жария сектор анықтамасын талдау арқылы анықтауға болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын 7-бабының 1-тармағына сәйкес «Жария сектор» ретінде әрбір Қатысушы мемлекет тиісті жағдайларда және өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес азаматтық қызметшілердің және тиісті жағдайларда сайланып қойылмайтын жария лауазымды адамдарды жұмысқа қабылдау, іріктеу, қызмет атқаруы, қызметі жағынан өсуі және өз еркімен орнынан түсу сияқты жүйені құруға, қолдауға және нығайтуға ұмтылады [58].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының тікелей мазмұнын талдау көрсеткендей, жария сектор – бұл жария лауазымды тұлғалар қызметін қамтитын сектор. Сондықтан, жеке секторда жария лауазымды тұлғалар қатыса алмайды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 2-бабының «а» тармағына сәйкес «жария лауазымды тұлға» дегеніміз: i) Қатысушы мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік немесе сот органында тұрақты немесе уақытша негізде еңбекке ақылы немесе ақысыз, осы тұлғаның лауазым дәрежесіне қарамастан, қандай да бір қызмет атқаратын кез келген тағайындалатын немесе сайланатын тұлғаны білдіреді; ii) қандай да бір көпшілікке арналған міндетті орындайтын, мұның өзі Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасында анықталатындай және осы Қатысушы мемлекеттің құқықтық істі реттеу саласында қолданатындай, оның ішінде көпшілікке арналған ведомство немесе көпшілікке арналған кәсіпорында, немесе қандай да бір көпшілікке арналған қызмет атқаратын кез келген басқа тұлғаны [58].

Осы анықтамадан, бірінші белгісі бойынша мемлекеттік органда қызмет істейтін тұлғалар болса, екінші белгісі қосымша сипаттауды талап етіп отыр.

Екінші белгісінде көпшілікке арналған міндет және көпшілікке арналған қызмет жөнінде айтылған.

С.Б. Жилинаның пікірінше, көпшілікке арналған міндет бұл жария яғни қоғамдық мүддені қанағаттандыру үшін әртүрлі субъектілердің, әсіресе мемлекеттік құрылымдардың қызмет бағыттары [59, с. 31].

Көпшілікке арналған қызмет ұғымы бірінші ұғымға қарағанда қиынырақ болып келеді, ол билік органының актісі немесе әртүрлі шарттық және өзге негіздер бойынша мемлекеттік емес субъектілермен орындалатын мемлекеттің жария қызметі [60, с. 5].

«Көпшілікке арналған қызмет» термині «мемлекеттік қызмет» ұғымынан қарағанда кеңірек ол мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдармен де орындалады, оларды біріктіретін қоғамның қажеттілігі, қоғамдық мүдде және әлеуметтік маңыздылық [61, с. 15].

Көпшілікке арналған қызметті шексіз субъектілер саны қолданыла алады, яғни олар барлық қызметті пайдаланылушыларға бағытталады. Сонда барлық пайдаланылушылар бірдей тең құқықтарға ие болуы тиіс [62].

Сонымен, талдау көрсеткендей, жария қызметке әлеуметтік қамсыздандыру, медициналық көмек көрсету, оқыту және табиғи монополиялар қызметтері жатады. Алайда, өзге де ұқсас қызметтер жария болатындығы жөнінде күмәніміз жоқ.

Осы тұжырымды ескере отырып, жекеше секторға жария қызметті көрсететін мемлекеттік емес құрылымдардың және мемлекет үлесі бар құрылымдардың қызметін қоспағанда, экономикалық, қаржылық және коммерциялық қызметті қамтитын секторды жатқызамыз.

Сонымен, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық деп квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы субъектілермен өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында пайдаланумен байланысты құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік), сол сияқты делдалдар арқылы мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік) жасауды айтамыз. Осы ұғымды 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 6-1 тармақшасына енгізу керек.

2 КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕ СЕКТОРЛАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ: ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІСІ

2.1 Қылмыстық құқық бұзушылықтар объектісі мен затының өзекті сұрақтары

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар объектісін тікелей талдауға көшкенге дейін, жалпы қылмыстық құқықтағы қылмыстар объектісін ашуды жөн көріп отырмыз.

Қылмыстық құқық ғылымында қылмыстар объектісі жөніндегі ілімнің қалыптасуының үш кезеңін бөледі.

Ресейлік ғалым В.Н. Винокуров осы үш кезеңді былай бөледі:

«1) XIX ғасырдың ортасы, қылмыс объектісі мен қылмыс затын бірдей деп есептеу кезеңі, сондай-ақ бұл кезеңде қылмыстың объектісін бөлді, бірі тікелей – ол құқықтық игілік (мүлік, қалпы, нақты қатынастар), екіншісі орта объект – қылмыстық құқық нормаларда көзделген мемлекет еркі. Объект сол кезде заңшығарушымен қылмыстарды жіктеудің критеріі ретінде ескерілмеді. Қылмыстық заңнаманы жүйелеудің критеріі ретінде қылмыс субъектісінің белгілері, мүлік қылмыс заты ретінде ескерілді;

2) XIX ғасыр мен XX ғасырдың басы қылмыс объектісін нақтылау кезеңі болып келеді. Осы кезеңде қылмыс қоғамға зиян келтіреді және қоғамдық қатынастарға қол сұғады деген пікірлер қалыптасты;

3) (1930-1960 жж.) кеңестік дәуірге дейінгі көзқарастарды буржуазиялық деп есептеп, қылмыс объектісі ретінде қоғамдық қатынастар табылды» [63, с.31-32].

Қылмыс объектісін қоғамдық қатынастар деп есептеу А.А. Пионтковский 1925 жылы негіздей бастады, ол социалистік қылмыстық құқықта қылмыс объектісі қоғамдық қатынастар болып табылады, - деп көрсетті [64, с. 129]. Б.С. Никифоров 1960 жылы шыққан монографиясында қоғамдық қатынастарды қылмыс объектісі деп есептеудің тұжырымдамалық негіздерін салып кетті [65, с.228].

Осы теория 1960 жылдан бастап қылмыстық құқық ғылымы мен ғалымдар арасында басты тұжырымға айналды және құқық қолдану практикасында үстемдік жасап отыр.

XX ғасырдың 90-жылдары профессор Н.И. Загородников қылмыс объектісі ретінде қоғамдық қатынастарды танудың қателігі бар деп тұжырымдады. Ол қылмыстық-құқықты қорғау объектісі ретінде адамның биологиялық, биоэлеуметтік және элеуметтік сипаттағы нақты игіліктерін тануды ұсынды [66, с. 21].

Осы пікір адамның өмірін, денсаулығын, мүлкін т.с.с. қылмыс объектісі деп танып оны қоғамдық қатынастардан бөлек қарастырады, онда қажетті

қорғану, аса қажеттілік және қылмыскерді ұстау сияқты әрекеттер қоғамға қауіпті деп есептеліп адамның нақты игіліктеріне зиян келтіреді. Сөйтіп, игіліктерді қоғамдық қатынастардан бөлек қарастыру дұрыс болмады.

Профессор А.Э. Жалинский қылмыстық құқықта қылмыс объектісін айрықша сипаттау үшін «құқықтық игілік», «қорғалатын мүдде» ұғымдарын қолданған дұрыс деп санайды, себебі қоғамдық қатынастар абстрактілі модель және қылмыс объектісінің қасиеттерін ашпайды. «Құқықтық игілік» нақтылауға жақын ұғым және құқықтық реттеу ерекшеліктеріне сай келеді, - деп көрсетті [67, с. 104].

Атақты қазақстандық ғалым, профессор Е.І. Қайыржанов алғаш рет 1973 жылы қылмыс объектісін әлеуметтік субъектілердің мүддесі ретінде тануды ұсынды [68, с.44].

Адам санасынан тыс нақты және объективті дүниеде орын алатын мүддені игілік ретінде қарастырған профессор Е.І. Қайыржанов оны қоғамдық қатынастардың нұсқалы ядросы деп санады. Қоғамдық қатынастар адам санасынан тыс қалыптасса да, мүддеге байланысты және оның айналасында қалыптасады. Сөйтіп, мүдде нақты қоғамдық қатынастардың көрінісі болып табылады [68, с. 65].

ҚР ҚК 2-бабында профессор Е.І. Қайыржанов айтқан қылмыстық заңмен қорғалатын мүдделер көзделген. Оларға: адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қоғамға қауіпті қолсұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігін сақтау, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу болып табылады [69].

Осы пікірді ескере отырып, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісін мүдде тарапынан ескере отырып қарастырған жөн деп есептейміз.

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде тектік объектілері ұқсас екі тарауды қамтиды деп санауға болады: біріншісі 9-тарау «Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» және 15-тарау «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар». Осы екі тараудың тектік объектілері – бағыттар бойынша қызмет мүдделері табылады.

Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға ҚР ҚК-нің 9-тарауында «Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» жатады.

ҚР ҚК-нің 9-тарауында «Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» туралы айтылған, мұнда коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар да қатар ескеріледі.

Ресейлік ғалым С.А. Гордейчик коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі – кәсіпкерлік қызметтің бекітілген тәртібі деп есептейді [70, с. 5]. Осы пікірді сын пікірге алып, А.В. Шнитенков дұрыс ой білдіреді: біріншіден, кәсіпкерлік қызмет табыс табуға бағытталады, ал өзге де ұйымдарға коммерциялық емес ұйымдар жатады, олар жалпы ереже бойынша табыс табу мақсатын көздемейді; екіншіден, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқықтарды жүзеге асыру тәртібін бұзу үшін жауапкершілік бөлек бапта көзделген [71, с. 83].

Сөйтіп, коммерциялық ұйымдардағы қызмет мүдделері ұғымы тек табыс табу мақсатымен ғана шектелмейді. Егер олай шектесек, онда ҚР ҚК мұндай тарау бөлек өмір сүре алмас еді.

Алайда, осы қылмыстық құқықбұзушылықтардың тектік объектісі кәсіпкерлік немесе өзге экономикалық қызметті адал жүзеге асыру бойынша қоғамдық қатынастар, деген пікір авторлар арасында қате пікір болып табылады.

Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісін кендеу сипаттау сәтсіз болған П.С. Яни пікірі де ғылыми қызығушылық тудырады. «П.С. Яни тектік объект ретінде барлық заңды тұлғалардың қызметкерлері өздерінің қызметтік жағдайларына байланысты ерекше мүмкіндіктерін қамтитын қатынастар саласы, - деп санайды» [72, с. 48].

С.С. Черобедов пікірінше, тектік объект коммерциялық және өзге де ұйымдардағы басқарушылық қызметті, сондай-ақ жеке нотариустар мен аудиторлардың қалыпты қызметін реттеу бойынша қоғамдық қатынастар құрайды, - деп есептейді [73, с. 9].

Алайда, осы пікір белгісіз жағдайларға байланысты «қызмет мүдделері» ұғымын қамтымайды, сонымен қатар жеке күзет қызметінің қызметшілерін ескермейді.

Осындай әртүрлі көзқарастар тектік объектіні дұрыс түсінуде үлкен қиындықтар туғызады.

Кейбір авторлар арасында «Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауын бөлек қарастыру қажеттігі не қажетсіздігі жөнінде даулы пікірлер туғызды.

Кейбір авторлар заңшығарушымен толық келіседі. Мәселен, доцент А.В. Шнитенков ҚР ҚК-де көзделген бөлек тарау жөнінде келесі пікір білдіреді: бұл шешім мемлекеттік органдардың қызметі қоғамдық, яғни бүкіл қоғамның мүддесі үшін қоғам атынан жүзеге асырылады, коммерциялық ұйымдардағы

қызмет ішкі ұйымдастырушылық сипаттағы мүдделерге бағынады деген тұжырымдамалық идеяға негізделген, - деп көрсетті [74, с. 481].

Ресейлік ғалым П.Н. Панченко коммерциялық және өзге де ұйымдардағы мүдделерге айрықша түсінік берді, ол азаматтық қоғам мүдделері басымды болып саналады, - деп көрсетеді [75, с. 62].

Н.Г. Иванов осы әрекеттерде жоғары қауіптілік бар деп оларды конституцияға қарсы қылмыстар деп есептеп, мемлекеттік билігін бұзуға бағытталады, - деп айтты [76, с. 619].

Алайда, осы авторлар коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделерін қылмыстық құқық қорғау жөніндегі заңды шешімді негіздеу үшін екі кемшілік жіберген екен: 1) оларды жоғары көтермелеп мемлекет немесе қоғам мүдделеріне тенеген; 2) объективті шындықтың қалыптасу жағдайын не қылмыстық құқық бұзушылық объектісі жөнінде қылмыстық-құқықтық доктрина ережелерін ескермеген.

Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жеке тарауда қалдыру жөнінде мәселе де қылмыстық құқық теориясында өзекті.

Заңшығарушы екі тарауды бөлек қарастыру жөніндегі пікірінен авторлар арасында әртүрлі ойлар бар.

Мәселен, Б.В. Волженкин «Коммерциялық және басқа ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар (қылмыстық құқық бұзушылықтар)» сияқты тәуелсіз тараудың орындылығына күмән келтірді. Атап айтқанда, ол «жалпы, осы тарауда айрықша құқықпен қорғалатын объектінің жоқтығына байланысты тәуелсіз болуы Кодексте күмән келтіреді», - деп атап көрсетті [77, с. 284-285].

Автор өз ұстанымын қорғалатын объектінің «ерекше» мәні жоқтығымен негіздейді. Алайда, қызметтің мүдделері бұл жағдайда коммерциялық ұйымдардың басқару аппараттарының дұрыс және анық жұмыс істеуінен, басшылардың өз функцияларын тиісті міндеттерге сәйкес және ұйымдардың мүдделеріне сәйкес орындаудан, бірақ азаматтардың, басқа да ұйымдардың, қоғамның және мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірмейтін түрде көрініс табады.

Қаралып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтардың объектісіне қатысты өте даулы пікірді С.В. Изосимов білдірді. Оның пайымдауынша, осы қылмыстық құқық бұзушылықтар тобында бірыңғай тектік объекті жоқ. Демек, Қылмыстық кодексте бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік көзделетін тәуелсіз тарау болмауы керек. Олар азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін, сондай-ақ қоғамның және заңмен қорғалатын мемлекеттің басқа мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін екенін көрсетіп отыр [78, с. 9].

Қылмыстық қол сұғушылық объектілерін жіктеудің негізі қылмыстық заңның қорғауына алынған біртектес айрықша белгілер мен қорғалған мүдделер сапаларының жиынтығы болып табылады. Заңшығарушы қылмыстық

құқықтық қорғауды қажет ететін біртекті қоғамдық қатынастар мен мүдделерді анықтайды, содан кейін қылмыстық құқық нормаларын осы мүдделер бойынша топтастырады және оларды тарауларға біріктіреді.

Заңшығарушы қолданған тұрғыны талдай келе, «Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» және «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» мемлекеттің жеке және жария мүддесіне қарай бөлінген деп есептеуге болады.

Алайда, бұл ұқсас қылмыстардың тектік объектісі қызмет мүдделері болып табылады. Қызмет ұғымы тарихи қалыптасқан әлеуметтік қамтылған мемлекет, қоғам, жеке әлеуметтік топтар мен индивидтар арасындағы келісілген әрекеттер, сондай-ақ олар заңдарды, құқықтары мен мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету деп түсініледі.

Л.А. Солдатова пікірінше, қызметтік қатынастар күрделі сипатта болады, олар дихотомды модельге «мақсат - құрал» ғана негізделмеуі тиіс, олар эргоникалық көпбағытты жүйені құрайды, ал кешенді екі бағытқа бөлінеді:

- берілген құрылымның (қызметтің) ішкі мүдделерін қамтамасыз ету;
- қызметтік әрекеттің (заңдылық, адамның құқықтары мен бостандықтары, моральдық тыйым салу, кәсіби нормалар) заңдылық «сыртқы» шарттарын сақтау [79, с. 15].

Келесі мәселе квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар объектісін анықтау. ҚР ҚК-нің 15-тарау «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп көзделген.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі мемлекеттік қызмет мүдделері ретінде танылады, - деп есептейді профессор С.М. Рахметов [80, с. 305].

Б.В. Волженкин: «мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтардың тектік объектісі мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделері болып табылады, яғни басқару аппаратының қалыпты қызметі», - деп есептейді [48, с. 52].

Мемлекеттік қызмет мүдделерін Ю.И. Ляпунов айтқандай, лауазымды адамдармен Конституцияның..., заңдармен белгіленген талаптарды мінсіз, тура орындаудан көрінеді, - деп көрсетеді [81, с. 586].

Сонымен, осы бағытта профессор С.М. Рахметовпен, Б.В. Волженкинмен біз келісеміз қылмыстық құқық бұзушылықтың тектік объектісі ретінде қызмет мүдделері табылады. Қызмет мүдделері тек әртүрлі бағытты қамтымауы мүмкін, ол мемлекеттік, жекеше, квазимемлекеттік секторда болуы мүмкін.

Келесі өзекті мәселе квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеу мәселесі болып табылады.

Көптеген отандық заңгерлер (А.Н. Ағыбаев, Г.И. Баймурзин, Е.З. Тургумбаев) ойынша, сыбайлас жемқорлық әртүрлі Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің тарауларында көзделгендіктен «Мемлекеттік қызметке қарсы қылмыстар» деп атау ұсынылған болатын.

Жаңа қылмыстық кодекстің қабылдануы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын жіктеуге әртүрлі көзқарастар берді.

Профессор А.Н. Ағыбаев ойынша, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір тарауға біріктіруге негіз болатын келесідей белгілер бар деп есептейді:

1) бұл тұрғыдағы қылмыстық құқық бұзушылықтар негізінен арнаулы субъект – мемлекеттік қызметтер атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адам немесе лауазымды адамдар арқылы жасалады;

2) бұл тараудағы қылмыстар қызмет өкілдігін пайдалану арқылы жүзеге асырылады;

3) мемлекеттік органдарда қызмет атқаратын адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықты әрекеттері мемлекеттік аппараттың дұрыс, заңды қызметін қызмет мүддесіне қайшы түрде бұзады [82, б.607].

Профессор С.М. Рахметов мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтарды олардың атауы бойынша жіктейді: 1) мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар; 2) мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар [80, с. 305-306].

Профессор А.Н. Ағыбаев пікірінше, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар келесідей дәрежесіне қарай жіктеледі: а) мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және б) өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар деп бөлінеді [82, б.607].

Р.К. Шаймуллин коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды үш топқа жіктейді:

1. басқарушылық функциялары бар адамдармен жасалатын қылмыстар (өз мақсаттарына жету үшін олар жоғары қызметтік сатыларды қолданады);

2. қызметтік сатыларға кіретін адамдармен жасалатын қылмыстар (өздерінің басқарушылық өкілеттіктерін қолданып жасайды);

3. жоғары өкілеттіктерді пайдаланатын адамдармен жасалатын қылмыстар, олар ол өкілеттікке иеленбеген [83, с. 31].

Алайда, осы жіктеу жүйесі түзету талап етеді және ары қарай жетілдірілуі тиіс.

Біріншіден, автор қызметтік қылмыстық құқықбұзушылықтарды жүйелеу барысында қызметтік саты ұғымына не жататынын ашып көрсетпейді.

Екіншіден, жоғары өкілеттіктерді пайдаланатын адамдар, олар өкілеттікті иеленбесе кімдер жататындығы көзделмеген. Егер коммерциялық және өзге де ұйымдардағы басқарушылық қызметкерлер жөнінде айтылса, олар қызмет өкілеттіктерін теріс пайдаланғаны үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Үшіншіден, жіктеуде белгісіз себептерге байланысты арнайы субъектілер жеке нотариустар, аудиторлар, медиаторлар т.б. қарастырылмаған.

Профессор Б.В. Волженкин коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарды келесі жіктеу топтары бойынша бөледі:

а) коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстардың жалпы құрамдары (өкілеттіктерді теріс пайдалану, параға коммерциялық сатып алу);

б) арнайы құрамдар: жеке нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы, Жеке күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы жатады [84, с. 381].

Біздің ойымызша, квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеу барысында тиімді шетел тәжірибесін пайдаланған дұрыс сияқты.

Шетелдік қылмыстық заңнаманы талдау көрсеткендей, АҚШ-та қылмыстық заңнамамен банктерде, оның директоры немесе банк қызметкері банк инспекторына несие немесе кез келген мүліктік сипаттағы көмек көрсетсе қылмыстық жауаптылыққа тартылады [85, с. 286].

Финляндия заңнамасында сыбайлас жемқорлық жөнінде анықтама жоқ. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы ережелер Финляндия Қылмыстық кодексінде келтірілген, олар 1989 жылы Финляндия қылмыстық заңнамасының жалпы реформасына байланысты енгізілген. Кейіннен бұл ережелер оларды Еуропалық Одақтың (ЕО) шараларына және халықаралық актілерге сәйкестендіру үшін аздап өзгертілді: мысалы, шетелдік мемлекеттік қызметші ұғымы түзетілді, жеке сектордағы парақорлық мемлекеттік қудалауға жатқызылды және арызды талап етпейді. Жеке сектордағы парақорлық туралы Финляндия Қылмыстық кодексінің 30-тарауындағы 7 және 8 баптарында көзделген: пара берушінің немесе басқа адамның пайдасына жасалған әрекеттері үшін пара беруге немесе алуға тыйым салынады [86].

Швеция заңы сыбайлас жемқорлық ұғымын ашпайды. Әлеуметтанушы Дэвид Востер-форс заңнамалық анықтаманың және сыбайлас жемқорлықты өлшеудің нақты әдісінің болмауы сыбайлас жемқорлыққа қарсы науқанның нәтижесіз болуы мүмкін екенін айтады. Сонымен қатар, бұл қоғамда күдік тудырады, бұл «сиқыршыларды аулау» сияқты болады [87]. Алайда,

Швецияның Қылмыстық заңының 10-тарауының 5-бабында басқа адамдарға белгілі бір артықшылықтар беру үшін пара алуға санкциялар қарастырылған. Осы тараудың 5B-бабында пара бергені үшін жауапкершілік қарастырылған, 5D - бұл трейдерлердің біреуге ақша немесе актив беру арқылы параны беруге көмектесу үшін санкциялар бар [88]. Сондай-ақ, санкциялар өзіне сенім білдірген адамның өкілеттіктерін теріс пайдаланғаны немесе асыра пайдаланғаны үшін жауаптылық қарастырылған. Жеке және мемлекеттік сектордағы мұндай қылмыстар үшін жауапкершілік бір бапта көрсетілген.

Сингапур қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық деңгейі бойынша ең төмен ел болып саналады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы» Заңның 5,6 баптарында парақорлыққа толық тыйым салынған. Бұл талап қызмет түріне қарамастан бірдей болып табылады. Бірдей қылмыстық жауаптылық мемлекеттік билік субъектілеріне, коммерциялық ұйым субъектілеріне және жеке адамдарға да көзделген [85, с. 287].

Сингапурдың қылмыстық кодексінде жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылық заңсыз табыстар мен заңсыз комиссияларды қамтиды. Сыбайлас жемқорлықпен күресу мақсатында Сингапур экономика секторына қарамастан, материалдық жағынан ақпарат берген адамдарды сыйақымен қамту мүмкіндігін көздеген еді [89].

Шетел тәжірибесінде экономика секторы бойынша бөлек жауаптылыққа тарту немесе жеңілдеу жаза көздеу қарастырылмаған екенін аңғару қиын емес.

Отандық қылмыстық кодексте сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылықты көздейтін екі ұқсас тараулар көзделген, біріншісі 9-тарау «Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» және екіншісі 15-тарау. «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» және бөлек баптар ҚК-тің басқа тарауларында кездеседі. Заң техникасы мен түсініктемесі болу мақсатында және бірдей тектік объектісінің болуына байланысты осы тарауларды біріктіретін «Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары» деген тарауға енгізу керек, - де есептеймін. Осындай өзгерістер енгізу сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылыққа тартуды жеңілдетеді, қылмыстарды тез саралауға мүмкіндік туғызады.

Сонымен, біздіңше «Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары» жаңа тарауын келесідей жіктеуді ұсынамыз:

1. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары;
2. Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары;
3. Өзге де қызмет мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары.

Осы жіктеуге күшіндегі қылмыстық кодекстің баптары келесідей топтастырылар еді.

Жіктеудегі мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына келесі қылмыстық құқық бұзушылықтарды жатқызуға болады: 361-бап. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану; 362-бап. (төртінші бөлігінің 3) тармағы) Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану; 363-бап. Лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу; 364-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу; 365-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау; 366-бап. Пара алу; 367-бап. Пара беру; 368-бап. Парақорлыққа делдал болу; 369-бап. Қызметтік жалғандық жасау; 370-бап. Қызметтегі әрекетсіздік.

Екінші жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға келесілер жатады: 250-бап. Өкілеттіктерді теріс пайдалану; 251-бап. Жеке нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы; 252-бап. Жеке күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы; 253-бап. Параға коммерциялық сатып алу; 254-бап. Міндеттеріне адал қарамау.

Үшінші өзге де қызмет мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына келесілер жатады: ҚК 189-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу; 190-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) Алаяқтық; 216-бап (екінші бөлігінің 4) тармағы) Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау; 217-бап (үшінші бөлігінің 3) тармағы) Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету; 218-бап (үшінші бөлігінің 1) тармағы) Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату); 234-бап (үшінші бөлігінің 1) тармағы) Экономикалық контрабанда; 249-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) Рейдерлік; 307-бап (үшінші бөлігінің 3) тармағы) Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру; 450-бап. Билікті теріс пайдалану; 451-бап (екінші бөлігінің 2) тармағы) Билікті асыра пайдалану; 452-бап. Биліктің әрекетсіздігі.

Қазіргі кезде ғалымдар арасында квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар затына байланысты даулы мәселелер туындап отыр. Мәселен, «Ю.И. Ляпуновтың ойынша, пара заты ретінде есірткі заттар мен жүйкеге әсер ететін заттар болуы мүмкін, бірақ онда кінәлі адам есірткі заттардың заңсыз айналымы үшін де қылмыстық жауаптылыққа тартылады» [90, с. 77].

ҚР ҚК-нің 253 бабы - параға коммерциялық сатып алу және 366-бабы - пара алу, 367-бабы - пара беру, 368-бабы - парақорлыққа делдал болу қылмыстарында бірдей қылмыс заты көзделген. Қылмыс заты болып ақша, бағалы қағаздар, өзге мүліктер, мүлікке құқық және жоғарыда сараланған мүлік сипатындағы пайда табылады.

Ақша ретінде Қазақстан Республикасының ақша белгілері теңге және басқа елдердің ақша белгілері валюта есептеледі.

ҚР АҚ-нің 127-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының ақша бөлінісі теңге болып табылады. Теңге Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өз құны бойынша қабылдануға міндетті заңды төлем құралы болып табылады. Қазақстан Республикасы аумағында төлемдер қолма қол төлеп және қолма қол төлемей есеп айырысу түрінде жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы аумағында шетел валютасымен есеп айырысудың реттері, тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді» [91].

Кез-келген жағдайда пара заты ақша бірлігінде көрсетілген мәнге ие және оны іске асыру мүмкіндігі жалпыға бірдей танылған. Демек, пара алушы үшін ғана құнды заттар пара заты болып саналмайды. Мысалы, тек туыстары немесе жақын адамдары үшін тарихи маңызы жоқ, жақындарының суреттері, хаттары, тұрмыстық заттары және тағы басқалары ақшалай түрде бағалануы мүмкін емес.

Азаматтық айналымнан шыққан ақша, тыйындар, басқа да банкноттар олардың құндылығы болса немесе олар жасалған материалдар құнды есептелсе ғана пара заты болуы мүмкін болады деп санаймыз. Онда бұл құндылықтар «өзге мүліктер» ретінде есептелетінін аңғару қиын емес.

Қазіргі уақытта нарықтық қатынастардың дамуы жағдайында қарастырылып отырған қылмыстар күрделене түсуде, түрлі жасырын нысандар қолданылады. Осыған байланысты кейбір авторлар пара заты өзгертіліп, кеңейтіліп жатыр деп мәлімдейді. Біздіңше, бұл өзгертілетін параның мәні емес, оны беру мен алу тәсілдері өзгеруде. Сонымен, параны қарыздардағы ақшаны алды деген болжам бойынша құндылықтарды берген адамның, жоқ борышын өтеу арқылы банктік қарыз түрінде алуға болады; мердігерлік шарт негізінде «беруші» мен «алушы» арасындағы заңды мәміле пайда түрінде пара берілуі мүмкін. Сондай-ақ, компанияның (жеке кәсіпкердің) есеп-шотынан шенеуніктің болжамды алынған тауарлар үшін көрсетілген серіктестіктің бір күндік шотына ақша аудару тәжірибесі қолданылады, содан кейін лауазымды адам өкілдері арқылы осы соманы қолма-қол ақшамен алады; ақша аудару үшін Интернет желісінің мүмкіндіктерін және т.б. пайдаланылуы мүмкін.

А. Добродей пікірінше, сот тәжірибесі көрсеткендей, пара заты ретінде әртүрлі құндылықтар қолданылады: автомобильдер, мотоциклдер, тұрмыстық техника, спирт және тамақ. Көп жағдайда (83%) параның заты ақша болып табылады [92, с. 48].

ҚР АҚ 129-бабабының 1-тармағына сәйкес бағалы қағаз - мүліктік құқықты куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілердің жиынтығы. Бағалы қағаздар борыштық және үлестік болуы мүмкін. Борыштық бағалы қағаз - эмитенттің (борышкердің) осы бағалы қағаздарды шығару шарттарында борыштың негізгі сомасын төлеу жөніндегі міндеттемесін куәландыратын бағалы қағаздар. Үлестік бағалы қағаз - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мүлік

иесінің мүлікке белгіленген үлесіне иелік ету құқығын куәландыратын бағалы қағаз. Бағалы қағаздарға акциялар, облигациялар және бағалы қағаздардың осы Кодекспен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен айқындалған өзге де түрлері жатады [91].

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461 Заңының 4-бабына сәйкес мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар, шетелдік мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар болып бөлінеді. Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар – мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар болып табылмайтын акциялар, облигациялар және өзге де эмиссиялық бағалы қағаздар. Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз – Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және жергілікті атқарушы органдар қарыз алушы болатын қарызға қатысты оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын немесе жалдау шарты негізінде активтерді пайдаланудан табыстар алуға оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз. Шетелдік мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз – қарыз алушы шет мемлекеттің үкіметі болатын қарызға қатысты оны ұстаушының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз не шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздарға жатқызылған өзге де бағалы қағаз» [93].

Өзге мүлікке ақша мен бағалы қағаздардан басқа да мүліктер жатады. Оларға жер учаскесі, автокөліктер, құнды заттар жатады. Осы пікірмен, С.М. Рахметов пен И.Ш. Борчашвили де келіседі.

С.М. Рахметов пен И.Ш. Борчашвили өзге мүлікке айырбас құны бар материалдық құндылықтарды жатқызады, оның ішінде валюталық құндылықтар, құнды металдар, қымбат заттар, зергер бұйымдар және олардың өңделмеген түрлері жатады [94, с. 262].

Мүлікке құқық мүлікті иелену, билік ету, пайдалану құқығын беру түрінде орын алады. Мәселен, автокөлік сатуға, жылжымайтын мүлік сатуға сенімхат берумен сипатталады.

«Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес ақша, бағалы қағаздар, материалдық құндылықтар, мүлікке құқық, сондай-ақ мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету, соның ішінде мүліктік міндеттемелерден босату пара нысанасы болуы мүмкін [95].

ҚР ҚК-нің 366-бабының 1-бөлігінде ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда қылмыс заты ретінде көзделген. Сонда осы екі актіде келіспеушіліктер бар екенін аңғару қиын емес.

Мүлік сипатындағы пайда терминін заңшығарушы енігізіп, оның мазмұнына не кіретінін ашып көрсетпеген. Түсіндірме беру жөнінде ілім көзқарасына жүйелік емес, грамматикалық түсінік беру тәсілін қолдану керек.

Қызмет пен жұмыстан басқа мүлік сипатындағы пайдаға не кіреді? ҚР ҚК-нің 253-бабында мүліктік сипаттағы қызметтер параға коммерциялық сатып алу заты ретінде көрсетілген. Пайда ұғымы осы жерде мағына жағынан кеңірек болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты пайда ұғымына анықтама бермейді. Профессор П. Яни пікірінше, пайдаға нарықтық құнынан төмен бағаға сату, арендалық төлемдерді азайтуды, банктік төлемдердің пайыздарын азайтуды жатқызуға болады [96, с. 18]. Сонымен бірге, лауазымды адамға қарыздарды кешіру және ол үшін міндеттемелерді орындауды да жатқызуға болады деп есептейміз.

Лауазымды адамды айыптау барысында құқық қолданушы қылмыстық құқық бұзушылық затын сипаттауға кіріспейді, оны анықтамайды да, тек бар-жоғын белгілейді.

Осы мәселе қатысты Б. Волженкин Гуров пен Гашевке қатысты істегі шешімге түсінік бере отырып, оны мүлік сипатындағы пайда беру түріндегі параға мысал ретінде келтірді. Алайда, іс бойынша жарияланған ақпараттардан мұндай пайдалар айыптауда айтылмағаны анық, ал бұл адамдар үкімге сәйкес «өздерінің арасындағы қызметтік жағдайын пайдаланып, тексеруден өтпеуге тырысқан Арт-Трейд-Центр ЖШС сауда орталығы директорынан Пилюгиннен түскі ас және түскі ас түрінде «Смак» мейрамханасында жалпы құны 5 658 666 рубльді құрайтын сомада пара алып отырған [97, с. 170]

Егер сот ас ішушілерді мүлік түріндегі пара деп санаса, онда бұл екіталай, өйткені бұл жағдайда параның мөлшері мүлік ретінде өнімнің бағасымен емес, сонымен қатар мейрамхана қызметтерінің құнымен, соның ішінде өнімді сатып алу және сақтау шығындарымен, қызмет көрсету персоналының (аспазшылардың, даяшылардың, жалақы қызметкерлерінің жұмысшылар, бухгалтерлер) жалақысымен үйді жалға беру және техникалық қызмет көрсету, келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың көлік құралдарын қорғау және т.б. анықталады. Алайда, Гуров пен Гашев ең алдымен мүлік сипатындағы пайда түрінде өз қаражаттарын үнемдеді, қызмет ақысын алды, бірақ бұл айыптауда орын алмады.

«Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысында мүлік сипатындағы пайданың мүліктік сипаттағы қызметтерге жатады деп түсінуге болады. Осы қаулының 16-тармағында оның дәлелі бар: «Егер пара нысанасы мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету болып табылса, мүліктік пайданы иеленуге тікелей бағытталған әрекеттер орындала бастаған сәттен (қарыз қолхаты жойылған немесе қайтарылған, мүлік немесе оған құқықтар пара алушының міндеттемелерін орындау есебіне жатқызылып басқа адамға берілген сәттен және т.б.) бастап қылмыс аяқталды деп есептеледі» [95].

Осы жағдай, мәселен туристік демалыс құжаттарын алу түріндегі параға да қатысты болады. Онда құқық қолдану тәжірибесінде ол демалыс құжатының сомасын сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары көрсетуі тиіс.

«Оның сомасын анықтау үшін «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысының 15-тармағында «параның мөлшерін анықтаған кезде пара нысанасы қолданыстағы бағалар немесе тарифтер ескеріле отырып, қажет болған жағдайларда - сарапшының қорытындысының негізінде ақшалай тұрғыда бағалануға тиіс» [95].

Осы мәселеге қатысты, тағы бір даулы сұрақ туындайды: егер лауазымды адамды немесе оның туысын жоғары жалақыға ауыстырса мүлік сипатындағы пайдаға жата ма?

Н. Лопашенко пікірінше, шенеунікке көрсетілетін қызметтерді мүліктік пайда деп тану үшін қызметтерді оларды ұсынатын тұлға төлеуі керек (дәлірек айтсақ, оларды көрсетуді ұйымдастырған адам) немесе пара беруші еңбек қатынастарына түсетін лауазымды адамға қатысты тікелей жүзеге асыруы керек, - деп санайды [98, с. 638].

Бұл мәселелер шенеунікке берілетін белгілі жағдайлармен де байланысты: а) шенеуніктің өзімен төленген тауарлар немесе қызметтер (мысалы, беделді жерде жер телімін бөлуді, пәтерді кезектен тыс жөндеуді және т.с.с.) б) материалдық емес сипаттағы қызметтер, яғни ғылыми жұмысқа оң жазбаша пікір беру немесе қызметте құрмет грамотасымен марапаттау.

Бұл жағдайда, лауазымды адамға қызметтегі әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін заңсыз сыйақы алғандығы болмаса да, қылмыскердің өзінің қызметтік жағдайын осы пайданы ұсынған адамның мүддесіне пайдалануына байланысты нақты қаржылық пайда алудың басқа түрлері бар.

Алайда, «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысының 21-тармағында: егер ҚК-нің 361-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адам өзінің қызметтік өкілеттіктерін қызмет мүдделеріне қайшы пайдаланып өзі, басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу мақсатында, өзінің әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) кім де кімге зиян келтірген болса және бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, онда жасалған әрекетті (тұрғын үйді кезектен тыс алу, жеңілдігі бар кредит алу және т.б.) пара алу ретінде саралауға болмайды. Мұндай әрекеттер лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану деп саралануға тиіс. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланудың пайдакүнемдік ниеті материалдық, мүліктік сипаттағы пайда мен артықшылықтарды алудан ғана емес, сонымен қатар қызметі бойынша жоғарылау, бастыққа жағыну және т.б. түріндегі өзге де жеке мүдделіліктен байқалады, - деп көзделген [95].

Сонда, бұл жағдай мүлік сипатындағы пайда алудың басқа да түрлері болып келеді және басқа сыбайлас жемқорлық қылмыс қатарына жатады.

Ақырғы кезде, халықаралық стандарттарға сәйкестендіру бағытында пара алу мәселесіне қатысты қылмыс затын толықтыруды талап етіп отырған «мүліктік емес игіліктерді, қызметтерді» парақорлық қылмыстардың заты ретінде есептеу ұсынылып отыр.

Осындай ұсынысты РФ-ның қауіпсіздік комитетінің төрағасының орынбасары А. Выборный да атап өткен, оның пікірінше: «мүліктік емес игіліктер мен қызметтер - бұл өзара тиімді қызметтер болуы мүмкін, мысалы, жоғары лауазымды шенеуніктің туысы тиісті біліктілігі жоқ жоғары жалақысы бар коммерциялық ұйымға жалданып, ол өзінің қызметтік мүмкіндіктерін пайдаланып бизнеске көмектесуі мүмкін [99].

Алайда осы мәселе төңірегінде, Қазақстан Республикасы бірнеше сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты келісімдерге қол қойған болатын: 1. 2008 жылғы 4 мамырдағы № 31 Заңымен Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялады; 2. Стамбул сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимыл жоспары. Мониторингтің төртінші раунды. Аралық баяндама (19-шы отырыс, 3-5 шілде 2018 жыл); 3. Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесі арасындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы мүшелері өкілдерінің және бағалаушы топтар мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттеріне қатысты келісімге қол қою туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 139 Жарлығы.

Сонымен қатар, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 6-тармағында сыбайлас жемқорлық анықтамасында қылмыс субъектісі «...лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу», - деп көрсетіп отыр [56].

Халықаралық және отандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік базаның және тергеу мен сот практикасын ескеріп, қылмыстық құқық бұзушылық затын «мүліктік емес қызметтер, құқықтар, артықшылықтар» арқылы кеңейту мақсатында парақорлық қылмыстар бойынша олардың диспозициясын толықтыру ұсынылады: ҚР ҚК-нің 366-бабының 1-бөлігіне және ҚР ҚК-нің 253-бабының 1-бөлігі мен 4-бөлігіне «... сондай-ақ мүліктік емес қызметтерді көрсету, мүліктік емес құқықтар мен өзге де құқыққа қайшы артықшылықтарды ...» ары қарай мәтін бойынша кетеді.

ҚР ҚК 189-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу заты бөтеннің мүлкі болып табылады. Бұл мүлік кінәліге сеніп тапсырылған болу тиіс. Басқа талан-

таражға салудың түрлеріне қарағанда сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу заты кінәліге берілген мүлік ғана есептеледі. Алайда, егер кінәліге берілген мүлік қылмыс заты болса, саралау басқа талан-тараж түріне қарай анықталады.

ҚР ҚК-нің 190-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) Алаяқтық қылмыстарының заты мүлік пен мүлікке құқық болып табылады. Мүлікке құқық әртүрлі құжаттарда болуы мүмкін, мәселен, олар өсиетте, сақтандыру полисінде, сенімхатта, әртүрлі бағалы қағаздарда көзделеді. ҚР АҚ-нің 123-бабына сәйкес құжаттық нысанда шығарылған атаулы бағалы қағазбен куәландырылған құқықтар талапты (цессияны) басқаға беру үшін белгіленген тәртіппен беріледі. Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқықтар бұл қағазға берілгенін жазу - индоссамент арқылы беріледі. Ордерлік бағалы қағаз бойынша құқық беруші адам (индоссант), жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, құқықтың болуы үшін ғана емес, оның жүзеге асырылуы үшін де жауапты болады. Бағалы қағазда жасалған индоссамент бағалы қағазбен куәландырылған барлық құқықтарды бағалы қағаз бойынша құқықтар берілетін адамға - (индоссантқа) немесе соның бұйрығына ауыстырады. Индоссамент бланкілік болуы мүмкін (орындауға тиіс адам көрсетілмейді) [91].

Мүлікке құқықтарды бекітетін құжаттар әртүрлі алаяқтық операциялардың заты болып келеді. Осындай құжатты алған адам, ол бойынша ақшалай немесе басқа түрде мүлік алғанына қарамастан, қылмыс аяқталған болып есептеледі. Сондықтан, осындай мүлікке құқықтарға ие болған кінәлі адам материалдық құндылыққа ие болған адам сияқты есептеледі, ол өз кезегінде алаяқтық қылмысының затын құрайды.

ҚР ҚК 217-бап (үшінші бөлігінің 3) тармағы) Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету қылмыс заты – ақша мен өзге мүліктер және оған құқық табылады.

ҚР ҚК 218-бап (үшінші бөлігінің 1) тармағы) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) қылмысының заты – қылмыстық жолмен алынған ақша мен өзге мүлік болып табылады. Қылмыстық жолмен алынған ақша және (немесе) өзге мүлік пара алу жолымен, бөтеннің мүлкін ұрлау жолымен, есірткіні заңсыз сату жолымен және қару мен жарылыс құралдарын сату жолымен алынған болып есептеледі.

1990 жылдың 8 қарашасындағы Страсбургте қабылданған «Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенцияның 1-бабының b) тармағына сәйкес «мүлік» кез келген түрдегі заттай немесе заттай емес, жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті, сондай-ақ осындай мүлікке құқық беретін заңдық актілерді немесе құжаттарды білдіреді [100].

Қылмыс заты бойынша міндетті шарт ретінде ақша мен өзге мүлік қылмыстық құқық бұзушылық жасау жолымен алынуы тиіс.

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Заңының 1-бабының 10-тармағына сай қылмыстық жолмен алынған кірістер – қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша және (немесе) өзге мүлік болып табылады [101].

1991 жылдың 9 қыркүйегіндегі Еуропа кеңесінің нұсқамасына сәйкес жыныстық қарым-қатынасты, порнографияны, жезөкшелікті, бала мен кәмелетке толмағандар саудасын табыс табу үшін пайдалануға шектеу қою мақсатында алынған кірістерді алып қою мен тәркілеуді көздейді [102, с. 168].

Осы қылмыс заты ретінде азаматтық айналымнан шығарылған заттар (есірткі заттар, жүйкеге әсер ететін заттар, қару-жарақ, оқ-дәрілер т.б.) бола алмайды, себебі олардың заңсыз айналымы ҚК 287, 296-297 баптары бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеледі.

ҚР ҚК-нің 234-бап (үшінші бөлігінің 1) тармағы) экономикалық контрабанда қылмысының заты – тауарлар мен өзге де заттар болып табылады. Тауар анықтамасы «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің 3-бабының 1-тармағының 45-тармақшасында берілген: «тауар – кез келген жылжымалы мүлік, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің валютасы, бағалы қағаздар және (немесе) валюталық құндылықтар, жол чектері, электр энергиясы, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке теңестірілген өзге де өткізілетін заттар» [103].

«Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің 3-бабының 1-тармағының 11-тармақшасында Еуразиялық экономикалық одақтың тауарларының тізімі берілген: 1) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында болатын, толығымен Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында өндірілген (шығарып алынған, алынған, өсірілген) тауарлар; 2) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында болатын, Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес не ол күшіне енгенге дейін Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары мәртебесін алған не Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары деп танылған тауарлар; 3) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында болатын, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір немесе бірнеше мемлекетте осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген тауарлар қатарынан өндірілген (дайындалған) тауарлар; 4) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілген және Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары мәртебесін сақтаған тауарлар [103].

«Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1997 жылғы 18 шілде № 10 нормативтік қаулысының 6-тармағына сәйкес контрабанда мүлкі ретінде кез-келген материалдық дүниенің қозғалмалы заттарын, оның ішінде валюта, валюталық құндылықтар, электр, жылу немесе энергияның басқа да түрлері мен көлік құралдары деп түсіну керек. Оларға сондай-ақ халықтың көркем, ғылыми, тарихи және археологиялық байлығы ретінде мәні бар мәдени құндылықтарды - өнер шығармалары, көне заттар, осындай мәні бар нәрселер, интеллектуалды меншік нысандары, құрып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктердің түрлері, олардың бөліктері мен ауытқуы (содан туындайтын) жатады. Аталған, сондай-ақ басқа да айналыстан алынбаған заттарды немесе айналысы шектелмеген заттарды (мысалы, азық-түлік, киім, аяқ киім, парфюмерлік заттар және т.б.) Еуразиялық экономикалық одақтың кеден шекарасы арқылы заңсыз өткізу үшін жауапкершілік ҚК-нің 234-бабында белгіленген. Адам қолма-қол шетел және (немесе) ұлттық валюта және (немесе) жол чектері контрабандасын жасаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті жазбаша декларациялауға жатпайтын, яғни баламасы 10 мың АҚШ долларынан аспайтын мөлшердегі оның бөлігі контрабанда мүлкі ретінде танылмайды және адамға тағылған айып көлеміне енбейді. Осы сома иесіне қайтарылуы тиіс [104].

Психотроптық заттарды, олардың үлгілерін, прекурсорларды, күшті әсер ететін, улы, уландыратын, радиоактивті заттарды, радиоактивтік қалдықтарды немесе ядролық материалдарды, жарылғыш заттарды, қару-жарақты, соғыс техникасын, жарылғыш қондырғыларды, атыс қаруын, оқ-дәрілерді, ядролық химиялық биологиялық және қырып-жоюға пайдаланылуы мүмкін басқа да қарулардың, материалдардың, құрал-жабдықтардың немесе компоненттердің орнынан әкетілуі ҚК-нің 286-бабында (айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы) көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрайды және контрабандалық заттардың мөлшері мен санынан тыс жауаптылыққа апарып соғады [104].

Экономикалық контрабанда заттарының құнын қылмыс жасау сәтіне анықтау үшін сарапшының (маманның) қорытындысымен анықталады.

«Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1997 жылғы 18 шілде № 10 нормативтік қаулысының 8-тармағына сай контрабандалық заттардың құны маманның (сарапшының) кеден ісі туралы заңнамамен және қылмыстық-процестік заңнамамен белгіленген қағидаларға сәйкес қорытындысының негізінде тауарлардың қылмыстық құқық бұзушылық жасалған сәттегі кедендік құны негізге алына отырып айқындалады [104].

ҚР ҚК 249-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) Рейдерлік қылмысының заты – жылжымайтын мүлік пен оған құқықтар болып табылады. Қылмыс

заты бойынша профессор И.Ш. Борчашвили атап өткендей, тәжірибеде көбінесе корпоративті басып алу жағдайлары коммерциялық заңды тұлғаларды: акционерлік қоғамдарды басып алу кезінде кездеседі.

Профессорлар С.М. Рахметов пен И.Ш. Борчашвили атап өткендей, қылмыс заты жылжымайтын мүлік: кәсіпорындар мен ұйымдар табылады, - деп көрсеткен [40, с. 174].

ҚР АҚ-нің 102-104 баптарында мемлекеттік кәсіпорын туралы әңгіме көтеріліп отыр. Мемлекеттік кәсіпорындарды кешен ретінде жайдан, жай мемлекеттен тартып алу қиындыққа соғады, сондықтан ҚР ҚК 249-бабының диспозициясының мазмұнынан жылжымайтын мүлік пен оған құқықтар ғана алынуы мүмкін. Біздіңше, жылжымайтын мүлік ішінде мемлекеттік кәсіпорындарды кешен ретінде алу мүмкін емес, басқа кез келген заңды тұлға оның учаскелері мен ғимараттарымен рейдерлік қылмысының заты болуы мүмкін.

ҚР АҚ-нің 117-бабының 1-тармағына сәйкес жылжымайтын мүлікке (жылжымайтын заттар) жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, көпжылдық екпелер және жермен тығыз байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын объектілер жатады [91].

Сонымен, рейдерлік қылмысының затын келесідей беруге болады: заңды тұлғалардың меншігіндегі жылжымайтын мүлік және оған құқықтар.

Сөйтіп, осы параграфта біз квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының тектік объектісі бойынша жіктеудің қажеттілігін негіздедік, нақты жіктеу түрлерін ұсындық, қылмыстық құқық бұзушылық затын талдап, оны тәжірибеде дұрыс қолдануға теориялық ұсыныстар жасадық.

2.2 Қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік белгілерінің өзекті мәселелері: іс-әрекеттердің ара-қатынасы

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың объектісін, тектік объекті бойынша жіктеу ерекшеліктерін және затына қатысты даулы мәселелерді қарастырған соң және нақты ұсыныстар берілгеннен кейін квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағының белгілерін қарастырған дұрыс болады.

Кез келген қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағын міндетті белгілер және факультативтік белгілер құрайды.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы – бұл оның сырттай көрінісін сипаттайтын белгілер жиынтығы, олар кінәлі жасаған іс-әрекеттер айналасындағы белгілерді қамтиды.

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы тектік объекті бойынша ұсынылған жіктеу бойынша қарастырылатын болады. Ең бастысы

мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының объективтік жақтары сипатталады. Екіншіден, жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар объективтік жағы талданады. Үшіншіден, өзге де қызмет мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша даулы сұрақтар ашылады.

Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының объективтік жағы – әрекетпен сипатталады, тек қызметтегі әрекетсіздік (ҚР ҚК-нің 370-бабы) қылмысы ғана әрекетсіздікпен жасалады. Объективтік жақтың құрамына талдау жасау көрсеткендей, бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар материалдық қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары (ҚР ҚК-нің 361 бабы - Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, ҚР ҚК-нің 362-бабы - (төртінші бөлігінің 3) тармағы, ҚР ҚК-нің 363-бабы - Лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу, ҚР ҚК-нің 365-бабы - Занды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау, ҚР ҚК-нің 370-бабы - Қызметтегі әрекетсіздік, ҚР ҚК-нің 371-бабы - Салғырттық) мен формальды қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары (ҚР ҚК-нің 364-бабы - Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу, ҚР ҚК-нің 366-бабы - Пара алу, ҚР ҚК-нің 367-бабы - Пара беру, ҚР ҚК-нің 368-бабы - Парақорлыққа делдал болу, ҚР ҚК-нің 369-бабы - Қызметтік жалғандық жасау) бойынша жіктеледі.

Материалдық құрамдардың объективтік жағының міндетті белгілеріне зардаптың болуы міндетті, ол азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру ретінде орын алады. Осындай зиян келтіру негізінен елеулі материалдық зиян келтірумен сипатталады.

Мәселен, «сот практикасында 2019 жылғы 2 мамырдағы ШҚО Өскемен қаласының №2 Сотының ҚР ҚК-нің 361-бабы бойынша сотталғандар А.Т. Аусарбаева мен В.Т. Болтовскаяға қатысты шығарылған сот үкімінде А. Аусарбаев «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылық құқықтарды қорғау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» РМУ-нің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы, яғни лауазым иесі, осы бөлімнің бастығы В. Болтовскаямен алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобында қызметтің мүдделеріне қайшы келетін артықшылықтар алу мақсатында әрекет ету басқа адамдар мен ұйымдар үшін, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның және заңмен қорғалатын мемлекеттің мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкелетін басқа адамдар мен ұйымдарға зиян келтіру, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы тұрғындары - азаматтарға аса ірі материалдық залал келтіру түріндегі ауыр зардаптар электр энергиясын тұтынушы болып табылатын Шығыс Қазақстан облысының өңірлеріне және ұйымдарына 121.610.000 теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабы 4-бөлігінің 3-тармағына сәйкес қылмыс жасағандығы сотқа дейінгі тергеп тексеру барысында дәлелденді, - деп көрсетілген. Алайда сот барысында олардың

әрекетінде зардаптың орын алуы дәлелденбегеніне байланысты яғни объективтік жақтың болмауы қылмыс құрамының болмауына әкелген екен. Нәтижесінде сот ақтау үкімін шығарған» [105].

«Түркістан облысы, Ордабасы аудандық сотының 2019 жылғы 18 наурызындағы № 5146-19-00-1/3 ісі бойынша айыптау үкімінде сотталушы М. Омаров 11.05.2017 жылдан бастап, «Ордабасы аудандық ветеринарлық қызметі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының директоры міндетін уақытша атқарып жүріп, кәсіпорынға қызметкерлерді қабылдауға бұйрық шығаруға, штат кестесіне сәйкес, жұмысқа шығу кестесін және еңбек ақы ведомостарын бекітуге, мекеме атынан еңбек келісім шарттарын жасауға, мемлекеттік функцияларды орындауға теңестірілген адам бола тұра, өзінің қызметтік өкілеттіктерін басқа адамдар үшін пайда мен артықшылықтар алу мақсатында, қызмет мүдделерін қайшы пайдаланып, өзінің танысы Қ.Бабановтың Шымкент қаласы «Ветеринариялық қызмет» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны директорының орынбасары болып жұмыс атқаратынын біле тұра, 04.06.2017 жылғы № 170 санды бұйрығымен оны «Ордабасы ауданының ветеринарлық қызметі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынына заңгер қызметтік жұмысына 0,75 жүктемесімен еңбек келісім шартына тұрып, жұмысқа қабылдаған және М.Омаров ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтерді енгізу арқылы, заңгер жұмысын атқарушы Қ.Бабановтың 2017 жылдың маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, желтоқсан айлары аралығында, жұмыста болмағанын және қызметтік міндеттерін мүлдем орындамағанын біле тұра, іс басқарушы И.Тұрарға, кәсіпорын қызметкерлері мен жұмысшыларының жұмысқа шығу кестелерін, еңбек ақы ведомостарына күніне 6 (алты) сағат Қ.Бабановтың жұмыста болғандығы туралы мәлімет белгі қоюды тапсырып, аталған жұмысқа шығу кестелерін, еңбек ақы ведомостарын өзі бекітіп, К. Бабановтың банктік шотына жалпы 375 000 теңге аударылып, мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтірген. Сондықтан, сот оны ҚР ҚК-нің 361-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп табады» [106].

Екі жағдайда да, сот практикасы көрсеткендей елеулі зиян келтіру жағдайы міндетті түрде дәлелденуі тиіс екенін көрсетеді.

ҚР ҚК-нің 361-бабы - лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланудың объективтік жағы үш міндетті белгіні қамтиды: бірінші, өзінің қызметтік өкілеттіктерін қызмет мүдделеріне қайшы пайдалануы түрінде орын алатын әрекет; екіншісі, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру түріндегі зардап; үшіншісі осы көрсетілген әрекет пен зардап арасындағы себептік байланыс болып табылады.

Лауазымды адаммен өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану деп заңмен оған жүктелген құқықтар мен міндеттерді қолдануды айтамыз.

Ж. Құмарбекқызы «адамның атқаратын лауазымы неғұрлым жоғары болса, атқаратын лауазымына орай берілген өкілеттіктер аясы неғұрлым

ауқымды болса, осы өкілеттіктерді теріс пайдаланған жағдайда оның жауаптылығы соғұрлым қатал болуы керек, - деп есептейді [107, б. 15].

Кейбір авторлар мысалы, В.И. Соловьев «өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану» ұғымына лауазымды адамның лауазымына байланысты беделін пайдалануды да жатқызады [108, с. 65]. Басқа ғалымдар, мәселен М.Д. Лысов пікірі бойынша, қызметтік өкілеттіктерін пайдалану тек нақты өкілеттіктерге байланысты екенін атап өткен [109, с.110].

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 9-тармағына сәйкес лауазымдық өкілеттіктер деп – нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген, мемлекеттік қызметшілердің өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге сай келетін құқықтар мен міндеттерін айтады [110].

ҚР ҚК мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының арасында «қызметтік өкілеттіктер» және «лауазымдық өкілеттіктер» ұғымдары арасында түсіністік аппаратында келіспеушіліктер бар, сондықтан ҚР ҚК-нің 361-бабының 1-бөлігінде «қызметтік өкілеттіктер» ұғымы мен «лауазымды өкілеттіктер» ұғымы арасында түсіністік аппаратында сәйкестік болу үшін «лауазымды өкілеттіктер» ұғымын «қызметтік өкілеттіктер» ұғымының орнына пайдалану керек. Сонда ҚР ҚК-нің 361-бабының 1-бөлігінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін... ары қарай мәтін бойынша өзгертер еді.

Лауазымдық өкілеттіктер мемлекеттік қызметті жүзеге асыру барысында мемлекеттік несиені беру, мемлекеттік сатып алуларды жүргізу, мемлекеттік мүлікті пайдалану бағытында болады. Қызмет мүдделері мемлекеттік органның алдына қойылған міндеттер сипатымен анықталу керек, лауазымды адамның өкілеттігі соған байланысты болады. Осы өкілеттіктің мөлшері мен көлемінен асып кетсе, онда бұл әрекеттер ҚР ҚК-нің 362-бабы билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану әрекеті үшін қылмыстық жауаптылыққа алып келеді, - деп түсінуіміз керек.

ҚР ҚК-нің 361-бабының құрамы материалдық болып келеді. Осы қылмыс түрі аяқталу үшін азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру түрінде зардаптар орын алуы тиіс. Бұл зардаптар материалдық зиян, жоғалтылған табыс, дене мен моральдық зиян келтіру болуы тиіс.

Заң әдебиеттерінде кейбір ғалымдар А.Я. Светлов пен А.К. Квиниция азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне және қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру зардаптарын бірыңғай түсіндіруді дауға салады. Олардың тұжырымдарында лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану және билікті

немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану құрамдары бойынша осындай зардаптарға бірдей анықтама беру дұрыс емес деп танылған [111, с. 80].

Осы пікір біздің ойымызша дұрыс емес, себебі заңшығарушы бірыңғай терминология қолдануына байланысты ұғымдардың мазмұны да бірдей болуы тиіс.

«Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысының 21-тармағына сәйкес «егер ҚК-нің 361-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адам өзінің қызметтік өкілеттіктерін қызмет мүдделеріне қайшы пайдаланып өзі, басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу мақсатында, өзінің әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) кім де кімге зиян келтірген болса және бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соқса, онда жасалған әрекетті (тұрғын үйді кезектен тыс алу, жеңілдігі бар кредит алу және т.б.) пара алу ретінде саралауға болмайды. Мұндай әрекеттер лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану деп саралануға тиіс» [95].

Сонымен қатар, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі материалдық зиян келтіру мен бөтеннің мүлкін жымқыру жолымен сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салудан (ҚР ҚК-нің 189-бабы) ажырата білу керек, себебі ұқсас материалдық зардаптар болуы мүмкін. Объективтік жағынан субъект қызметтік өкілеттіктерін оған табыс етілген бөтеннің мүлігін жымқырумен айналысса, ҚР ҚК-нің 361-бабында осындай әрекеттер кез келген бөтеннің мүлкіне қатысты болуы мүмкін. Алайда, жымқырудың зардабы ретінде мүліктің меншік иесіне немесе иесіне зиян келумен сипатталса, қызмет өкілеттіктерді теріс пайдалану барысында жәбірленушілер көп болуы мүмкін.

Жымқырудың лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланудан ең басты айырмашылығы - жымқыру кезінде кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына пайдакүнемдік мақсатта жасалған құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және (немесе) айналдыру болып табылады. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану барысында кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына осындай құқыққа қарсы өтеусіз алып қою және айналдыру орын алмайды, зардап жоғалтылған табыс, мүлікті бұзу, мүлікті пайдалануға кеткен шығындар түрінде болады.

ҚР ҚК-нің 361-бабының 4-бөлігінде 3-тармағында объективтік жақтың зардабы - ауыр салдар көзделген. Ауыр салдар (зардаптар) ҚР ҚК-нің 3-бабының 4-тармағында берілген. Ауыр зардаптар – осы Кодексте көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар: адам өлімі; екі немесе одан да көп адамның өлімі; жәбірленушінің немесе оның жақынының (жақындарының)

өзін-өзі өлтіруі; денсаулыққа ауыр зиян келтіру; екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру; адамдардың жаппай сырқаттануы, ауру жұқтыруы, сәулеленуі немесе улануы; халық денсаулығы мен қоршаған орта жай-күйінің нашарлауы; қаламаған жүктіліктің болуы; техногендік немесе экологиялық зілзалануы, төтенше экологиялық ахуалдың туындауы; ірі немесе аса ірі залал келтіру; жоғары қолбасшылық қойған міндеттерді орындамай қалдыру; мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіру, апаттар немесе авариялар; әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің ұзақ уақыт төмендеуі; жауынгерлік міндеттерді орындамай қалдыру; жауынгерлік техниканың істен шығуы; келтірілген зиянның ауырлығын куәландыратын өзге де зардаптар жатады [69].

Сонымен қатар, ақырғы кезде сот практикасы мен тергеу практикасы көрсеткендей, көптеген лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану бойынша істерде лауазымды адам болып табылатын адамдардың, қылмыстық жауаптылыққа тартылған екінші лауазымды адамға беделінің әсері салдарынан іс-әрекет жасағандығын дәлелдеу қиындыққа соғады және олар қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Бұл жерде, фаворитизм жөнінде әңгіме талқылауға салынып отыр.

Фаворитизм деп туыстар мен таныстарға олардың белгілі партияға, текке, сектаға, әртүрлі топтарға жатуына байланысты қызметтер мен ресурстарды белгілеуді айтамыз. Оның екі түрі болады: Непотизм – туыстық негізді билікті құру, және кронизм – жақын достарға негізделген билік жүйесі [112, с. 75].

Осы әрекеттің салдарынан мемлекеттік қызмет сапасы төмендейді, қоғамдық ресурстар әділетсіз бөлінеді. Осындай жағдайдың қалыптасуы әртүрлі шенеуніктердің квазимемлекеттік және жеке секторға беделінің арқасында әсерінен өз туыстарын, балаларын жоғары лауазымдарға орналастырады. Ешкімге құпия емес, егер балалары адал бәсекелістік нәтижесінде бұл ұйымдарға конкурстан өтсе, кедергі болмас еді. Шындық сондай, көпшілік шенеуніктердің балалары, туыстары, достары осы адамның беделі арқасында орналасады. Бұл жағдай, конкурсты өз күшімен өтпек болған адамның заң әділдігіне сенімсіздік білдіреді. Ал шенеуніктер өздерінің жауаптылыққа тартылмайтындығын біле тұра әрекеттерін жалғастыра береді.

Осы жағдайды болдырмау мақсатында ҚР ҚК-нің 361-1 «Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалануға оқталу» бабын келесі редакцияда енгізуді ұсынамыз:

«1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өздерінің беделін, яғни ол адамның оның қызметі мен танымы, өмірлік тәжірибесі үшін басқа адамдар арасындағы танылуы мен қадірленуі қасиеті бойынша басқа мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген

адамның не лауазымды адамның қызметтік өкілеттіктерін басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу үшін қолданса, -

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған іс-әрекет –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

ҚР ҚК-нің 362-бабының (төртінші бөлігінің 3) тармағы) билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану объективтік жағынан үш белгіні қамтиды: іс-әрекет: билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығу; зардап: өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру; себептік байланыс: нақты лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану барысында өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру орын алуы тиіс.

Қылмыстық заң мәтіні көрсеткендей, билікті немесе өкілеттіктерді асыра пайдалану тек белсенді әрекеттер түрінде болады. Көптеген ғалымдар да осы қылмыс тек әрекет түрінде болады деп есептейді. Мәселен, А.В. Галахова «асыра пайдалану» тек белсенді, қызметті сипатта болады, оның белсенді әрекетке жататындығын көрсетеді, - деп айтады [113, с. 15].

Билікті немесе өкілеттіктерді асыра пайдалану келесі нысандарда болуы мүмкін деп есептейміз: 1. басқа лауазымды адамның өкілеттігіне кіретін құқықтар мен міндеттерді орындайды, өзінен жоғары тұрған адамның да өкілеттігіне кіретінді де; 2. адам дербес өзі алқалы органның өкілеттігіне кіретін өкілеттіктерді орындайды; 3. ерекше жағдайларда ғана заңды болатын әрекеттерді лауазымды адам орындайды; 4. лауазымды адам қандай болмасын жағдайда ешкімнің құқығы жоқ әрекеттерді орындайды.

Құқықтар мен өкілеттіктерді асыра пайдалануды анықтау үшін оның нақты көлемін білу керек. Оның көлемі құқықтық актілермен реттеледі: заңдар, заңға тәуелді нормативтік актілер, лауазымдық нұсқаулықтар, ведомстволық бұйрықтар.

Мәселен, «2018 жылғы 4 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы, Үржар аудындық №2 соты №6365-18-00-1-37 қылмыстық істі қарау барысында

Шығыс Қазақстан облысының Ішкі істер Департаменті бастығының 2015 жылғы 30 қарашадағы №388 ж/қ бұйрығымен полиция майоры Е.Ж. Ахмадиев Үржар ауданы ішкі істер бөлімінің криминалдық полиция бөлімшесінің бастығы лауазымына тағайындалған болатын және қызметтік міндеттеріне келесі өкілеттіктер кіреді: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша полиция бөлімінің мүддесін білдіреді; Полиция бөлімінің қызметкерлеріне жалпы басшылық жасайды; Полиция бөліміне, құрылымдық бөлімшелеріне орындауға тиіс бұйрықтар шығарады және нұсқамалар береді, сондай-ақ олардың орындалуын бақылайды; ішкі істер бөліміне, жергілікті, өкілетті және атқарушы органдарға ішкі істер органдарының қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау, ұйымдастырушылық-штаттық, материалдық-техникалық нығайту мәселелері бойынша ұсыныс жасайды; ПБ-нің қызметінің мәселелері бойынша азаматтардың арыздары мен шағымдарын қабылдайды және оларды қарауды ұйымдастырады; Жедел - іздестіру шаралары мен тергеу әрекеттерін жүргізу және ұйымдастыру - кезінде заңдылықтың сақталуын бақылайды және кемшіліктерді болдырмау шараларының қабылдануын жүзеге асырады; Қылмысты алдын-алу, ашу және тергеуді ұйымдастыруға бақылау жасайды; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Е.Ж. Ахмадиев өкілетті лауазымды тұлға бола тұра, өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатын, өзіне пайда мен артықшылықтар алу мен және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіру мақсатында жасалған іс әрекеттерімен келесі қылмыстарды жасаған.

2018 жылғы ақпан айының басында Е.Ж. Ахмадиев криминалдық полиция бөлімшесінің бастығы лауазымын атқарып, ауданда болған қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу керектігін ескеріп, қылмыстарды алдын алу және ашу үшін Үржар ауылының тұрғыны Р.В. Шинтемировпен сенімді қарым-қатынасқа түсіп, ауданда әзірленген, болып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы ақпарат алу туралы келісімге қол жеткізген.

Өзара келісімге сәйкес, Р.В. Шинтемиров аудан бойынша дайындалып жатқан қылмыстар туралы ақпаратты уақтылы Е.Ж. Ахмадиевке хабарлауға, сонымен қатар ұрланған малды алдын ала жоспарлаған тұлғаларға сатуға, ұрланған малды сатудан түскен пайданы және ұрлық малды сатып алушы тұлғадан заңсыз алған параны өзара тең бөлісуге келіскен. Сонымен қатар, мал ұрлығы қылмысын ашуға бағытталған жалпы шаралар бойынша қызметтік көрсеткіштерді жалған көтеру үшін кейбір қылмыскерлерді мал ұрлығы бойынша жауапқа тарту барысында Р.В. Шинтемировтың сол қылмысқа тек куә ретінде ғана шақырылатыны және әрбір ашылған қылмыс үшін Р.В. Шинтемиров Е.Ж. Ахмадиевтан 10000 теңге ақшалай қаражат алатыны келісілген.

Алайда, Е.Ж. Ахмадиев ҚР Қылмыстық процестік Кодексінің, «Жедел іздестіру қызметі туралы» ҚР Заңында көрсетілген жалпы және арнайы жедел іздестіру шараларын жүргізудің тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, өзінің қызметтік міндеттеріне сәйкес қылмыстарды анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу барысында жасырын ынтымақтастыққа тартылатын Р.В. Шинтемировты, тиісті жедел іздестіру шараларын жүргізуді көзделген тәртіпке сәйкес рәсімдемеген.

Осылайша 2018 жылдың 9 ақпанында Р.В.Шинтемиров, өзінің танысы Аяғөз ауданы Ақшәулі ауылдық округінде орналасқан «Бақ-Нұр» шаруа қожалығының малшысы С.Тлеповтың аталған қожалықтың ірі қара малдарын ұрлағалы жүргені туралы естіп, ол туралы алдын ала келісім бойынша Е.Ж. Ахмадиевқа хабарлаған.

Е.Ж. Ахмадиев аталған мал басқа ауданға тиесілі екендігін біле тұра, қызметтік көрсеткіштерін жасанды көтеру мақсатында, қылмыстық алдын алумен шектелудің орнына алынған ақпарат бойынша қылмыстың соңына дейін жетуін көздеп, Р.В. Шинтемиров арқылы С. Тлеповтың өзіне сеніп тапсырылған қожалықтың мал ұрлығы қылмысын қасақана ұйымдастырған. Осы ұрлық дерегін тез арада ашу үшін Р.В. Шинтемировке заңсыз тапсырма беріп, соңғыны қажетті көлік құрлардары, жанар-жағар май және өзге де жабдықтармен қамтамасыз етіп, ұрлық дерегінің аяғына дейін жетуін жеке бақылауына алып, ұрланған малды Үржар ауылының тұрғыны Е. Исабаевқа өткізу керектігін, малды өткізу барысында жедел топ құрамы тез арада Е. Исабаевтың тұрғын үйіне кіріп, тінту жасайтының және Р. Шинтемировпен келекшеке ынтымақтасып жұмыс істеу үшін, соңғыны алдап, Е. Исабаевтан 1-2 бас ірі қара малын алып алатынын, немесе соңғыдан 300 000 теңге ақша алатын болса оны сол жерде жұмыс жасаған жедел уәкілдер және бөлім бастығы орынбасары А. Ковнашаров барлығына теңдей етіп бөлінетіні туралы Р.В. Шинтемировке жеткізген.

Соның негізінде, 2018 жылдың 13 наурызында Р.В. Шинтемиров өзінің танысы А. Есболовпен бірге «Бақ-Нұр» шаруа қожалығына барып, қожалықтың малшысы С. Тлеповпен қожалыққа тиесілі жасырын ұрланған құны 100000 теңгені құрайтын 1 жасар 1 бас қызыл қасқа еркек тайыншаны, пайда табу мақсатында С. Тлепов қылмыстық ойын соңына дейін жеткізуін көздеп, Р.В. Шинтемировтың басқаруындағы Нива жеңіл қөлігіне тиіп беріп, ұрланған малдың сатылатын сомасынан барлық шығындарды алып тастап, қалған ақшаны алып қелуін тапсырады.

Әрі қарай, 2018 жылдың 14 наурызда Р. Шинтемиров алдын ала жоспарланған мал ұрлығы дерегі бойынша ұрланған 1 бас тайыншаны Үржар ауылына жеткізгені туралы Е.Ж. Ахмадиевқа хабарлайды.

Осылайша жоспарға сәйкес, Е.Ж. Ахмадиевтың нұсқамасы бойынша Р.В. Шинтемиров «Бақ-Нұр» шаруа қожалығынан ұрланған тайыншаны Үржар ауылының тұрғыны Е. Исабаевқа 100000 теңгеге сатып, 20000 теңгесін қолма қол алып, 80000 теңгесін кейін алуға келіседі.

16.03.2018 жылы Үржар ауданы ПБ-нің лауазымды қызметкерлерімен аталған дерек бойынша «Бақ-Нұр» шаруа қожалығының малшысы С. Тлеповқа қатысты ҚР ҚК-нің 188-бабы 1 бөлігімен №186364031000115 қылмыстық іс тіркелінген. Нәтижесінде «Бақ-Нұр» шаруа қожалығының басшысы Н. Раевқа 100 000 теңге материалдық залал келтірілген.

Әрі қарай, 2018 жылдың 12 сәуірінде Р. Шинтемиров Е. Ахмадиевпен ұрлық туралы ақпарат беру үшін кездесіп, Е.Ж. Ахмадиевке «Бақ-Нұр» шаруа қожалығының бұрынғы малшысы О. Байдусенов шаруашылыққа тиесілі 1 бас жылқы малын ұрлауға оқталғанын айтқан және оны сататын орын табатынына өзара келісіп, жылқы етінің жақсы жерін өзіне алып келу керектігін, сойлатын жылқының басы мен терісін, сырғаларын алып, белгіленген жерге көміп тастау керектігін, кейіннен О. Байдусеновты мойындатып, ұрлық қылмысын соңғыға жүктейтінін айтады.

2018 жылдың 23 сәуірінде «Бақ-Нұр» шаруа қожалығының малшысы О. Байдусенов алдын-ала келсім бойынша, «Бақ-Нұр» ШҚ-ның қашарына заңсыз кіру жолымен, қожалықтың басшысы Н. Раевқа тиесілі құны 300 000 теңгені құрайтын сол жақ санында «М» және «НБ» деген таңбасы бар 9 жасар 1 бас кара айғырды ұрлап шығып, пайда табу мақсатында ұрланған жылқыны Үржар ауылына жеткізіп, ол туралы Р.В. Шинтемировқа хабарлайды.

Р.В. Шинтемиров Е.Ж. Ахмадиевқа жолығып, ұрланған жылқыны не істеу керектігі туралы сұрайды. Е.Ж. Ахмадиев өзіне және О. Байдусеновпен Р. Шинтемировқа пайда мен артықшылықтар алу мақсатында, өзінің қызметтік жағдайын қызмет мүддесіне қарсы қолданып, Р.В. Шинтемировке ұрланған жылқыны сататын жер табылмағандықтан және мал иесінен мал ұрлығы туралы арыз түспегендіктен, аталған дерек бойынша СДТТБТ тіркемей, О. Байдусеновқа жәрдемдесіп, ұрлықпен заңсыз жолмен табылған жылқы малын жасыруға уәде беріп, ұрлық жолымен табылған жылқы малының етін иемдену мақсатында О. Байдусеновпен Р. Шинтемировқа сойдыртып, етін өзінің тұрғын үйіне алып келу туралы заңсыз тапсырма беріп, малдың бас сирағы мен терісін көміп қоюды айтады.

2018 жылдың 23 сәуірде сағат 22.30 шамамен Е.Ж.Ахмадиев, Үржар ауылы Гагарина көшесі, 119 «А» мекен-жайда орналасқан тұрғын үйінде ұрланған жылқы малының жалпы салмағы 74 кг. құрайтын 2 қап етін Е.В. Шинтемировтан жеке өзі алған.

Нәтижесінде Е.Ахмадиев «Бақ-Нұр» ШҚ-ның басшысы Н.Раевқа тиесілі құны 300 000 теңге болатын залал келтірді.

Басты сот талқылауында сотталушы Е. Ахмадиев лауазымды адам бола тұра, қызметтік міндеттерін атқару барысында билікті және лауазымдық өкілеттікті асыра пайдаланып жәбірленуші Н. Раевқа, оның мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғатын, өзінің құқықтары мен өкілеттігі шегінен көрінеу асып кететін заңсыз әрекеттер жасап, өзіне артықшылық жасау мақсатымен, Н. Раевтың малының етін иемденіп оны бас пайдасына асырғаны және өзінің

қызметіндегі ұрлық дерегін ашумен байланысты жасанды көрсеткішке қол жеткізу үшін жасағаны толық дәлелін тапты» [114].

Сонымен, сот осы практикалық мысалда нақты қандай лауазымды өкілеттіктер көзделгенін көрсетті және дәлелдеу барысында өкілеттіктің шегінен көрінеу асу әрекеттерін дәлелдей алды.

Қылмыстық істерді тергеу тәжірибесі көрсеткендей, егер дәлелдеу барысында осы лауазымдық өкілеттіктердің шегінен асу мүмкіндігін дәлелдеу мән-жайлары анықталмаса, онда ҚР ҚК-нің 38-бабының 2-бөлігіндегі ережелер қолданылады, яғни көрінеу заңсыз бұйрықты немесе өкімді орындау үшін қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам жалпы негіздерде қылмыстық жауаптылықта болады, - деп есептейміз.

Өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру түріндегі зардап мүліктік пайданы алумен сипаталады немесе кез келген түрдегі зиян келтіруді қамтиды. Осы әрекет пен зардап арасындағы себептік байланысты нақты анықтау керек.

ҚР ҚК-нің 363-бабы лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу объективтік жағынан әрекетті: лауазымды адам болып табылмайтын мемлекеттік қызметшінің лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алуы; зардапты: азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруді және осы екеуінің арасындағы себептік байланысты қамтиды.

Ю.И. Бытко мен Д.В. Мирошниченко лауазымдық өкілеттіктерді иемденуді лауазымды тұлғаны басқа тұлғаға жатқызу және осыған байланысты тиісті қызметтік функцияларды орындау үшін заңсыз деп анықтауға болады деп санайды [115, с. 437].

В. Боровиков пен А. Смердов шенеуніктің өкілеттіктерін иемдену шенеуніктің жеке басын иеленуден тұрады деп қате айтады [116, с. 595].

Біз Н.А. Егорованың көзқарасын қолдаймыз, соған сәйкес қылмыскер лауазымды адамның өкілеттігін теріс пайдаланумен шектеліп қана қоймай, оның атынан осы адамның құзыретіне кіретін әрекеттерді жасайды [117, с.55] Бұл жерде қылмыстық-құқықтық қорғауға жататын лауазымды тұлғаның өкілеттіктеріне оның әкімшілік, экономикалық және ұйымдастырушылық-басқару функциялары бойынша туындайтын өкілеттіктерді жатқызу қажет. Осы өкілеттіктерді иемденген мемлекеттік қызметші өз іс-әрекеттерімен иемденген лауазымды адамның өкілеттігін жүзеге асыруға тиіс. Осы іс-әрекет заңда көзделген заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру қажет, сондай-ақ себептік байланыста іс-әрекетпен болуы міндетті.

Осы қылмыстық теріс қылықтың міндетті белгісі оны жасау тәсілі болып табылады: құжаттарды жалған жасау; арнайы форманы кию; ауызша айту сияқты болуы мүмкін.

ҚР ҚК-нің 364-бабы кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу объективтік жағынан екі әрекетті қамтиды: 1. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ұйым құруы; 2. не мұндай ұйымды басқаруға не жеке өзі немесе сенім білдірген адам арқылы қатысуы.

Авторлар арасында даулы сұрақты тудыратын келесі жағдай, егер қылмыс субъектісі коммерциялық емес субъектіні осындай құру, басқару және қатысу іс-әрекеттерін жүзеге асырса, қылмыстық жауаптылығы қалай шешіледі?

Н. Егоров пікірінше, қылмыстық жауаптылық тек коммерциялық ұйымның құруына, басқаруына және қатысуына байланысты болғанда ғана пайда болады, - деп есептейді [118, с. 10].

Алайда Н. Егоровтың пікірімен біз келіспейміз, себебі коммерциялық емес ұйымдар да кәсіпкерлік қызметпен айналысуы мүмкін. «Қазақстан Республикасы коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 33-бабының 1-тармағына сәйкес «Коммерциялық емес ұйым өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетіндей ғана кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады» [119].

Осы әрекеттер жасаған қылмыс субъектісі осы іс-әрекеттерді өзі жасауы керек. Кейбір авторлар пікірінше, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам сенім білдірген адамдар арқылы ұйымның қызметіне жасырын түрде қатысады [120, с. 359].

Қылмыстық жауаптылық осы қылмыс бойынша екі жағдайда пайда болады: 1. заңда белгіленген тыйым салуға қарамастан (осындай тыйым салу «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген); 2. бұл іс-әрекеттер мұндай ұйымға жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге немесе өзге де нысандағы жақтаушылыққа байланысты орын алса. Осы жағдайлар болмаса онда тек тәртіптік жауаптылықпен шектеледі.

ҚР ҚК-нің 365-бабы заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау келесі әрекеттерді қамтиды: а) дара кәсіпкердің немесе ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына қарамастан коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеу; б) дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның дербестігін шектеу; в) қызметіне өзгедей түрде заңсыз араласу. Қылмыстың объективтік жағында зардаптың болуы көзделген: азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру болуы тиіс. Объективтік жақтың келесі міндетті белгісі әрекет пен зардап арасындағы себептік байланыс болып табылады.

Сондықтан, заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау материалдық қылмыс құрамын қамтиды.

Дара кәсіпкердің немесе ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына қарамастан коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеу тек заңмен көзделген жағдайларда ғана мүмкін болады. Осындай шектеулер ҚР АҚ-нің 19 және 35-бабының 1-тармағына сәйкес анықталады.

Кәсіпкерлік кодекстің 23-бабының 2-3 тармақтарына сәйкес кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жеке тұлға осы Кодексте көзделген тәртіппен дара кәсіпкер ретінде тіркеледі. Кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін [121].

ҚР ҚК-нің 365-бабын қолдану дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның қызметіне заңсыз қолсұғу жағдайларында және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам немесе лауазымды адам өздерінің қызметтік өкілеттіктерін мемлекеттік мүдделерге қарсы қолданса, сондай-ақ кәсіпкерліктің дамуына зиян келтірген жағдайда орын алады.

ҚР АҚ-нің 10-бабының 1-тармағына сәйкес азаматтардың, оралмандардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген дербес, бастамашылық қызметі кәсіпкерлік болып табылады [91].

Кәсіпкерлік кодекстің 23-бабының 1-тармағына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, оралмандар және мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғалар (жеке кәсіпкерлік субъектілері), мемлекеттік кәсіпорындар (мемлекеттік кәсіпкерлік субъектілері) кәсіпкерлік субъектілері болып табылады [121].

Кәсіпкерлік қызмет субъектісін мемлекеттік тіркеу, қажет болған жағдайларда қызмет түрімен айналысуға арналған арнайы рұқсаттың (лицензияның) болуы және рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнаманың сақталуы заңды кәсіпкерлік қызметтің міндетті белгілері деп танылады [122].

Дара кәсіпкердің ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына қарамастан коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеу анықтамасы соттың нормативтік қаулыларында жоқ, сондықтан, өзіндік анықтамасын бергенді жөн көрдік.

Дара кәсіпкердің ұйымдық-құқықтық нысанына немесе меншік нысанына қарамастан коммерциялық ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін шектеу – кәсіпкерлік қызметті тиімді жүзеге асыруға кедергі келтіретін мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе лауазымды адамның шешімдері, берген тапсырмалары және талаптарды қоюы және шектеулер мен басқа да әрекеттері.

Дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның дербестігін шектеу бұл тең құрылтайшылардың тізімін құруға қол сұғу, ынтымақтастыққа мәжбүрлеу, белгіленген банктің қызметін пайдалану, заңсыз бақылау жүргізу және өзге де түрде құқық қабілеттігін жүзеге асыруға кедергі келтіретін жағдайлар туғызуды айтамыз.

Дербес шешім қабылдау құқығы кәсіпкердің негізгі экономикалық құқығы болып табылады. Дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның дербестігін шектеу кезінде осы құқықтар аяққа тапталады. Дербестікті шектеу тең құрылтайшылар тізімінен шығару, нақты тауарларды шығаруға тапсырма беру, негізсіз басқа қызмет түрімен айналысуға тапсыруды қамтиды.

Дара кәсіпкердің немесе коммерциялық ұйымның қызметіне өзгедей түрде заңсыз араласу басқа көзделген нысандарға жатпайтын әрекеттерді қамтиды. Оларға заңсыз үй жайларды тартып алуды, банктегі шоттарға тыйым салуды қамтиды т.б.

ҚР ҚК-нің 366-бабы пара алу мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының әрекеттері келесі нұсқаларды қамтиды:

1) пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса;

2) пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасалған бірақ оның лауазымдық өкілеттіктеріне кірмейтін субъекті, пара алушы лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасау;

3) жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі;

4) айтарлықтай мөлшерде жасалған, сол сияқты заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі).

Пара алғаны үшін қылмыстық жауаптылық кезінде оның параға сатып алғаны мен пара-алғыс арасында ешқандай айырмашылық көрмейді.

«Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысының 16-тармағына сәйкес адамның орындалуы үшін пара берілген әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасаған-жасамағанына қарамастан және қылмыстық қудалау органдарына дайындалып жатқан қылмыс туралы белгілі болғанына қарамастан, параны алу пара нысанасы қабылданған сәттен бастап аяқталды деп есептеледі. Осы ретте параның толық келісілген мөлшерде немесе оның бір бөлігі алынғаны маңызды емес [95].

Авторлар арасында осы пара алудың аяқталу сәті бойынша даулы мәселелер жоқ, себебі ол қылмыстың саралануына еш әсерін тигізбейді, оның беру уақыты бойынша кейбір отандық авторлар ұсыныстар жасап отыр.

Мәселен, А.Н. Ағыбаев пара алуды келесі түрлерге бөліп отыр: пара - сыйақы; параға сатып алу; лауазым бергені үшін пара алу; параны қорқытып алу [123].

Сонымен қатар, автор ҚР ҚК-не 366-1. Пара-сыйақы, 366-2. Параға сатып алу, 366-3. Лауазым бергені үшін пара алу, 366-4. Параны қорқытып алу баптарын енгізуді ұсынады. Автормен жасалған ұсыныс ҚР ҚК-нің 366-бабымен қамтылған, сондықтан біздің пікірімізше, оны бөлектеудің қажеті жоқ деп есептейміз.

Пара алу барысында заңда көзделмеген сыйақыны алу болашақта жасалатын әрекеттерді жасауға ынталандырады және жасалған іс-әрекеттерге төлем ретінде алу парақорлықтың түрі болып келеді. Қызмет бойынша әрекеттер (әрекетсіздіктер) үшін материалдық сыйақыны алу алдын ала келіспеген жағдайдың өзінде пара алу болып есептеледі.

В.Б. Волженкиннің пікірінше, заңнамамен көзделген жағдайда келісім бар жоғына қарамастан, пара алушы пара алғаны үшін, пара беруші пара бергені үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады [77, с. 207].

Осы пікірді заңгер-практиктер мен теоретиктердің көпшілігі қолдайды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 13-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы [110].

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы заңмен белгіленбеген сыйақыны алса, одан қажетті әрекеттердің орындалуын талап еткенін білсе онда ол пара алғаны үшін қылмыстық жауаптылықты көтереді.

Екінші нұсқа бойынша пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасалған бірақ оның лауазымдық өкілеттіктеріне кірмейтін субъекті, пара алушы лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасау жолымен осындай әрекеттер жасауға тарта алады.

Мысалы, 2018 жылдың 26 қыркүйек күні нөмірі 6350-18-00-1/25 Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық сотының үкімінен осындай жауаптылыққа тарту жағдайын көруге болады.

«2018 жылдың маусым айының 21 күні Н.А.Чукеев Егінбұлақ ауылының жерінен шөп шабу үшін жалпы 170,0 га. жер телімін уақытша өтеусіз ұзақ мерзімге 5 жылға жер пайдалану құқығын алу үшін Көкпекті ауданының

әкіміне өтінішпен жүгінген. Сол күні аудан әкімі өтінішті Көкпекті ауданының «Жер қатынастар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне орындау үшін жолдаған. 2017 жылдың 27 қыркүйек айының 27 күні аудандық маслихаттың №15-6/4 сессиясының шешімімен бекітілген комиссия құрамының төрағасы ретінде Көкпекті ауданы әкімінің орынбасары М. Темиржанов, комиссия төрағасының орынбасары жер қатынастары бөлімінің меңгерушісі Ж.Бахтинов, комиссия төрағасының орынбасары Е. Кудайбергенов қатысқан.

2018 жылдың маусым айының 25 күні жер телімдерін жеке меншікке және пайдалануға беру жөніндегі аудандық комиссиясы отырысының № 178 шешіміне сәйкес, Н.А.Чукеевқа Егінбұлақ ауылының жерінен шөп шабу үшін жалпы 170,0 га, жер телімін уақытша өтеусіз ұзақ мерзімге 5 жылға жер пайдалану құқығы берілуі мүмкін деп шешкен.

2018 жылдың шілде айында Н.А. Чукеев бірнеше рет Көкпекті ауданының «Жер қатынастар бөлімі» ММ-не құжаттарды ресімдеу үрдісі қалай жүріп жатқандығын білу мақсатында Мекеме басшысы Ж. Бахтиновқа барған. Міне осы кезде Ж.Бахтинов құжаттарды ресімдеу жұмыстары өз ретімен жүріп жатқандығын айтып түсіндірген. Содан Н.А. Чукеев Мекемеден шығып бара жатқан кезде, Көкпекті ауданының «Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-і бас маманы Ж.Копесовты кездейсоқ кездестірген. Сол кезде Ж.Копесов Н.А.Чукеевтан Егінбұлақ ауылының жерінен шөп шабу үшін жер телімін уақытша өтеусіз ұзақ мерзімге жер пайдалану үшін құжаттарды рәсімдеп жүргендігін естіп, соңғыға Мекеменің басшысына пара ретінде ақша қаражатын бермеген жағдайда, жер телімін алу мүмкін еместігін және Н.А. Чукеевқа жер телімін алуға көмек ретінде Мекеменің басшысы Ж. Бахтиновпен сөйлесіп беретіндігін айтқан.

Алайда, Мекеменің басшысы Ж.Бахтинов Көкпекті ауданы әкімінің 2018 жылғы шілде айының 09 күнгі №126к өкімі негізінде, 2018 жылғы 10 шілдеден 2018 жылғы 15 тамызына дейін 2018 жылғы кезекті еңбек демалысына шығып кеткен.

2018 жылдың шілде айында Н.А. Чукеев жер құжаттарының ресімделу үрдісін білу үшін Мекемеге қайта барған. Сол кезде Ж.Бахтинов еңбек демалысында болғандықтан, Мекеме басшысының міндетін атқарушы Е.И.Кудайбергеновқа жолыққан. Е.И. Кудайбергенов жер құжаттарының дайын болмағанын және құжаттардың ресімделіп жатқандығын айтқан. Содан, Н.А. Чукеев Е.И.Кудайбергеновтың қызметтік бөлмесінен шыққан бетте, Ж. Копесовты кездестірген. Әңгімелесу барысында Н.А.Чукеев өзінің жағдайын түсіндіріп айтқан. Ж.Копесов өз тарапынан Н.А.Чукеевтың жер құжаттарының мәселесі бойынша жүргенін біле тұра, нақ сол кезде Е.И.Кудайбергеновқа жолығып, Н.А. Чукеевтың жер телімінің құжаттары жайлы сұрастырып, жылдамдатуын сұраған. Міне осы кезде, Е.И. Кудайбергенов жер телімдерін жеке меншікке және пайдалануға беру жөніндегі аудандық комиссиясы отырысында мүше болғанда Н.А. Чукеевқа Егінбұлақ ауылының жерінен шөп шабу үшін жалпы 170,0 га. жер телімін уақытша өтеусіз ұзақ мерзімге 5 жылға

жер пайдалану құқығы берілуі мүмкін екендігін біле тұра, аталған жер құжаттарын жылдамдату үшін Н.А.Чукеевтан пара алу қылмыстық ойы туындаған.

Е.И.Кудайбергенов өзінің қылмыстық ойын жүзеге асыра отырып, Ж.Копесовқа Н.А.Чукеевтан Егінбұлақ ауылының жерінен шөп шабу үшін жалпы 170,0 га. жер телімін уақытша өтеусіз ұзақ мерзімге пайдалануға алуды тездету үшін 150 000 теңге ақша қаражатын пара ретінде алуға жәрдемдесуді ұсынған. Сөйтіп, Ж.Копесов өз келісімін беріп, Н.А. Чукеевқа 150 000 теңге ақша қаражатын жер телімінің құжаттарын тездету үшін Мекеме басшысының міндетін атқарушы Е.И.Кудайбергеновқа беру керектігін айтқан.

2018 жылдың шілде айының 19 күні Н.А. Чукеевтың ұялы телефонына Ж.Копесов қоңырау шалып, Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылы, Абылайхан көшесі 19, мекен-жайында орналасқан Киров атындағы мектебі ғимаратына, яғни оның жұмыс орнына келуін айтқан. Н.А.Чукеев келісіп, аталған мекенжайға барған кезде Ж.Копесов оған Егінбұлақ ауылының жерінен шөп шабу үшін жалпы 170,0 га. жер телімін уақытша өтеусіз ұзақ мерзімге пайдалануға алуды тездету үшін Мекеме басшысының міндетін атқарушы Е.И.Кудайбергенов 150 000 теңге ақша қаражатын пара ретінде талап етіп жатқандығын айтқан. Амалсыздан Н.А.Чукеев шабындық жер телімін алу мақсатында өз келісімін берген.

2018 жылдың 19 шілдесінде 11 сағат 50 минут шамасында Н.А. Чукеев Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылы, Абылайхан көшесі 19, мекен-жайында орналасқан Киров атындағы мектебі ғимаратының үшінші қабатында Көкпекті ауданының «Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-і бас маманы Ж.Копесовпен кездесіп, Шығыс Қазақстан облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметкерлерінің бақылауымен, 100 000 теңге ақша қаражатын ары қарай пара ретінде Е.И.Кудайбергеновқа Егінбұлақ ауылынан 170 гектар шабындық шөп шабу алқабын жалға алуды тездету және аталған сұрақты оңтайлы шешуді жылдамдату үшін берген, ал қалған 50 000 теңге ақша қаражатын келесі жолы әкеліп беретіндігін айтқан» [124].

Іс материалдарынан бір лауазымды адам екінші лауазымды адамды оның лауазымдық жағдайына кіретін пара алу іс-әрекетін жасауға қолдана алатындығын көруге болады.

Пара алудың объективтік жағын сипаттайтын үшінші нұсқада жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі көзделген.

Жалпы қамқорлық бағалаушы ұғым, оған нақты анықтама беру үлкен қиындыққа әкеліп отыр. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы осы екі ұғымға заңды анықтама беріп отыр.

Сот органы қызметі бойынша жалпы қамқоршылық, атап айтқанда, бағынышты адамды белгіленген тәртіпті бұзып неғұрлым жоғары лауазымға тағайындаудан, оны көтермелеу төлемдерін төлеуге не марапаттауға және т.б. ұсынылатын адамдардың тізіміне енгізуден байқалуы мүмкін. Пара беруші жасаған бұзушылықтар және т.б. анықталған жағдайда бақылаушы органның

лауазымды адамының өзінің құзыретіне кіретін жауаптылық шараларын қолданбауға келісуі қызметінде жол берушілігі жатады [95].

Алайда, қызметі бойынша жол берушілік кеңейтілген түсіндірілуге жатады, себебі бір жағынан пара алушы мен пара беруші арасында қарым-қатынас туындайды, сондай-ақ алдын ала белгісіз адамдар тобымен қарым-қатынас болады. Сөйтіп, өзара байланыс лауазымдық өкілеттіктерді іске асыру барысында қалыптасады.

Жалпы қамқорлық немесе жол берушілік қызмет бойынша бағынысты адамдарға, сондай-ақ билік өкілі функциясын жүзеге асырылатын адамдарға қатысты көрсетілуі мүмкін.

Кейбір авторлар пікірінше, мәселен, В.Е. Фомина парақорлықтың нысаны ретінде жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігін бөлу қажет емес, себебі РФ ҚК 290-бабының 3-бөлігінде және ҚР ҚК-нің 366-бабының 2-бөлігінде заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін саралаушы белгілер бар - деп есептейді [125].

Осындай пікірмен, келісу өте қиын себебі заңды түрде «заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) ұғымы өте кең ұғым сондықтан заңдылық қағидасы ережелеріне қайшы келеді. Ондай жағдайда барлық әрекеттерді құқық нормаларына сәйкес құрамында құқық бұзушылық құрамының бар-жоғына карамастан заңсыз деп санай беруге болады.

Ж.А. Тенгизованың пікірінше, жалпы қамқорлық немесе жол берушілікті бөлек парақорлық нысандарына жатқызу заңды түрде негізделген [126, с. 75].

Осы жағдайды біздің сот органдары да қолдайды. Жоғарғы соттың нормативтік қаулысында: «Адамның оған бағынысты немесе оның қызметтік өкілеттігі жүретін өзге де адамдардан қамқоршылығы немесе қызметінде бетімен жібергені, оның құзыретіне кіретін мәселелерді оңынан шешкені, сондай-ақ алдағы уақытта шешілуі мүмкін мәселелер үшін ақшалай қаражатты немесе өзге де құндылықтарды алуы пара алу деп бағалануға тиіс», - деп көрсетілген [95].

ҚР ҚК-нің 366-бабының 1-бөлігін жүйелі талдау барысында жалпы қамқорлық немесе жол берушілік барысында алынған пара алу заңды әрекеттерді орындауды қамтиды деп есептейміз, ал ҚР ҚК-нің 366-бабының 2-бөлігі заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) үшін пара алуды қамтиды. Сондықтан бұл нормалар жалпы және арнайы деп қолдануға жатпайды.

Демек, жалпы қамқорлық немесе жол берушілік үшін пара беру немесе пара алу субъектілері алдын-ала нақты іс-әрекеттерді (әрекетсіздікті) көздемейді, бірақ олар болашақта шенеуніктің мінез-құлқы үшін сыйақы беріп отырғанын сезінеді.

Төртінші нұсқада айтарлықтай мөлшерде жасалған дәл сол іс-әрекет, сол сияқты заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін пара алу жағдайы көзделген.

Айтарлықтай мөлшер ұғымы ҚР ҚК-нің 3-бабының 2-тармағына сәйкес анықталады: «... ҚР ҚК-нің 366 және 367-баптарда – елуден үш мың айлық

есептік көрсеткішке дейінгі ақша сомасы, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің немесе мүліктік сипаттағы пайданың құны» [69].

Заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) заңнамамен көзделген талаптарға кері жасалған болып саналады. Заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) үшін пара алу пара берушінің пайдасына кез келген құқықбұзушылықты (азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және еңбек саласында т.с.с.) жасау деп түсіндірілуі тиіс. Егер заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) қылмыстық сипатта болса, онда осы белгісі бойынша объективтік жағынан ҚР ҚК-нің 366-бабының 2-бөлігі бойынша және ҚК сәйкесінше баптары бойынша қылмыстар жиынтығы (жымқыру, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану т.с.с.) бойынша саралау керек.

ҚР ҚК-нің 366-бабының 3-бөлігінде саралаушы белгілер қатарына объективтік жағының міндетті белгісі пара алудың тәсілі – қорқытып алу жолымен жасау көзделген. Қорқытып алу анықтамасы сот практикасында былай көзделген: «Қорқытып алу адамның пара берушінің немесе олардың атынан ол өкілдік етіп отырған тұлғалардың заңды мүдделеріне залал келтіруі мүмкін әрекеттерді жасаймын деп қорқытып пара талап етуін не құқықпен қорғалатын мүдделер үшін зиянды салдарын болдырмау мақсатында оны пара беруге мәжбүр болатындай жағдайға қасақана қоюды білдіреді.

Егер параны берген адамда осы қатердің төнуінен іс жүзінде сақтануға негіз болса, параны алған адамның аталған қатерді жүзеге асыру мүмкіндігінің болған-болмағанына қарамастан, кінәлі адамның әрекеттері ҚК-нің 366-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағы бойынша (қорқытып алу жолымен пара алу) саралануға тиіс. Қылмыс субъектісінің келісімімен немесе нұсқауы бойынша қорқытып алуды пара алушы болып табылмайтын басқа адам жүзеге асырған жағдайда да пара алуды осы жолмен саралаған жөн» [95].

ҚР ҚК-нің 367-бабы пара берудің объективтік жағы пара затын тікелей және делдал арқылы беруді қамтиды. Пара пара алушыға заңды және заңсыз әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жасауға берілуі мүмкін. Пара алушының заңсыз әрекеттері (әрекетсіздіктері) әртүрлі болуы мүмкін құқығы жоқ адамға автокөлік куәлігін алып беру, пәтер кезегінде кейін тұрған адамға кезектен тыс негізсіз пәтер алып беру, қылмыстық жауаптылықтан заңсыз босату т.с.с. Егер осы заңсыз әрекеттер көлемінде пара алушы қылмыстық іс-әрекеттер жасаса, онда пара берушінің әрекеттері осы баптан басқа қылмыстар жиынтығы бойынша қосымша қылмысқа айдап салушы ретінде жауапқа тартылуы тиіс. Пара алушы берілген параны алған сәттен бастап қылмыс аяқталған болып табылады, яғни қылмыс құрамы формальды болып саналады.

Жоғарғы соттың нормативтік қаулысының түсініктемесінде (16-17 тармақтарында) «Егер пара алушының еркіне байланысты емес мән-жайларға сәйкес пара алынбаса, ол жасаған әрекетті келісілген параны алуға оқталу деп саралаған жөн. Пара алушы ұсынылған параны алудан өз еркімен бас тартқан кезде ол жауаптылыққа тартылуға жатпайды, ал пара берушінің әрекеттерін пара беруге оқталу деп, ал делдалдың әрекетін — делдалдыққа оқталу деп

саралаған жөн. Адамға пара түрінде берілген ақша жалған немесе ішінара ұқсастырылған ақша белгілері болып шықса, пара алушының әрекеттерін келісілген пара сомасын алуға оқталу деп саралаған жөн. Егер пара нысанасы мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету болып табылса, мүліктік пайданы иеленуге тікелей бағытталған әрекеттер орындала бастаған сәттен (қарыз қолхаты жойылған немесе қайтарылған, мүлік немесе оған құқықтар пара алушының міндеттемелерін орындау есебіне жатқызылып басқа адамға берілген сәттен және т.б.) бастап қылмыс аяқталды деп есептеледі. Өздеріне лауазымы бойынша бағынысты адамдарға ҚК-нің 3-бабының 16), 19), 26), 27) және 28) тармақтарында көрсетілген адамға, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына пара беру жолымен қалаған әрекетке немесе әрекетсіздікке қол жеткізуді ұсынған мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшылары пара беруге айдап салушылар ретінде, ал егер пара беруді ұсынудың мақсаты тап өздері үшін артықшылық пен пайда алуды көздесе, онда олар пара берушілер ретінде жауаптылыққа тартылады» [95].

Егер пара алушы параны қабылдасамаса, бірнеше рет бас тартып қайтарса онда қажетті мән-жайлар болғанда (қылмыс жасау дәлелдемелерін қолдан жасау не бопсалау мақсатында) пара беруші ҚР ҚК 417-бабы парамен коммерциялық сатып алуға не паракорлыққа арандату үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

ҚР ҚК-нің 368-бабының паракорлыққа делдал болудың объективтік жағы екі нысанда болуы мүмкін: пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге ықпал ету; пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімді іске асыруға ықпал ету.

Пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге ықпал ету - екі субъекті арасында келіссөздерді жүргізу, пара беруші мен пара алушы арасында кездесулерді ұйымдастыру, пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізуге қатысты сұрақтарды шешу.

Пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімді іске асыруға ықпал ету – пара берушімен пара алушыға тікелей пара затын беруді қамтиды.

Бұл әрекеттердің аяқталу сәті әртүрлі болып келеді. Бірінші нысанда пара алушыға және пара берушіге олардың арасындағы пара алу және беру туралы келісімге қол жеткізу сәтінен аяқталса, екінші нысанда – пара затын алу сәтінен бастап аяқталған болып келеді.

«Пара алушыға және пара берушіге пара алу және беру туралы олардың арасындағы келісімге қол жеткізуге немесе оны іске асыруға ықпал еткен адамның делдал болып табылатынын ескеріп, паракорлыққа делдалдық етуді параны беруден және алудан ара-жігін ажырата білу қажет. Осы ретте мұндай

адамды парақорлыққа делдалдық болғаны үшін кінәлі деп таныған кезде оның пара берушіден не пара алушыдан сыйақы алған-алмағаны маңызды емес.

Пара беруші мен пара алушының арасындағы параны беру мен алу туралы келісімге жетуге ықпалын тигізген сәттен бастап немесе осындай келісім іске асырылған сәттен бастап, яғни пара алушы келісілген пара сомасының кемінде бір бөлігін қабылдаған сәттен бастап делдалдың әрекеттерін аяқталған қылмыс деп есептеген жөн.

Пара беруді немесе алуды ұйымдастырған, осыған айдап салған не пара беруге немесе пара алуға өзгеше түрде көмектескен және сонымен қатар делдалдық функцияны орындаған адам пара алуға немесе пара беруге сыбайлас қатысушы ретінде жауаптылыққа тартылады. Осы ретте сыбайлас қатысушының әрекеттерін саралау туралы мәселе оның кімнің мүддесі үшін, кімнің жағында және кімнің — пара берушінің немесе пара алушының бастамасы бойынша әрекет жасағаны негізге алынып, оның ниетінің бағыты ескеріліп шешілуге тиіс. Мұндай жағдайларда парақорлыққа делдал болғаны үшін жауаптылықты көздейтін бап бойынша қосымша саралау қажет етілмейді.

Пара берушінің тапсырмасын орындаған және оның мүддесі үшін әрекет жасаған адамның әрекеттері, делдалды қоспағанда, ҚР ҚК-нің 28-бабының бесінші бөлігі және 367-бабының тиісті бөлігі бойынша саралануға жатады. Пара алушының мүддесі үшін жасалған осындай әрекеттерді ҚК-нің 28-бабының бесінші бөлігі және 366-бабының тиісті бөлігі бойынша саралаған жөн» [95].

Тергеу және сот практикасында үлкен қиындық туғызып отырған жалған делдалдық, яғни пара берушіден делдал пара алушыға бермек болған пара затын шын мәнінде беру ниетінің болмауы мәселесі табылады.

И.Ш. Борчашвилидің пікірінше, практикада екі жағдай болуы мүмкін: 1. жалған делдал пара берушіні оның пара алушыға қатысты барлық байланыстары мен таныстық қатынастары бар екенін көндіріп пара затын алып алады; 2. пара беруші өзі лауазымды адамның әрекет жасауына мүдделі бола тұра, жалған делдалға пара затын береді [94, с. 317].

Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының 20-тармағына сәйкес егер адам пара берушіден ақша немесе басқа құнды заттарды адамға пара ретінде беру үшін алып, бірақ апарып беру оның ойында болмай өзі пайдаланса, оның жасаған әрекеті алаяқтық ретінде саралануға тиіс. Егер бұл адам құндылықтарды иемдену мақсатында пара берушіні пара беруге итермелесе, онда оның әрекеті алаяқтықпен бірге пара беруге айдап салушылық болып, ал мұндай жағдайларда пара берушінің әрекеті пара беруге оқталғандық болып қосымша саралануға тиіс. Осы ретте пара берілетін нақты адамның көрсетілген-көрсетілмегені маңызды емес [95].

Алайда, осы жерде тек пара беруге айдап салушылыққа оқталғандық жөнінде айтқан дұрыс сияқты, бұл жерде осы жағдай жалған делдалға да қатысты қолданылуы тиіс. Пара беруші пара беруге оқталғандық үшін жауап

берсе, жалған делдал әрекеті пара беруге айдап салушылыққа оқталғандық үшін жауап беруі тиіс. Осы өзгерісті Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысының 20-тармағына енгізген жөн деп санаймыз.

ҚР ҚК-нің 369-бабы қызметтік жалғандық жасау объективтік жағынан бірнеше әрекеттерді қамтиды: 1. ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтерді енгізуі; 2. ресми құжаттарға олардың шынайы мазмұнын бұрмалайтын түзетулер енгізуі; 3. көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар беруі.

Қызметтік жалғандық әрекеттердің тәсілі бойынша екі түрге бөлінеді: материалдық және зияткерлік.

Материалдық жалғандық кезінде ресми құжаттың шынайлығы оның нысанына әсер ету жолымен (қол қоюлар, мөрлер, таңбалар т.с.с.) немесе оның мәтінін өзгертумен (яғни материалдық жалған жасау іздері қалады) сипатталады. Материалдық жалғандық толық жалған құжат жаалғанда немесе оның мазмұны мен нысанын өзгерткенде де орын алады.

Материалдық жалғандық бойынша келесі мысал практикадан келтіруге болады: «2018 жылғы 19 қарашада Кирилченко Т.И. кезекшілік кезінде жұмыспен қамту орталығынан қызметкері бола тұра, Ертіс ауданы Г.Нүкенованы жұмысқа қабылдау туралы № 48 жолдама оның атынан қол қойды.

Осыған байланысты, дәл сол күні, 19 қараша 2018 ж. Кирильченко Т.И. жұмысқа орналасуға тікелей жауапты болуына байланысты ауылдық округінің жұмыссыз азаматы Г.С. Нукеновамен кездесті, ол өзінің хабарлауынша Косколь ауылында Комсомольская көшесінде орналасқан үйінде болған, соңғысына еңбек шартына қол қою және жұмысшы ретінде жұмысқа қабылданатыны туралы ескертті. Бірақ, оған материалдық көмек ретінде отын алып беру қажеттігі жөнінде түсіндірді.

Осыған байланысты Т. Кирильченко Г.С. Нукеноваға жанашырлық ниетінен әкім аппаратының жалпы жұмыскері лауазымында жалақы түрінде соңғы материалдық пайда алу мақсатында ресми құжаттарға көрінеу жалған ақпарат енгізуге бағытталған қылмыстық ниет пайда болды. Г.С. Нукенованың келісімін алып 2018 жылдың 19 қарашасында Т.И. Кирильченко оның қолын қойып №10 19.10.2018 жылмен еңбек шартына қол қойды» [127].

Зияткерлік жалғандық барысында оның шынайы мәтінінің мазмұнына өзгерістер енгізіледі. Кінәлі адам ресми құжатқа тек жалған мәліметтер енгізеді (оның мазмұны жасалынады, ал нысаны толық заңды болады).

Қызметтік жалғандықтың келесі жеке түрі көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар беруі, ол мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның заңды мағынасы бар фактілерді куәландыратын жалған мәліметтері бар құжаттарды басқа адамға беру деп түсінуіміз керек.

Статистикалық мәліметтер көрсеткендей, Қазақстан Республикасында 2009 жылы – 40, 2010 жылы – 27, 2011 жылы -26, 2013 жылы -21, 2014 жылы –

19, 2015 жылы – 34, 2016 жылы – 481, 2017 жылы – 191, 2018 жылы – 189 қызметтік жалғандық тіркелген [128].

Қылмыстық істерді зерттеу барысында ҚР ҚК-нің 369-бабы бойынша 20-25% істерде ресми құжаттарға көрінеу жалған мәліметтердің енгізуі, 40-45% ресми құжаттарға олардың шынайы мазмұнын бұрмалайтын түзетулер енгізуі, ал қалған жағдайларда көрінеу жалған немесе қолдан жасалған құжаттар беруі орын алған.

ҚР ҚК-нің 369-бабында аталған іс-әрекеттерді жасау мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның қылмыстық әрекетін ғана құрайды, ал басқа субъектілер жасаса бұл әрекеттер ҚР ҚК-нің басқа баптарының құрамын құрайды.

Қызметтік жалғандық көзделген іс-әрекеттерді жасау сәтімен аяқталады, сондықтан қылмыс құрамы формальдық. Бұл жерде, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адам жалған құжатты қолданды ма, әлде жоқ па, қандай зардаптарға әкелді немесе әкелмеді, оның мәні болмайды.

ҚР ҚК-нің 370-бабы қызметтегі әрекетсіздік объективтік жағынан үш міндетті белгіні қамтиды:

1. Әрекетсіздік - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы;

2. Зардап - бұл азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғуы;

3. Себептік байланыс - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы салдарынан азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкелген жағдайда орын алады.

Талданып отырған қылмыс тек іс-әрекеттің бір нысаны әрекетсіздікпен жасалады. Арнайы субъект өзіне жүктелген қызметтік міндеттерін орындауға толық мүмкіндігі бола тұра, ол міндеттерді орындаудан бас тартып отырады. Арнайы субъектінің қызметтік міндеттерін орындамауы заңмен және құқықтық актілермен белгіленген ережелермен қарама-қайшылықта болуы тиіс.

Қызметтегі әрекетсіздік қылмыс құрамы жағынан материалдық қылмыс құрамы болып келеді. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өзінің қызметтік міндеттерін орындамауы ҚР ҚК-нің 370-бабының 1-бөлігінің диспозициясында көзделген зардаптарға әкелуі тиіс. Азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе

мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу зардабы орын алғанда қылмыс аяқталған болып есептеледі.

Қызметтік міндеттерін орындамау мен келтірілген зардап - азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде бұзу арасындағы себептік байланыс анықталуы тиіс, оның болмауы қылмыстық жауаптылықтың жоқ екендігіне әкеледі. Әрбір жағдайда қызметтік міндеттерін орындамауы заңмен көделген зардаптарға әкелгенін дәлелдеу керек, ол аяқ асты болмағанын көрсету керек.

Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы әрекет (әрекетсіздікпен) сипатталады, қызмет бойынша жүктелген өкілеттіктерді пайдаланумен бөтеннің мүддесіне зиян келтіруді қамтиды (ҚР ҚК-нің 253-бабының 1-6 бөліктеріне осы жағдай қолданылмайды).

Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың объективтік жағының міндетті белгісі қылмыстық құқық бұзушылықты жасау тәсілі – қызметтік өкілеттерін пайдалануы (ҚР ҚК-нің 250-251, 253 баптары), өкілеттіктерді асыра пайдалануы (ҚР ҚК-нің 252 бабы).

Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың объективтік жағы заңды құрамы жағынан көбінесе материалдық құрамдар (ҚР ҚК-нің 250-251, 252 баптың 2-бөлігі, 254 баптар). ҚР ҚК-нің 253-бабында көзделген параға коммерциялық сатып алу қылмыс құрамы формальды болады.

А.В. Наумов, С.М. Рахметов, А.Н. Ағыбаев, А.А. Смағұлов, И.А. Клепицкий, Н.А. Лопашенко сынды ғалымдар пікірінше, көп қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамы материалдық болып табылады және дау туғызбайды.

Сонда да, кейбір ғалымдар осы қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын формальды-материалдық құрамдар қатарына жатқызады.

Мәселен, В.В. Сверчков пікірі бойынша, «елеулі зиян» ұғымы бағалаушы категория, ол материалдық және материалдық емес қылмыстар құрамдарында болады, - деп есептейді [129, с.159].

В.В. Сверчков ұсынған осы мән-жай қылмыстық құқық бұзушылық құрамын материалдық не материалдық емес деп есептеуге еш қатысы жоқ деп есептейміз. Қоғамға қауіпті зардаптар өзіндік ерекшеліктермен сипатталады және олар кешендік сипатта болады.

Оны толық сипаттауды ҚР ҚК-нің 3-бабының 14-тармағы көрсетіп отыр: «елеулі зиян – осы Кодексте көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар: адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін бұзу; айтарлықтай залал келтіру; жәбірленуші адамда өмірлік қиын жағдайдың туындауы; ұйымдардың немесе мемлекеттік

органдардың қалыпты жұмысының бұзылуы; маңызды әскери іс-шаралардың өткізілмей қалуы не әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің қысқа мерзімге төмендеуі; қарулы топтарды немесе жекелеген қарулы адамдарды, құрлықтағы, әуе немесе теңіз жауынгерлік техникасын дер кезінде байқамау немесе оларға тойтарыс бере алмау, адамдардың және көлік құралдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы кедергісіз заңсыз өтуіне, контрабандалық жүктердің өткізілуіне жол беру, шекараны қорғайтын шекара құрылыстарына, техникалық құралдарға залал келтіретін іс-қимылдарға салғырт қарау; келтірілген зиянның елеулі екендігін куәландыратын өзге де зардаптар» [69].

Осы біздің пікірді Е.Е. Каженовта қолдайды, ол ҚР ҚК-нің 250-251-баптарында көзделген азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян материалдық және материалдық емес болып келеді, - деп есептейді [130, с. 446].

Материалдық зиян келгенде азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қаржылық және мүліктік шығындар келеді. Материалдық емес зиян келгенде денсаулық нашарлайды, қиын өмірлік жағдайға түседі, жұмыстан айрылады т.б.

Алайда, қандай зиян келгенінен қарамастан (материалдық және материалдық емес) нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамының қоғамға қауіпті зардабын сипаттайды. Сондықтан, бұл аталған қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары материалдық болып қала береді. «Егер зиян келіп, сот оны елеулі зиян деп бағаласа, қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз бар деп есептеледі» [131, с. 77]. Егер кінәлі іс-әрекетінде көзделген зиян орын алмаса немесе зиян елеулі деп танылмаса, онда қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіз болмайды, не белгілі жағдайларда қылмысқа оқталу болуы мүмкін.

В.И. Динеки пікірінше, зиянды зардаптар келмейінше қызметтік қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуға келмейді, себебі оларда дайындалу және оқталу сатылары болмайды [132, с. 527].

Алайда, біздің пікірімізше, осындай сатылар болуы мүмкін. Мәселен, дайындық әрекеттері қылмыс жасауға алдын ала келісуі жағдайында орын алуы мүмкін (қылмыс жасауға келісімдік). Бірақ, қаралып отырған қылмыстар ішінен саралаушы белгілері жағынан ҚР ҚК-нің 252-бабы жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы, ҚР ҚК-нің 251-бабы жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы және ҚР ҚК-нің 253-бабы параға коммерциялық сатып алуында ғана дайындық сатысы болуы мүмкін. ҚР ҚК-нің 24-бабының 2-бөлігінде дайындалу сатысы ауыр және аса ауыр қылмыстар болғанда ғана қылмыстық жауаптылыққа алып келеді, ал қалған ҚР ҚК-нің 9-тарауы. Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық

бұзушылықтардың басқа құрамдары санаты жағынан орташа ауырлықтағы қылмыстар санатына жатады.

Қылмысқа оқталу осы қылмыстар тобы бойынша орын алуы мүмкін, бірақ егер материалдық қылмыс құрамы бар қылмыстар бойынша заңда көзделген зардаптардың орын алуын ескерту орын алса, мысалы, құқық қорғау органдарының тездетілген әрекеттерімен ескерту жұмыстары орындалады.

Параға коммерциялық сатып алу қылмыстық құқық бұзушылығы (ҚР ҚК-нің 253-бабы) құрамы жағынан формальды қылмыстық құқық бұзушылық. Осындай пікірге қарамастан, кейбір ғалымдар оның формальдығына күмән туғызады. П.С. Яни пікірінше, параға коммерциялық сатып алу қылмысының аяқталу зиян келтіру сәті табылады, қызметшімен заңсыз сыйақы алу не осындай сыйақы үшін берушінің мүддесі үшін әрекет жасау табылады. П.С. Яни пікірінше, РФ ҚК-нің 201-бабы - Өкілеттіктерді теріс пайдалану бабының іс-әрекетпен зиян келтіру РФ ҚК 23-тарауындағы барлық баптарға да қолдануы тиіс, - деп санайды [72, с. 49].

Алайда, заңшығарушы параға коммерциялық сатып алу қылмыстық құқық бұзушылық құрамын материалдық жасағысы келсе, нақты жобасын жасау кезінде ұсынар еді. Сондықтан, заңшығарушы жасаған параға коммерциялық сатып алу қылмыстық құқық бұзушылық құрамы объективтік жағынан формальды болып келеді және аяқталу сәті коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамға ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге мүлікті заңсыз беру, сол сияқты оның өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүдделеріне қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін оған мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз көрсету немесе заңсыз алуы, сол сияқты өзінің қызмет бабын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ параға сатып алуды жүзеге асыратын адамның мүдделерінде қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін мүліктік сипаттағы көрсетілетін қызметтерді пайдалануы кезінен бастап аяқталады. Коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адаммен берген адамға қатысты қарсы жауап беру іс-әрекеттері параға коммерциялық сатып алудың объективтік жағын құрамайды, - деп санаймыз.

Ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге мүлікті заңсыз беру сәтсіздікке ұшыраса және адам еркінен тыс жағдайларға байланысты болса, параға коммерциялық сатып алуға оқталу ретінде саналуы тиіс.

ҚР ҚК-нің 254-бабы міндеттеріне адал қарамау объективтік жағынан үш белгіні қамтиды: а) іс-әрекет - коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның өз қызметіне адал қарамауы немесе ұқыпсыз қарауы салдарынан өз міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы; б) зардап - бұл адам өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкелу; в) себептік байланыс іс-әрекет пен зардап арасында дәлелденуі тиіс.

ҚР ҚК-нің 254-бабы міндеттеріне адал қарамау мен ҚР ҚК-нің 371-бабы салғырттық объективтік жағынан әрекет пен де әрекетсіздікпен жасалынады.

Өз міндеттерін орындамау деп коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның міндеті болып табылатын міндеттерін жүзеге асырмауын айтамыз. Тиісінше орындамау ретінде көзделген міндеттерді толық орындамауы, көзделген ережелерге сәйкес теріс орындауын айтамыз.

Коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның осы іс-әрекеттерінің салдарынан ғана адам өлімі немесе ауыр зардаптар болуы тиіс. Ауыр зардаптар материалдық және материалдық емес болуы мүмкін. Материалдық зардаптар мүліктік және қаржылық шығындар түрінде болса, материалдық емес денсаулық жағдайының нашарлауы, әріптестермен тиімді шарттардың бұзылуы күйінде болады.

Ауыр зардаптардың толық тізімі ҚР ҚК-нің 3-бабының 4-тармағында берілген: «адам өлімі; екі немесе одан да көп адамның өлімі; жәбірленушінің немесе оның жақынының (жақындарының) өзін-өзі өлтіруі; денсаулыққа ауыр зиян келтіру; екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру; адамдардың жаппай сырқаттануы, ауру жұқтыруы, сәулеленуі немесе улануы; халық денсаулығы мен қоршаған орта жай-күйінің нашарлауы; қаламаған жүктіліктің болуы; техногендік немесе экологиялық зілзаланың, төтенше экологиялық ахуалдың туындауы; ірі немесе аса ірі залал келтіру; жоғары қолбасшылық қойған міндеттерді орындамай қалдыру; мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіру, апаттар немесе авариялар; әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің ұзақ уақыт төмендеуі; жауынгерлік міндеттерді орындамай қалдыру; жауынгерлік техниканың істен шығуы; келтірілген зиянның ауырлығын куәландыратын өзге де зардаптар» [69].

Өзге де қызмет мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына келесілер жатады: ҚК 189-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу; 190-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) Алаяқтық; 216-бап (екінші бөлігінің 4) тармағы) Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау; 217-бап (үшінші бөлігінің 3) тармағы) Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету; 218-бап (үшінші бөлігінің 1) тармағы) Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату); 234-бап (үшінші бөлігінің 1) тармағы) Экономикалық контрабанда; 249-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) Рейдерлік; 307-бап (үшінші бөлігінің 3) тармағы) Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру; 450-бап. Билікті теріс пайдалану; 451-бап (екінші бөлігінің 2) тармағы) Билікті асыра пайдалану; 452-бап. Биліктің әрекетсіздігі.

Өзге де қызмет мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар басқа ҚК-тің тарауларында көзделсе де сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар болып оның субъектісіне қатысты заңшығарушымен жатқызылған.

ҚК 189-бабы (үшінші бөлігінің 2) тармағы) сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу объективтік жағынан тек әрекетпен жасалады және жымқырудың екі нысанын қамтиды: мүлікті иемденіп алу және талан-таражға салу. Осындай мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу кінәліге тапсырылған мүлікке ғана қатысты болады.

Иемденіп алу – бөтеннің мүлкін заңсыз иеленуді айтамыз, ол талан-таражға салудың бастапқы сатысы болып келеді. Егер мүлік осы кезде сеніп тапсырылған адамда қала берсе, онда талан-таражға салу орын алмайды.

Талан-таражға салу – сеніп тапсырылған мүлікті кінәлі адамға немесе өзге адамдардың пайдасына құқыққа қайшы, ақысыз айналдыруды айтамыз. Бұл жерде, сеніп тапсырылған мүлік белгілі бір өкілеттікті жүзеге асыруға емес, заңсыз пайдаланылады, сатылады, үшінші тұлғаларға беріледі немесе субъектінің өзімен қолданылады.

Бұл қылмыс мүлікке заңсыз билік ету, яғни мүліктен кез келген нысанда айыру сәтінен бастап аяқталған болып саналады.

Өзге де қызмет мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарына жататын ҚК 189-бабында (үшінші бөлігінің 2) тармағы) қылмыс субъектісі объективтік жағынан өзінің қызмет бабын пайдалануы тиіс.

ҚР ҚК-нің 190-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) алаяқтық объективтік жағынан бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемденуді қамтиды.

Алаяқтық қылмысының объективтік жағында міндетті белгісі оны жасау тәсілі болып табылады. Алаяқтықты жасаудың төрт тәсілі бөлуге болады:

- а) алдау жолымен бөтеннің мүлкін жымқыру;
- б) сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкін жымқыру;
- в) алдау жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену;
- г) сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену.

Алдау – қасақана түрде шындықты бұрмалау нәтижесінде жәбірленушіге жалған мәліметтерді беру сонымен қатар, шындық жөнінде ақпаратты айтпау, оны белгілі фактілер жөнінде қателікке әкелетін мәліметтер беру жолымен жәбірленушінің өз еркімен алаяққа мүлікті немесе мүлікке құқықты беруге итермелеуді айтамыз.

Алаяқтық кезінде алдау ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Алаяқтық кезінде жалған, жасанды құжаттарды пайдалану мүмкін. Ол алаяқтық қылмысының құрамымен қамтылған қосымша ҚР ҚК-нің 385-бабының 3-бөлігі бойынша саралауды талап етпейді.

Жымқыру жолымен жасалған алаяқтықта мүлікті алуға құқық беретін нақты мән-жайлар жөніндегі жалған мәліметтер, жәбірленушіге алдау әрекеттерімен хабарланады, соның барысында оны мүлік беруге мойындатады. Осындай алдау әрекеттері кінәлі адаммен мүлікті алу фактісімен себептік байланыста болу керек. Осымен алаяқтық басқа жымқыру нысандарынан ажыратылады.

Кең таралған алдау тәсілімен жасалған алаяқтық көбінесе сатуға немесе айырбасқа салынатын шарт пәніне қатысты оның сипаттамасын, сапасын, санын, қасиеттерін ашатын белгілерінің бұрмалауынан тұруы мүмкін. Осы жерде, кінәлі жасанды құжаттарды алаяқтық жасау үшін пайдалануы мүмкін.

Алдау тәсілі кінәліге қатысты мән-жайларға байланысты болуы мүмкін. Мәселен, алаяқ өзін лауазымды адам түрінде көрсетеді.

Сенімді теріс пайдалану деп кінәлі адам бөтеннің мүлкіне немесе мүлікке құқықты екеуінің арасындағы сенім қатынастарының бар болуына байланысты иемденуді айтамыз. Осындай сенім қатынастарының негізі болып: азаматтық-құқықтық қатынастар (сатып алу-сату шарттары, айырбас, тапсырма шарттары), еңбектік, туыстық, достық және қызмет бабын пайдалану жағдайлары табылады. Сенімді теріс пайдалану тәсілі бұл алдаудың ерекше түрі деп те атауға болады. Сенімді теріс пайдалану алдаусыз мүмкін емес, сондықтан алдау дәлелденбесе, онда сенімді пайдаланғаны жөнінде әңгіме көтерілмейді де.

Алаяқтықтың объективтік жағының ерекшелігі жәбірленуші өз еркімен алдау немесе сенімді теріс пайдалану есесінен қателесу барысында мүлікті береді немесе мүлікке құқықты иемденуге мүмкіндік береді.

Мүліктік зардап жәбіренушіге мүлкін жымқыру немесе мүлікке құқықты иемдену нәтижесінде келтіріледі.

Мүлікке құқықты иемденудің үш түрін бөлуге болады деп есептейді И.Ш. Борчашвили:

1) мүлікті ары қарай иелену мақсатымен (мәселен, жеке немесе заңды тұлғадан алынған сенімхат арқылы жымқыру мақсатымен банктен ақша алу);

2) кінәлідегі мүлікке қатысты заңды билік етудің жағдайын көрсету (заңсыз қолданып жүрген мүлікке құқыққа ие болу құжаттарын алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен алу);

3) бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатынсыз оны басқару бойынша жеке өкілеттіктер ие болу (мәселен, жер учаскесіне билік ету құқығын алу) [130, с. 323].

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары бойынша қылмыс субъектісі қызмет бабын пайдаланғанын көрсету керек.

Сонымен, мүлік алынып кінәлі адам оны нақты пайдалану және билік ету мүмкіндігіне ие болған сәттен бастап алаяқтық аяқталған болып табылады.

ҚР ҚК-нің 216-бабы (екінші бөлігінің 4) тармағы) Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау объективтік жағынан үш міндетті белгілерді қамтиды: а) іс-әрекеттер - жеке кәсіпкерлік субъектісінің іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер; б) зардап - азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтіру; в) себептік байланыс - жеке кәсіпкерлік субъектісінің іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей

шот-фактура жазу бойынша әрекеттері салдарынан азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келуі тиіс.

Шын мәнінде, кінәлі адам жеке тұлғамен, заңды тұлғамен келісе отырып өзара көзделген азаматтық құқықтық шартты орындамайды. Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазылады, оның мақсаты салықтан жалтару, ақшаны қолма-қол алу, шот-фактура ақшаның қолма-қол алынуына мүмкіндік туғызады.

Ірі залал мөлшері ҚР ҚК-нің 3-бабының 38-тармағында көзделген: «216-бапта – азаматқа айлық есептік көрсеткіштен екі мың есе асатын сомада келтірілген залал не ұйымға немесе мемлекетке айлық есептік көрсеткіштен жиырма мың есе асатын сомада келтірілген залал» [69].

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы материалдық – келтірілген зардап орын алғанда қылмыстық құқық бұзушылық аяқталған болып есептеледі.

ҚР ҚК-нің 217-бабы (үшінші бөлігінің 3) тармағы) қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету объективтік жағынан келесі әрекеттерді қамтиды: а) қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру; б) қаржылық (инвестициялық) пирамидаға басшылық ету.

ҚР ҚК-нің 217-бабының диспозициясында қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құрудың әрекеттерін толық сипаттап отыр, яғни «тартылған қаражатты қабылданған міндеттемелерді қамтамасыз ететін кәсіпкерлік қызметке пайдаланбай, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ақшасын немесе өзге мүлкін не оған құқығын қайта бөлу және бір қатысушыларды басқалардың жарналары есебінен байыту арқылы осы активтерді тартудан табыс алу (мүліктік пайда табу) жөніндегі қызметті ұйымдастыру» [69].

Қаржылық (инвестициялық) пирамидаға немесе оның құрылымдық бөлімшесіне басшылық ету – ол оның қызметін үйлестіру, сондай-ақ қатысушылар арасында міндеттерді бөлуді қамтиды.

ҚР ҚК-нің 217-бабының объективтік жағының міндетті белгісі оның жасау тәсілі болып табылады - жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ақшасын немесе өзге мүлкін не оған құқығын қайта бөлу және бір қатысушыларды басқалардың жарналары есебінен байыту.

О.Б. Филипец сот-тергеу практикасын талдау нәтижесінде қаржылық (инвестициялық) пирамидаларды бірнеше түрлерге жіктеп отыр:

1) пирамидалардың ұйымдастырушылар мен басшылары көздеген «мақсаты» бойынша:

а) инвестициялық жобаларға қажет деп ақша немесе мүлікті жинаумен айналысатын қаржылық пирамидалар;

б) әртүрлі клубтар, өзара көмек көрсету қоғамдары қызметі түрінде әрекет ететін қаржылық пирамидалар;

2) өз қызметін жарнамалау тәсілі бойынша:

а) ғаламтор желісінде әрекет ететін қаржылық (инвестициялық) пирамидалар;

б) жарнамалық хабарландырулардан әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан олардың қызметі жөнінде заңды және жеке тұлғалар білетін қаржылық (инвестициялық) пирамидалар;

3) жүзеге асыратын қызметінің сипаты бойынша:

а) ештеңе шығармайтын өнім жоқ пирамидалар, оның капиталы жаңа әріптестерді тартудың арқасында қалыптасады;

б) желілік маркетинг қағидасы бойынша құрылған «жасырылған» қаржылық (инвестициялық) пирамидалар [130, с. 377].

Осы пирамидалардың барлығы бойынша көзделген қылмыстар белгіленген кесте бойынша жасалады. Жасалынатын шарттардың негізгі басты шарты ақша қаражаттарын немесе өзге мүлікті компанияға салу белгілі уақыттан соң табысқа ие болумен сипатталады.

ҚР ҚК-нің 218-бап (үшінші бөлігінің 1) тармағы) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) объективтік жағынан үш әрекетті қамтиды:

а) қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатын мүлікті конверсиялау немесе аудару түрінде мәмілелер жасасу арқылы қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңды айналымға тарту;

б) қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатыны белгілі мүлікті иелену және пайдалану;

в) қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатыны белгілі мүліктің шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, оған билік ету, оны ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілігін жасыру немесе жасырып қалу;

г) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға делдалдық ету.

Осы әрекеттердің барлығы қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар мен мүлікті қамтуы тиіс, сол жағдайда ғана ол қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) болып есептеледі.

Заңдастыру анықтамасы «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңының 1-бабында берілген: «қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) – қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатын мүлікті конверсиялау немесе аудару түрінде мәмілелер жасасу арқылы қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңды айналымға тарту не мұндай мүлікті иелену және пайдалану, егер мұндай мүліктің қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатыны белгілі болса, оның шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, оған билік ету, оны ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілігін жасыру немесе жасырып қалу, сол сияқты қылмыстық жолмен

алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға делдалдық ету» [101].

Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңды айналымға тарту әртүрлі қаржылық операциялармен жасалуы мүмкін:

- ақша қаражаттарын шоттарға орналастыру, әртүрлі банктерге оларды орналастыру; басқа валютаға ауыстыру;

- заңды және жеке тұлғалардың банктік салымдарын ақша қаражаттарымен толықтыру оларды қайта қайтару.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатыны белгілі мүлікті иелену және пайдалану оларға нақты ие болу және оларды әртүрлі әрекеттерде қолдануды білдіреді. Ол кәсіпкерлік қызмет және өзге де экономикалық қызмет болуы мүмкін, яғни былай қарағанда ол заңды бизнеске ұқсас болады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатыны белгілі мүліктің шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, оған билік ету, оны ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілігін жасыру немесе жасырып қалу әрекеті банктер мен ұйымдар арқылы заңды мәмілелерге жасырылып заңсыз мәмілелер мен операциялар жасалады. Ол түскен қаражаттар әртүрлі төлемдерді жасау үшін қолданылады: қызметтер, жұмыстар, тауарлар үшін төленеді. Мұндай әрекеттерге көптеген шаруашылық субъектілер агенттер ретінде тартылады.

Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға делдалдық ету заңдастырумен айналысатын тұлғаға көмек көрсетуден тұрады. Делдал қылмыстық жолмен алынған мүлік иесімен осы мүлікті кәсіпкерлік қызметте қолданатын адамды байланыстырады. Ол осындай қылмыстық жолмен алынған мүлік иелерін іздестіріп осылардың мүлкін заңдастыра алатын адамдармен біріктіреді.

Қылмыс аяқталған болып жоғарыда көзделген кез келген әрекеттерді орындаған сәтте аяқталған болып саналады, сөйтіп қылмыс құрамы формальдық болып табылады.

ҚР ҚК-нің 234-бабы (үшінші бөлігінің 1) тармағы) экономикалық контрабанданың объективтік жағы – Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасынан тауарларды, заттар мен құндылықтарды ірі мөлшерде заңсыз өткізу (алып өту) әрекетін қамтиды.

Объективтік жағының міндетті белгісі ретінде оны жасау тәсілдері көзделген:

- кедендік бақылаудан тыс;
- кедендік бақылаудан жасырын;
- құжаттарды немесе кедендік сәйкестендіру құралдарын алдап пайдалана отырып;
- тауарларды, заттар мен құндылықтарды декларацияламаумен;
- тауарларды, заттар мен құндылықтарды көрінеу анық емес декларациялаумен;

- тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарлар шығару туралы өтініште не уақытша әкелу (рұқсат беру) кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар болып табылатын, уақытша әкетілген халықаралық тасымалдау көлік құралдарына қатысты операциялар жасау туралы өтініште көрінеу анық емес мәліметтер көрсетумен, оның ішінде жарамсыз, қолдан жасалған және (немесе) көрінеу анық емес (жалған) мәліметтерді қамтитын құжаттар ұсынумен.

Аталған экономикалық контрабанданың барлық жасау тәсілдеріне түсініктеме «Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1997 жылғы 18 шілде № 10 нормативтік қаулысында берілген:

«Кедендік бақылаудан тыс контрабандалық заттардың орнын ауыстыру оларды кедендік декларациялауды немесе оған берілген оны атқару уақытынан тыс Қазақстан Республикасының заңдарымен және кедендік органдармен белгіленген кедендік постылардан, өткізу бекеті мен басқа орындардан тыс өткізіп жіберу және алып өту болып табылады.

Кедендік бақылаудан жасырын тауарларды, басқа құнды заттар мен нәрселерді кедендік бақылаудан тығу, оларды тасымалдағанда оларды тауып алуды қиындататын құпия орындарды немесе басқа тәсілдерді пайдалану немесе бір заттың орнына басқа заттың түрін беру болып табылады.

Кедендік және құжаттарды немесе кедендікке теңестірілген құжаттарды жалған пайдалану кедендік органдарға, сондай-ақ шекара бақылауын жүзеге асыратын адамдарға жарамсыз, заңсыз жолмен алынған, қолдан жасалған, сондай-ақ жалған мәліметтермен толтырылған құжаттарды көрсету, қолдан жасалған мөрлер, пломбылар, штампылар және осы сияқты кедендікке теңестірілген құралдарды немесе басқа объектілерге жататын теңестірілген түпнұсқалық құралдарды пайдалану болып табылады.

Декларацияламау немесе дұрыс декларацияламау – бұл декларанттың тауарлар туралы теріс мәліметтерді (атауы, құны, саны, салмағы және басқалар), таңдалынып алынған кеден рәсімі және (немесе) кеден мақсаттары үшін қажетті өзге де мәліметтерді кеден декларациясын пайдалана отырып кеден органына арыз жазуы не кедендік декларациялауды жүргізу кезінде тауарлар туралы мәліметтер көрсетілген осындай арызды беру міндетін орындамауы.

Тауарларға декларациялар берілгенге дейін тауарларды шығару туралы арызда немесе уақытша тасып әкелу (рұқсат беру) рәсімі бойынша, оның ішінде жарамсыз құжаттар, жалған (немесе) көрінеу теріс (қате) мәліметтер ұсынылып орналастырылған тауарлар болып табылатын, халықаралық тасымал көлік құралдарымен уақытша тасып әкетілген тауарларға қатысты операциялардың жасалғаны туралы арызда көрінеу теріс мәліметтерді көрсету» [104].

Экономикалық контрабанданың басқа ұқсас контрабанда түрлерінен айырмашылығы оның ірі мөлшерде болуы табылады.

Ірі мөлшердің құны ҚР ҚК-нің 3-бабының 38-тармағында көзделген «алып өткізілген тауарлардың он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын құны» [69].

Тауарларды немесе басқа құнды заттар мен нәрселерді заңсыз алып өту кеден аумағына кіргізу немесе оларды осы аумақтан шығару жолымен жүргізілуі мүмкін. Алып кіру және шығару деп кез-келген тәсілмен (почтамен жіберу, әуе көлігімен алып өту және қайта жіберу, қолмен, қалтаға салып, қол жүгі түрінде тасымалдау және т.б.) контрабанда заттарын өткізуді түсіну керек. Заңсыз алып өту өткізу бекеттерінде және шекарадан өтуі заңмен белгіленген (ашық алып өту сынайымен) басқа жерлерде де, сондай-ақ бұл жерден тыс та (жасырын жолмен) жүргізіледі [104].

Экономикалық контрабанданың объективтік жағын талдау көрсеткендей, біздің ойымызша міндетті белгісі ретінде оның жасалу орнын көрсету керек деп есептейміз, яғни жасалу орны - Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамы жағынан оның әрекетпен ғана жасалуы көрсеткендей формальдық болып есептеледі.

Алайда, экономикалық контрабанданың аяқталу сәтін соттық түсініктемеде соттың нормативтік қаулысында көрсетіп отыр:

- «жасырын алып кіру және шығару жүргізілген кезде тікелей шекараны қиып өткен сәттен бастап;

- ашық алып өту сынайымен алып кірген кезде - кедендік декларация тіркелген сәттен бастап, ал арнайы ереже белгіленген заттар үшін - шекара бақылауы рәсімі біткен кезден бастап;

- ашық алып өту сынайымен алып шыққан кезде - кедендік декларация тіркелген сәттен бастап аяқталған деп саналады» [104].

ҚР ҚК-нің 249-бабының (үшінші бөлігінің 2) тармағы) рейдерлік объективтік жағынан: а) келесі әрекеттердің жасалуын қамтиды: 1. заңды тұлғадағы қатысу үлесіне меншік құқығын заңсыз иемдену; 2. заңды тұлғаның мүлкі мен бағалы қағаздарын заңсыз иемдену; 3. заңсыз заңды тұлғаның үстінен бақылау орнату; б) зардап - азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарына немесе заңмен қорғалатын мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру; в) себептік байланыс әрекеттердің бірі көзделген зардапқа әкелуі тиіс.

Осы әрекеттердің ішінде екі негізгі компоненттерді бөліп көрсетуге болады: заңды және физикалық. Заңды компонент заңды тұлғаның өзін және мүлкін иемдену барысында оған билік етіледі. Физикалық компонент заңды тұлғаның үстінен бақылау орнатуды қамтиды. Рейдерлік басып алынатын мүлікке заңды және физикалық бақылау орнатуды мақсат етіп көздейді.

Рейдерлікте объективтік жағынан міндетті белгісі ретінде жасау тәсілі көзделген. Рейдерлікті жасаудың келесі тәсілдерін көрсетуге болады:

- жоғары органның шешім қабылдауы кезінде жиналыстың, отырыстың хаттамаларына, олардан үзінді көшірмелерге дауыс берушілердің саны,

кворум немесе дауыс беру нәтижелері туралы көрінеу анық емес мәліметтерді енгізу;

- дауыстар санауды немесе дауыс беруге арналған бюллетеньдердің есебін көрінеу дұрыс емес жүргізу;

- акционердің, қатысушының, басқару органы мүшесінің немесе атқарушы орган мүшесінің дауыс беруге нақты қолжетімділігін бұғаттау немесе шектеу;

- жиналыстың, отырыстың өтуі туралы мәліметтерді хабарламау не жиналыстың, отырыстың өтетін уақыты мен орны туралы анық емес мәліметтерді хабарлау;

- көрінеу жалған сенімхатпен акционердің, қатысушының немесе басқару органы мүшесінің атынан дауыс беру;

- дауыс беру нәтижелерін қасақана бұрмалау не құқықты еркін іске асыруға кедергі келтіру;

- бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығын бұзу, шектеу немесе оған қысым жасау;

- бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығын іске асыру кезінде қасақана кедергілер келтіру;

- өзге де заңсыз тәсілдер.

Өзге де заңсыз тәсілдерге ақпараттық технологияларды қолдану жолымен рейдерлікті жүзеге асыруды жатқызуға болады.

Қылмыс құрамы материалдық болып саналады және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарына немесе заңмен қорғалатын мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіргенде ғана аяқталған болып табылады.

ҚР ҚК-нің 307-бабының (үшінші бөлігінің 3) тармағы) заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру объективтік жағынан бірнеше іс-әрекеттердің болуын қамтиды:

- ойын мекемесін заңсыз ашу;

- ойын мекемесін заңсыз ұстау;

- ойын бизнесі саласындағы қызметті заңсыз ұйымдастыру;

- заңсыз ойын бизнесі үшін үй-жайлар беру;

- Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген орындардан тыс құмар ойындарын ұйымдастыру;

- Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген орындардан тыс құмар ойындарын өткізу;

- ойын бизнесі саласындағы қызметі лицензиясыз жүзеге асыру.

Ойын ұйымдарын ашу және қызмет ету тәртібі Қазақстан Республикасында арнайы заңмен көзделген – «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңы.

Заңның 1-бабының ойын бизнесі мен ойын мекемесіне анықтама берілген: «ойын бизнесі - құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастыруға және өткізуге байланысты кәсіпкерлік қызмет;

ойын мекемесі – ұтыс алуды көздейтін, осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес құмар ойындары және (немесе) бәс тігу өтетін ғимарат, үй-жай, құрылыс» [133].

Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес казино мен ойын автоматтары залдары Алматы облысында Қапшағай су қоймасының жағалауында және Ақмола облысының Щучье ауданында жергілікті атқарушы органдар айқындайтын аумақтар шегінде орналастырылуға жатады [133]. Сондықтан, басқа аумақтарда және орындарда ашуға болмайды.

Ойын мекемесін ашу қажетті ғимаратты, қызметкерлерді, жабдықтарды таңдауды, сондай-ақ қажетті басқа да әрекеттерді жүзеге асыруды қамтиды. Заңсыз ашу деп қажетті лицензиясыз, оның ашу орнын сақтамай, тіркелмей заң бұзып ашуды айтамыз.

«Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-тармағында ҚР аумағында тыйым салынған ойын түрлері көзделген:

1) осы баптың 1-тармағында көзделмеген ойын бизнесі саласындағы қызмет түрлерін жүзеге асыруға;

2) электрондық казино және интернет-казино қызметіне;

3) өзге мүлік түрінде ұтыс беруге жол берілетін казино қызметін қоспағанда, ақшадан басқа өзге мүлік түрінде мөлшерлемелер қабылдауды және (немесе) ұтыс беруді көздейтін құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастыруға және өткізуге;

4) осы Заңның 11-бабының 1-тармағында көзделген орындарды қоспағанда, ойын жабдығын кәсіпкерлік мақсатта орнатуға және пайдалануға;

5) ойын мекемелерінен (тотализаторлардың немесе букмекер кеңселерінің кассаларынан) тыс жерлерде бәс тігуге, мөлшерлемелерді қабылдауға (есепке алуға), ұтыс төлеуге;

6) тотализатор немесе букмекер кеңсесі қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар болып табылмайтын тұлғалардың бәс тігуіне, мөлшерлемелерді қабылдауына (есепке алуына), ұтыс төлеуіне тыйым салынады [133].

Ойын мекемесін заңсыз ұстау оның қажетті заңмен көзделген құжаттарынсыз, лицензиясыз, ойын бизнесі саласындағы қызмет түрлерін жүзеге асыруға қажетті құжаттарсыз мекемені қамтамасыз етуді түсінуіміз керек. Мәселен, электрондық казино және интернет казино ұстауды айтуға болады.

Электрондық казино – аппараттық-бағдарламалық кешенді және (немесе) интернет-ресурсты пайдаланатын, нақты уақыт режимінде Интернет желісі және (немесе) электрондық ақша арқылы құмар ойындарды ұйымдастыру мен өткізу мүмкіндігін іске асыратын және ұтыс алуды көздейтін мекеме. Интернет-казино – нақты уақыт режимінде Интернет желісі және (немесе) электрондық ақша арқылы құмар ойындарды ұйымдастыру мен

өткізу мүмкіндігін іске асыратын және ұтыс алуды көздейтін интернет-ресурс [133].

Ойын бизнесі саласындағы қызметті заңсыз ұйымдастыру деп осы саладағы қызмет түрлерін заңсыз жүзеге асыруды айтамыз.

Заңның 6-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметтің мынадай түрлері жүзеге асырылады: 1) казино; 2) ойын автоматтары залы; 3) букмекер кеңсесі; 4) тотализатор.

Заңсыз ойын бизнесі үшін үй-жайлар беру уақытша үй-жайларды (үйлерді, пәтерлерді, үй асты жайларды т.б.) пайдалануға беру немесе жалға беруді айтамыз. Үй-жай тұрғылықты және тұрғылықты емес болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген орындардан тыс құмар ойындарын ұйымдастыру және өткізу – заңнамада көзделген орындардан тыс, яғни Алматы облысында Қапшағай су қоймасының жағалауынан және Ақмола облысының Щучье ауданында жергілікті атқарушы органдар айқындайтын аумақтардан басқа жерлерде ұйымдастырылған орындарды айтамыз.

Ойын бизнесі саласындағы қызметі лицензиясыз жүзеге асыру – «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңының нормаларын бұзып арнайы рұқсатсыз ойын бизнесін жүргізуді түсінуіміз керек.

Қылмыс аяқталған болып қарастырылған әрекеттер жасалғаннан бастап есептеледі, сондықтан ол формальды қылмыс құрамына жатады.

ҚР ҚК-нің 307-бабының 3-бөлігінің 3-тармағында арнайы субъект - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам өзі немесе сенім білдірген адам заңда белгіленген тыйым салуға қарамастан жоғарыда сараланған іс-әрекеттерді жасағаны және бұл іс-әрекеттер мұндай қызметте жеңілдіктер мен артықшылықтар берумен немесе өзге нысандағы жақтаушылығымен байланысты екенін көрсету керек.

Сонымен, объективтік белгілер көрсеткендей, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар құрамдарында көптеген даулы мәселелер бар оларды тәжірибемен байланыстырып шешу жолдарын анықтауға тырыстық, нақты ұсыныстар жасадық.

2.3 Қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъектісін анықтау мәселелері

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 3-бабына сәйкес және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабы көрсеткендей сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектілеріне ұлттық холдингтар мен компанияларда басқарушылық функция атқаратын адамдар ғана жатады.

Осы квазимемлекеттік сектордағы кейбір қызметкерлер сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектілері қатарына жатпайды. Алайда, осындай заңдағы кемшіліктер қылмыстық қудалау органдарына сыбайлас жемқорлық әрекеттер үшін жауаптылыққа тартуға мүмкіндік бермейді, яғни айрықша сыбайлас жемқорлық тәуекелі болып табылады. Сондықтан, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 3-бабының 28-тармағына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабы 4-тармағына келесі мәтіндегі өзгерісті енгізу керек: «...квазимемлекеттік секторда материалдық-қаржылық ресурстармен және мемлекеттік бағдарламалармен байланысты құрылымдық бөлімше басшылары». Оларға: мемлекеттік сатып алулармен, материалдық-қаржылық ресурстармен және мемлекеттік бағдарламалармен байланысты құрылымдық бөлімшелер басшыларын, бухгалтерлер, заңгерлер, өзге де қызметкерлер жатуы керек.

Сонымен қатар, квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді азайту мақсатында қоғамдық бақылау мен қызметкерлердің 2 жылда ауысып тұру мүмкіндігін енгізген жөн болады.

Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың субъектісі - мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар тізіміне кіреді, яғни квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам.

Осындай адам анықтамасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 2-1 тармағында көзделген: мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – көрсетілген ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам [56].

Осы анықтаманы салыстырмалы талдау барысында «мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам» анықтамасы мен «коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам» ұғымы анықтамасына ұқсас екенін байқадық, бірақ кейбір белгілерінде осы ұғым толық емес екенін анықтадық. Мәселен, ҚР ҚК-нің 3-бабының 19-тармағында ... мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйым болып табылмайтын ұйымда... деген белгіні тастап кеткен. Анықтама толық болу үшін және екі заңның анықтамаларында сәйкестік болу үшін ҚР ҚК-нің 28-2 тармағын енгізуді және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 2-1 тармағымен толықтыруды жөн көріп, келесі мәтінде анықтама береміз: «мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам – мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйым болып

табылатын ұйымдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша орындайтын адам».

ҚР ҚК-нің квазимемлекеттік секторындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын осы субъект бойынша жіктесек, онда ондай қылмыстар қатары азаяды: ҚР ҚК-нің 189 (үшінші бөлігінің 2) тармағы), 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағы), 218 (үшінші бөлігінің 1) тармағы), 234 (үшінші бөлігінің 1) тармағы), 249 (үшінші бөлігінің 2) тармағы), 361, 362 (төртінші бөлігінің 3) тармағы), 364, 365, 366, 369, 370-баптары ғана жатады.

Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар субъектісіне қатысты мәселе нақты мемлекеттік билік субъектісіне теңелсе, жеке секторда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылық сұрақтары бөлек шешіледі.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 9-тарауы «Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталады. Осы тарауда көзделген баптар екі түрлі қылмыстық әрекеттер үшін жауаптылық көздейді: өкілеттіктерді теріс пайдалану және параға коммерциялық сатып алу. Жеке сектордағы қылмыс субъектісіне - коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам жатады.

ҚР ҚК-нің 3-бабының 19-тармағында коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам ретінде – мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы не мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйым болып табылмайтын ұйымда тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді орындайтын адам, - көзделген [69].

Жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектілерін жіктесек онда күшіндегі Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 9-тарауы «Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» көрсеткендей келесідей қалыптасады:

а) коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам (ҚР ҚК-нің 250-бабы, 253-баптың 4-6 бөліктері, 254-бап);

б) жеке нотариустар, бағалаушылар, жеке сот орындаушылары, медиаторлар және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлар не жеке күзет қызметінің қызметшілері (ҚР ҚК-нің 251, 252 баптары).

в) жалпы субъектімен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 253-бабының 1-2 бөліктері).

Бірінші топ субъектілер қатарына барлық қызметшілер емес, тек коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамдар ғана жатады.

«Ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар – қызмет бабымен бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтарды және өкімдерді шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық.

Өкімшілік-шаруашылық функциялар – ұйымның балансындағы мүлікті басқаруға және оған билік етуге Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық» [69].

Коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамдарға қатысты ғалымдар арасында даулы сұрақтар өте көп.

Кейбір авторлар коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамдарға коммерциялық ұйымдардың акционерлері де жатады, - деп есептейді [134, с. 42].

Коммерциялық ұйымдардың қатысушылары жүзеге асырған әрекеттері қызмет болып есептелмегендіктен оларды коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамдарға жатқызуға келмейді.

Н.А. Егорованың пікірінше, «... міндеттерді орындауға басқару функцияларын біріктіру негізсіз, себебі билікті жүзеге асыру міндет қана емес, субъектінің құқығы» [135, с. 45].

А.В. Наумовтың ойынша, өкілеттіктерді асыра пайдаланудың субъектісі ретінде мемлекеттік мекемелерде ұйымдастырушылық-өкімдік және өкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын адамдар бола алады, - дейді [136, с. 351].

Осы тұжырым, заң нормаларына негізделмеген сияқты, себебі ондай субъектілер лауазымды адамдар қатарына жатады.

Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлықтың субъектісін ҚР ҚК-нің басқа ұқсас баптарына ұқсастық бойынша қолдануға болады ма, - деген сұрақ та өзекті?

А.В. Шнитенков осыған байланысты ерекше тұжырым жасап отыр. Ол ұқсастық бойынша қылмыстық заңды қолдануды рұқсат етілген және рұқсат етілмеген деп бөліп көрсетеді. Егер қоғамға қауіпті іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылық ҚК-те көзделсе, онда коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамдар қылмыс субъектісінің белгілерін анықтауға қолданылса, онда рұқсат етілген ұқсастық бойынша қолдану орын алады. Егер заңда іс-әрекет үшін жауапкершілікті көздейтін норма болмаса, онда ұқсастық орын алмайды [137, с. 538].

Біздің пікірімізше, ҚР ҚК-де ұқсастық бойынша қолдануға бірнеше шарттармен тыйым салынған: 1) ҚР Конституциясында және ҚР ҚК-нің 4-бабында ұқсастық бойынша қолдануға жол берілмейді деп берілген; 2) осы қайнар көздерде осы тыйым салуды шектеулі түсіндіруге болады деп көрсетілмеген; 3) коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамдар басқа ҚР ҚК-нің баптарында арнайы субъект ретінде қолданылады деген норма жоқ.

Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылық субъектісіне қатысты келесі өзекті сұрақ коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамдар тізіміне қатысты «коммерциялық емес ұйымдар» мен «өзге ұйымдар» қалай өзара сәйкес келеді және қандай ажырату белгілері бар?

ҚР АҚ-нің 34-бабының 3-тармағына сәйкес «Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік нысанында және заңнамалық актілерде көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін. Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметпен өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай ғана айналыса алады» [91].

Өзге ұйымдарға біздің ойымызша коммерциялық емес ұйымдар субъектілерінде басқару функцияларын орындайтындар, сондай-ақ ҚР ҚК-нің 9-тарауында көзделген жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлар, жекеше күзет қызметтері қызметшілері де жататын сияқты көрінеді.

Сондықтан, коммерциялық немесе өзге ұйымда (коммерциялық емес) басқару функцияларын орындайтын адам деп ҚР ҚК-нің 3-бабының 19-тармағына өзгеріс енгізгенді жөн көріп отырмыз.

Коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын жүзеге асыру аясы коммерциялық ұйымдарды меншік нысанына қарамастан, коммерциялық емес ұйымдарды, мемлекеттік мекеме болып табылмайтын, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органы не мемлекеттің үлесі елу пайыздан асатын ұйым болып табылмайтын ұйым табылуы тиіс.

Осы пікірді қолдамайтын шетел авторлары бар, мәселен, О.Ю. Боева, пікірінше, шаруашылық серіктестіктердің қатысушылары, сондай-ақ кез келген заңды тұлғаның өкілі болып табылатын шарт негізінде қызмет ететін субъектілер жатады деп, - санайды [138, с. 28].

Осы пікір бойынша, басқару функциялары коммерциялық ұйымдарда ғана жүзеге асырылады, себебі автор нақты коммерциялық емес немесе өзге ұйымдар жөнінде ештеңе айтпайды. Сонымен қатар, белгісіз себептерге байланысты коммерциялық емес және өзге ұйымдардағы басқару функциялары немен сипатталатындығы көрсетілмеген.

Алайда, О.Ю. Боева өз пікірін жалғастыра келе, басқару қызметкері ретінде өз өкілеттігін шарт негізінде жүзеге асыратын кез келген субъект бола алады деген көзқарас білдіріпті. Сондықтан, жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі кез келген қызметкер болады, онда ол арнайы субъект белгісі тізімінен шығып қалады.

Сондықтан, бұл қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі кез келген қызметкер емес, коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам ғана болып табылады.

«Басқару функциялары» ұғымы қылмыстық заңнамада сапалық жағынан нақтыланады. Осы анықтамадан көрінгендей, әкімшілік-шаруашылық және ұйымдастырушылық-өкімдік функцияларды орындайтын адам басқару функцияларын осы міндеттермен қамтиды.

Н.А. Егорова пікірінше басқару функциялары деп құқық нормаларына негізделген уәкілетті субъектінің басқаратын объектіге оны пайдалану не пайдаланбау немесе елемеу арқылы оған субъект қылмыс жасауын қамтитын әсер етуші биліктің әлеуметтік түрі [135, с. 45.].

Осы анықтама бойынша лауазымды адамдар жүзеге асыратын функциялар да басқару функцияларына жатады, бірақ олар мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының субъектісі болып келеді.

Н.А. Егорова басқарудың функцияларын жүзеге асырудың заңды негізін екіге бөліп көрсетеді: жалпы және арнайы. Жалпы негіздерге құқықтық актілермен белгіленгендер, арнайыға – жеке актілермен анықталғандар жатады. Осы екі негіз өзара байланысты және арнайы субъектімен басқару функцияларын жүзеге асыруды белгілейді [139, с. 17].

Басқару функцияларын коммерциялық немесе өзге ұйымда оның басшылары, оның орынбасарлары, сондай-ақ өз өкілеттігінің шегінде ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын өзге де адамдар табылуы тиіс.

Алайда, әзірше маман-қызметкерлердің құқықтық мәртебесі өзекті болып отыр, себебі олардың кәсіби қызметінің салдарынан заң жағынан мағыналы зардаптар орын алады (мәселен, жеке меншік жоғары оқу орындарының оқытушылары, жеке меншік клиника дәрігерлері т.с.с.).

Біздің ойымызша, жоғары оқу орындарының оқытушылары ұйымдастырушылық-өкімдік функцияларды тек екі жағдайда орындай алады: а) егер ол оқытушы қызметімен қатар, басқару лауазымында қызмет істесе; б) жоғары оқу орнында арнайы құрылған қабылдау, мемлекеттік аттестациялау комиссиялар мүшесі немесе диссертациялық кеңес мүшесі болған жағдайда.

Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектілерінің екінші тобы - жекеше нотариустар, бағалаушылар, жеке сот орындаушылары, медиаторлар және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлар не жекеше күзет қызметінің қызметшілері (ҚР ҚК-нің 251, 252 баптары).

Бұл субъектілер арнайы лауазым иесі болғандықтан, олардың жауаптылығы шығарылған бұйрық, лицензия, еңбек шарты сияқты актілермен анықталады. Сондықтан, олардың жауаптылығы мәселесі күдік туғызбайды.

Жалпы субъектімен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚР ҚК-нің 253-бабының 1-2 бөліктері) тобы бойынша қылмыстық жауаптылыққа есі дұрыс, 16-жасқа толған кез келген адам жатады. Сонымен қатар, 16-жас деп есептеудің тағы бір негізі ҚР ҚК-нің 15-бабының 2-бөлігіндегі тізімде ҚР

ҚК-нің 253-бабының 1-2-бөліктері 14-жастан жауаптылық пайда болатын нормада көзделмеген.

Қылмыстық құқық доктринасында қай белгілерді басты және басымды деп саралау процесінде есептеу керектігі жөнінде бірыңғай пікір жоқ.

А.Я. Аснис қылмыс субъектісін сипаттайтын белгілер қызметтік қылмыстар белгілерінің жүйесінде бастапқы болып табылады, - деп көрсетеді [140, с. 24-25].

Осы пікірді сынға салған Б.В. Волженкин қызметтік қылмыстардың арнайы субъектісінің ерекшелігі қылмыс объектісімен анықталады – қызмет мүдделеріне арнайы субъект қана қол сұға алады, - деп тұжырымдайды [141, с. 136].

Кейбір ресейлік авторлар осы қылмыстардың субъектісі бойынша нақты жас ерекшелігін көрсетіп отыр. Мәселен, РФ Үкіметінің жанындағы заңнама және салыстырмалы құқықтану Институтымен дайындалған түсіндірмеде «өкілеттіктерді теріс пайдалану бабы бойынша қылмыстық жауаптылық 18 жастан пайда болады», - деп санайды [142, с. 454].

ҚР ҚК-нің 15-бабының 2-бөлігіне негізделіп, біздің ойымызша ҚР ҚК-нің 250-бабы өкілеттіктерді теріс пайдалану қылмыстық құқық бұзушылығы бойынша жас ерекшелігі 16-жасқа толған адам ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Осы шектік жас біздің ойымызша, ҚР АҚ-нің 17-бабының 2-бөлігіне негізделіп жасалған сияқты, яғни заң құжаттарында он сегіз жасқа жеткенге дейін некелесуге рұқсат етілетін жағдайда, он сегіз жасқа толмаған азамат некеге тұрған кезден бастап толық көлемінде әрекет қабілеттілігіне ие болады [91].

Сондықтан, сол коммерциялық және өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам ретінде 16-жасқа толған адам бола алады.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған жағдайлар негізінде қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің жасын нақты анықтаған жөн. Алайда, осы жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты алғанда, әсіресе коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамдарға (ҚР ҚК-нің 250-бабы, 253-баптың 4-6 бөліктері, 254-бап), сондай-ақ жекеше нотариустар, бағалаушылар, жеке сот орындаушылары, медиаторлар және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлар не жекеше күзет қызметінің қызметшілерін (ҚР ҚК-нің 251, 252 баптары) ҚК-те көрсеткен жеткілікті сияқты.

Квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар субъектісі ретінде заңды тұлғаны тану мәселесі ақырғы кезде өзекті болып отыр.

Заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылығы шетелдік заңнамамен ортағасырлардан бастап белгілі.

Еуропада феодалдық орта ғасырларда объективтік айып тағу қағидасы ұйымдар мен әртүрлі қауымдастықтарды жауаптылыққа тартуға кедергі болмады [143, с. 56].

XVI-XVIII ғғ. Францияның қылмыстық заңнамасы қауымдастықтар, корпорациялар, университеттік қоғамдар мен қалашықтар қылмыстар жасаған жағдайда оларды жауаптылыққа тартуды көздеген. Алайда, 1789-1794 жж. Ұлы француз буржуазиялық төңкерісінен кейін дербес еркіндік және дербес жауаптылық қағидасын бекіту орын алған соң заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы жөнінде ережелер қылмыстық заңнамадан алынып тасталды [144, с. 307].

Ұлыбританияда (англосаксондық құқықтық жүйеде) заңды тұлғаға қылмыстық жауаптылықты қылмыстық заңнамада қолданған жоқ. Елде болған өнеркәсіптік төңкеріс қоғамдық қатынастарға заңды тұлғалардың әсерін күшейтті. Сондықтан, заңды тұлғалардың қауіпті қызмет түрлерінің пайда болуы қылмыстық құқықта жауаптылықты күшейтуді талап етті. XIX ғасырдың ортасынан бастап соттар корпорацияларды кінәлі деп таба бастады. 1978 жылғы Түсіндірме жөніндегі Заңға сәйкес мәртебелі қылмыстар бойынша заңмен өзгеше көзделмесе де корпорацияда түсіндіріледі. 1944 жылдан бастап корпорация қылмыстық жауаптылыққа сыбайлас қатысушы немесе орындаушы ретінде кез келген қылмыс үшін тартыла бастады [144, с. 45-46].

1909 жылы АҚШ-тың Жоғарғы соты «берілген өкілеттіктерді жүзеге асыратын агенттің (өкілдің) іс-әрекеті ... мемлекеттік саясаттың мүдделері ретінде бақыланады, жұмыс берушісіне тағылған кінә мөлшерінде әрекет ететін корпорацияға жаза тағайындалады. Осы ереже негізінде төмен тұрған америка соттары корпорацияларды оның қызметшісі жасаған әрекеттер үшін жазалай бастады» берілген өкілеттіктерді жүзеге асыратын агенттің (өкілдің) іс-әрекетін ... оның жұмыс берушісіне қарсы іс-әрекетін айыптау және өзі мүддесінде әрекет ететін корпорацияға жаза қолдану арқылы мемлекеттік саясаттың мүдделері үшін басқаруға болады [144, с. 144].

Алайда, кейінгі кезеңдерде заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы англо-саксондық және романо-германдық құқықтық жүйеге жатуына байланысты шешіле бастады және романо-германдық құқықтық жүйеде заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы көзделмейтін болды.

Заңды тұлғаларды қылмыстық заңның әсер ету саласына енгізу процесі XX ғасырдың 80-жылдарында, әсіресе 90-шы жылдары - бірқатар мемлекеттердің жаңа қылмыстық кодекстердің қабылдануына байланысты белсенді жүргізіле бастады. Мәселен, 1976 жылы Нидерландыда, 1982 жылы - Португалияда, 1992 жылы - Францияда, 1995 жылы - Финляндияда заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігі орнатылды, 1997 жылы мұндай жауапкершілік көршілес Қытайда да енгізілді. Қазіргі уақытта заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы Англияда, АҚШ-та, Канадада, Шотландияда, Данияда және басқа мемлекеттерде бар. Германия мен Швецияда заңды тұлғалардың квазиқылмыстық (әкімшілік-қылмыстық) жауапкершілігі деп аталады. Квазиқылмыстық жауапкершілікке Бельгияда да рұқсат етілген - салық, кеден және ауылшаруашылық салаларында қолданылады [145].

Алғашқы рет Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылығы жөнінде профессор Ү.С. Жекебаев 1993 жылы ғылыми мақаласын Ұлттық ғылым академиясының хабаршысында басқан болатын.

Ү.С. Жекебаев, мемлекет заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізсе, онда ол бұрын алды қорғалмаған мүдделерді қорғаудың құралын жасқарта түседі, - деп көрсетті [146, с. 76].

Кейін 1993 жылы Жоғарғы Кеңестің шешімімен ҚР ҚК-нің дайындалып жатқан жобасына заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу ұсынысы жасалған болатын, бірақ бұл мәселеге қайта 2009 жылы заңды тұрғыда көңіл бөлінді. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасының 2.8. тармағында: «Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттар мен қылмыстық заңды сәйкес келтіру маңызды болып табылады. Бұл арада, атап айтқанда, сөз қылмыстық сипаттан арылту ғана емес, керісінше кейбір құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлеріне қылмыстық сипат беру, сондай-ақ қылмыстық әрекеттердің кейбір санаттары үшін, соның ішінде экологиялық, экономикалық және сыбайластық қылмыстары үшін заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу туралы болып отыр» [147].

Алайда осы ережелердің орындалуы заңшығарушымен әзірше тұжырым түрінде қалып отыр. Осы жағдайда, заңды тұлғаның қылмыстық жауаптылығын енгізуге қатысты әртүрлі отандық және шетелдік ғалымдардың көзқарастарын талдап көрейік.

Авторлар осы бағытта екі топқа бөлінген деп анықтауға болады, бір жағынан жалпы танылған қылмыстық құқық доктринасында қылмыстық жауаптылыққа тек адам тартылады, екінші жағынан кеңінен көптеген елдерде қолданылып жүрген заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы қарастырылған екен.

Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу қажеттігін қолдайтындар пікірі біржақты және оның енгізуін қазіргі өмірдегі экономикалық-саяси және жаһандану процестері талап етіп отыр.

Осы бағытта отандық ғалым И.Ш. Борчашвили азаматтық және әкімшілік заңнама көлемінде ұйымдарға айыппұл санкцияларын қолдану табиғатты қорғау заңнамасын бұзғаны үшін, сондай-ақ экономикалық және өзге құқық бұзушылықтар бойынша келтірілген зиянның мөлшеріне сай келмейді, - деп көрсеткен [148, с. 3].

Осы пікірді қолдай отырып, С.А. Балтабаев: «заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу қажеттілігі бар, себебі заңды тұлғалармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар қазіргі қылмыстылықтың бір бөлігі. ... Алайда, заңды тұлғалардың қылмыстық іс-әрекеттері дәстүрлі қылмыстылықпен әлеуметтік-экономикалық құбылыстармен өзара байланысты», - дейді [149, с. 37].

С.М. Рахметов пен Р.Қ. Сәрпеков заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігін енгізу мәселесіне өз пікірлерін білдірді: «Мұндай жауапкершілікті белгілеу қажеттілігі келесі жағдайлардан туындайды. Біріншіден, еліміздің қылмыстық заңнамасындағы көрсетілген алшақтықты жеке ұйымдардың жосықсыз басшылары ұжымдық шешімдер негізінде жасалған экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершіліктен жалтару үшін қолданады. Заңсыз ұжымдық шешім үшін жеке жауапкершілік қағидатына сүйене отырып, мұндай шешім үшін дауыс берген адамдардың ешқайсысы қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Сондықтан заңды тұлғалар жасаған экологиялық қылмыстық құқықбұзушылықтар үшін, себебі олар жиі болып тұратындықтан, ешкім қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

Екіншіден, біздің елімізде бірқатар халықаралық конвенцияларды ратификациялауға байланысты өзінің халықаралық міндеттемелерін орындауы қажет. Атап айтқанда, БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы, БҰҰ-ның трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы. Әлемнің дамыған елдерінің көпшілігі (АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Германия, Франция) осы халықаралық конвенциялардың ұсыныстарын ұстанды, заңды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тартты және осы институтты қылмысқа, оның ішінде экологиялық қылмысқа қарсы күресте сәтті қолданды. Осыған байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектілері ретінде қарастырылуы мүмкін заңды тұлғалар үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылуы керек...», - деп көрсетті [150, с. 97].

Ги Стессенс «Корпоративтік қылмыстық жауаптылық: салыстырмалы талдау» атты еңбегінде заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығының келесі артықшылықтары бар деп көрсетіп отыр: 1) көптеген қылмыстар ақырғы кезде корпорациялармен жасалғандықтан, оларға тиімді күресу шараларын қолдану үшін жазалау санкцияларды пайдалану керек; 2) тек жеке адамдарды корпорация көлемінде лауазымдық міндеттерін орындағаны үшін қылмыстық қудалау адал болмайды және қажетті нәтижеге әкелмейді, себебі құрылымдық кемшіліктер ұйымда онымен кетпейді, тек дербес адам ғана сот алдында жауапқа тартылады; 3) заңды тұлғалар жауаптылығының таңдаулы модельдері (әкімшілік, азаматтық жауаптылық) процессуалдық кепілдіктер қылмыстық процестегі сияқты тудырмайды; 4) корпорацияға үлкен сомада айыппұл салынуы мүмкін, алайда адамға салынатын айыппұлдан ол әлдеқайда жоғары; сондай-ақ корпорацияны соттау фактісі өте маңызы зор боп келеді; 5) халықаралық деңгейде мемлекеттер қылмыстық істер бойынша қылмыскерлерді ұстап беру және қылмыстық қудалау бойынша бір-біріне құқықтық көмек көрсетеді, ал корпорациялардың қылмыстық жауаптылығы ұлттан тыс сипатта болады [151, р. 494].

А.В. Наумов, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы кінәлі жеке жауаптылық қағидасымен қатар өмір сүре алады және оны толықтырады, - деп тұжырымдады [152, с. 488].

Е.С. Койбаковтың пікірінше, шетелдердің тәжірибесі көрсеткендей, заңды тұлғалармен жасалатын қылмыстардың қоғамға қауіптілігін ескеретін нақты заңнамалық база қажет, - деп есептейді [153, с. 110].

Осы пікірді қолдамайтындар тізімінде де атақты отандық және ресейлік ғалымдар бар. Атақты отандық ғалым Е.І. Қайыржанов қылмыстық заңда жеке жауаптылық қағиадасына сүйене отырып, адам ғана ойлайды, сезінеді және тілей алады, ал заңды тұлғада ондай қабілет жоқ, - деп қарсы болған [154, с. 91].

Ресейлік профессор Н.Ф. Кузнецова былай жазды: «кінә қағидасы мен жеке жауаптылықты заңды тұлғаның кінәсіз іс-әрекетін және ұжымдық жауаптылығын байланыстыруға болмайды. Заңды тұлға да кінә жоқ Сондықтан, қылмыстық жауаптылыққа тартудың негізі жоқ, себебі іс-әрекетті заңды тұлға өз бетімен жасай алмайды» [155, с. 182].

Француз зерттеушісі М.Л. Рассат жеке жауапкершілік және жазаны дараландыру қағидаларына қайшы келетін заңды тұлғалар үшін қылмыстық жауапкершіліктің сыншыларына келесідей жауап беріп отыр: егер заңды тұлғаның қылмысы үшін тек оның басшылары жауап берсе анағұрлым ауыр зардаптарға әкеп соқтырар еді. Бұл шын мәнінде әркімнің өз іс-әрекеттері үшін жауаптылық қағиадасына қайшы келеді, өйткені бір жағынан, басшылар - басқарма мен заңды тұлғаның жалпы жиналысының шешімдерін орындауға міндетті, екінші жағынан, басшылар бір-бірін алмастырады, ал заңды тұлға ешқандай жауаптылықсыз қалады. Сондықтан қылмыстық іс-әрекетті анықтаған кезде өз функцияларын орындайтын басшыны, оның алдындағы басшылық орындау кезінде жасаған іс-әрекеттері үшін жауапкершілікке тарту дұрыс емес. Сонымен қатар, Рассат заңды тұлғаны оның құрамына кіретін адамдармен сәйкестендіруге болмайды деп санайды. Оның өз еркі бар, ол өз мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылдаған шешімдерінде көрінеді [156, р. 407].

Заңнамада заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілік институтын енгізуге кедергі келтіретін негізгі факторлар доктринадағы субъектінің негізгі белгілері мен оны жауапкершілікке тарту негіздері туралы қатаң ережелерімен байланысты болып отыр. Осы қолдамау идеясын қазақтандық заңшығарушы әлі күнге дейін оны қабылдамау керектігін қолдап келеді.

Алайда, Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына байланысты заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы мәселесіне қатысты бірнеше халықаралық актілерді қабылдады. Мәселен, 2003 жылы Стамбул қаласында Стамбул сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді, 2008 жылдың 4 мамырында «Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы» ратификацияланды, «Қазақстан Республикасы мен Еуропа Кеңесі арасындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы мүшелері өкілдерінің және бағалаушы топтар мүшелерінің артықшылықтары мен

иммунитеттеріне қатысты келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 139 Жарлығы қабылданды.

БҰҰ-ның конвенциясының 26-бабында заңды тұлғалардың жауапкершілігі көзделген: «1. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің құқықтық принциптерін ескере отырып, осы Конвенцияға сәйкес осындай қылмыстар деп танылған қылмыстарға қатысқаны үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін анықтау үшін талап етілуі мүмкін шаралар қолданады.

2. Қатысушы мемлекеттің құқықтық принциптерін сақтаған жағдайда заңды тұлғалардың жауапкершілігі қылмыстық, азаматтық-құқықтық немесе әкімшілік жауапкершілік болуы мүмкін.

3. Ондай жауапкершілікті жүктеу қылмыс жасаған жеке тұлғалардың жауапкершілігіне нұқсан келтірмейді.

4. Әрбір Қатысушы мемлекет, атап айтқанда, осы бапқа сәйкес жауапкершілікке тартылатын заңды тұлғаларға қатысты, ақша санкцияларын қоса алғанда, қылмыстық немесе қылмыстық емес тиімді, мөлшерлес және тежейтін ықпал ететін санкцияларды қолдануды қамтамасыз етеді» [58].

Келесі Стамбул сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимыл жоспары мониторингінің 4-раундында да заңды тұлғалардың жауапкершілік мәселесі өз шешімін таппаған сияқты.

Стамбул сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимыл жоспарының Мониторингінің 4-раундында 19-нұсқау халықаралық стандарттарға және озық тәжірибеге негізделген жасалған қылмысқа сай келетін санкцияларды көздейтін заңды тұлғалардың тиімді және әсер ететін қылмыстық жауаптылығын енгізу жөнінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы біражақты жауап берген екен.

ҚР ҚК-нің жобасын талқылау барысында заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы мәселесі талқыланған еді. Осы бағытта мүдделі мемлекеттік органдардың, ғылыми ортаның және кәсіпкерлік өкілдерінің көзқарастарын зерттеу көрсеткендей, бұл институтты енгізгенге дейін келесі өзекті сұрақтарды шешу керектігі анықталды. Осындай сұрақтар ретінде келесілер табылды: 1) заңды тұлғада сана мен еркі жоқ сондықтан оған кінә ұғымы қолданылмайды. Ол қылмыс субъектісі бола алмайды және кінәлі деп есептелмейді. Осы шартсыз қылмыс құрамы болмайды, сәйкесінше қылмыстық жауаптылық негізі жоқ; 2) Конституцияның 77-бабында көзделген сот төрелігінің қағидалары заңды тұлғаға қолданылмайды. Мәселен, жеке кінәлі жауаптылық қағидасы және сот ісін жүргізуге жеке өзі қатысу құқығы; 3) 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу міндетін көздесе де (ол Қазақстан халықаралық міндеттемелерді өзіне алуымен анықталады, әсіресе сыбайлас жемқорлық қылмыстарға, ұйымдасқан қылмысқа, қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қатысқаны үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін белгілеу саласында), Қазақстан БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа, трансұлттық ұйымдасқан

қылмысқа қарсы конвенциясын және терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес туралы халықаралық конвенцияны ратификацияласа да таңдау мүмкіндігі бар. Ұлттық құқық қағидаларын ескере отырып, заңды тұлғалардың жауаптылығы қылмыстық, азаматтық-құқықтық және әкімшілік болуы мүмкін; 4) Бұл институт экономикалық және басқа да экономикалық қызметті тұрақсыздандыруға ықтимал қауіп төндіреді деп айтуға негіз бар. Елдің инвестициялық тартымдылығы мен кәсіпкерлік белсенділіктің төмендеуі мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу ерте деп саналды. Осыған байланысты, бизнес-қауымдастығы мен Қазақстанның заң шығарушы органдарының бұл мәселеге қатысты жағымсыз ұстанымын ескере отырып, біз заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу орынды емес деп санаймыз, - деп тұжырымдаған екен [157].

Сонда да әзірше енгізуге кедергілер бар деп есептеп отыр. Басты кедергілердің бірі көрсетілгендей заңды тұлғаларда кінәнің болмауы мәселесі болып табылады.

Осы сұрақтың туындауына байланысты Ү.С. Жекебаев: «кінәні жасалған қылмыстық әрекетке белгілі бір психологиялық қатынас ретінде түсіну заңды тұлғаға қолданылмайды. Қылмыстық әрекеттерді жасаған заңды тұлғалардың кінәсін оның заңды өкілдерінің әрекеті деп түсінуге болады, олар қасақана да, абайсыз да әрекет ете алады», - деп жазған [146, с. 77]

Осы мәселеге ұқсас пікірді Р.Т. Нұртаев та білдіреді: «Шет елдердің объективті айып тағу туралы теориялық тұжырымдары біздің елдің Қылмыстық кодексінің 19-бабының 2-бөлігіне қайшы келеді, оған сәйкес «объективті айып тағуға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді». Жеке және заңды тұлғаның субсидиарлық жауапкершілігін, заңды тұлғаның «таза» кінәсін қолданыстағы қылмыстық заңнамада жеткіліксіз, толық реттемеуден туындаған қиындықтар заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын белгілеу туралы қолданыстағы қылмыстық заңдарға түзетулер енгізу арқылы өздерінің заңнамалық шешімдерін күтеді [158, с. 12-13].

Сонымен, бүгінде заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылық институты қылмыстық заңнамамен мойындалмай отыр. Алайда бұл мәселе түпкілікті шешімін тапты деп есептеуге болмайды. Мұндай жауапкершілікті енгізу жағында көптеген дәлелдер бар.

Объективті жойқын зардаптары бар заңды тұлғаның қызметі қоғам үшін белгілі бір адамның қылмыстық әрекетінен гөрі әлдеқайда қауіпті және оның ауқымы ұйымдарға қатысты қатаң құқықтық әсер ету нысандарды қолдану қажеттілігін айқын көрсетеді.

Ұжымдық субъектілердің жауапкершілігінің кейбір элементтері қолданыстағы қылмыстық заңда бар. Бұл ұйымның қызметіне оның басшыларының жауаптылығы және қылмыстық қауымдастық тарапынан

қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікке қатысы жатады. Сабактас салалар заңды тұлғаның кінәлі жауапкершілігін мойындайды және оған толық құқық субъектілік береді. Заңды тұлғалардың жауаптылық институты шетелдік қылмыстық заңнамада толық қанды әзірленген.

Нидерландының қылмыстық кодексінде 51-бабы қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттерді адамдар мен заңды тұлғалар жасай алады деп көзделген. Егер қылмыстық құқық бұзушылықты заңды тұлға жасаған болса, онда қылмыстық іс бойынша айыппұлдар мен ықпал ету шаралары туралы шешімдер заңға сәйкес: 1) заңды тұлғаға қатысты; немесе 2) әрекет жасауды тапсырған адамдарға қатысты, сондай-ақ нақты тыйым салынған әрекетті басқарған адамдарға қатысты. Кез-келген іс-әрекетті жасау немесе жасамау туралы шешім, сондай-ақ оны мақұлдау заңды тұлғадан шығуы керек (көп жағдайда әкімшілік тарапынан). Егер қылмыс жасаған заңды тұлға болып саналса, онда тек заңды тұлға ғана жауапқа тартылып, жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Оған қосымша немесе оның орнына құқық бұзушылыққа әкеп соқтыратын әрекеттерді жасауға тікелей бұйрық бергендер, сондай-ақ осы әрекеттерді басқарған адамдар жауапқа тартылуы мүмкін. Олар комиссия туралы шешім қабылдауға немесе кез-келген әрекетті жасауға, сондай-ақ оны бекітуге өкілеттігі бар адамдар болып саналады [159, p. 22].

Бұл мәселе Батыс Еуропаның соңғы кодекстерінің бірі - 1992 жылы қабылданған Францияның қылмыстық кодексінде толығымен қарастырылған.

Францияның Қылмыстық кодексінің 121-2-тармағы, мемлекетті қоспағанда, заңды тұлғалар өздерінің органдары немесе өкілдері өздерінің пайдасына жасаған қылмыстық әрекеттері үшін заңда немесе ережеде көзделген жағдайларда қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы атқарушы немесе сол әрекеттерге қатысушы тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігін жоққа шығармайды, - деп көзделген [160, с. 9].

Сонымен, Н.Е. Крылова атап өткендей, Франция заңына сәйкес, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығы келесідей бөлінген деп көрсетеді: қосымша (жеке тұлғалармен бірге және олардың орнына емес жауаптылықты көздейді) қарастырылған (қылмыстық әрекет заңды тұлғаның, оның басшысының немесе өкілінің пайдасына жасалуы керек) және арнайы (тек заңмен немесе ережемен қарастырылған жағдайда) [161, с. 53].

Қытай Халық Республикасының Қылмыстық кодексінің қолданыстағы редакциясында қылмыстық жауаптылықты белгілеуге қатысты келесі ережелер бар. Сыбайлас жемқорлық пен парақорлық үшін заңды тұлғалар Қытай Халық Республикасының Қылмыстық кодексінің жалпы бөлімінің 2 бөлігі «Қылмыс туралы» бөлекте «Корпоративті құқық бұзушылықтар» тармағы (§ 4), 30 және 31 баптарында көзделген. Қытай Халық Республикасының Қылмыстық кодексінің 30-бабы, заңды тұлға (компания, кәсіпорын, мекеме, орган, қоғамдық) жасаған әрекеттері үшін ұйым) және заңмен корпоративтік қылмыс

ретінде қарастырылса, қылмыстық жауапкершілік туындауы керек, - деп жазылған [162, с. 25].

Ғылыми пікірлер мен шетелдік озық тәжірибені талдау көрсеткендей, заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу мақсатында кінә мәселесін шешу үшін және қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауапкершілік пен әкімшілік жауапкершілікті ажырату үшін әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы заңнамадағыдай әкімшілік құқық бұзушылық анықтамасында заңды тұлғалардың іс-әрекеті ғана дәлелденеді деген норманы жай көшіру жеткіліксіз, сондықтан осындай ажырату белгісі болу үшін: 1) заңды тұлғалардың кінәсі қылмыстық құқық бұзушылық үшін оның басшысы немесе басқару функцияларын орындайтын адам кінәсіне байланысты болу керек; 2) заңды тұлғаларға арнайы бұрын сонды болмаған соттылық жүктелуі тиіс.

Сонымен, осы шарттарды негізге ала отырып, ҚР ҚК 19-бабына келесідей толықтырулар енгізуді жөн көріп отырмыз:

1.1 Заңды тұлғалар, оларда басқару функцияларын орындайтын адамдар кінәсі анықталған жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа жатады.

2. Кінәсіз зиян келтіргені үшін адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуға жол берілмейді, яғни объективті айып тағуға.

5. Заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлық, экологиялық, экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылықта болады.

Келесі мәселе заңды тұлғаларды енгізу мәселесін шешу орындалған соң оларға қандай жаза түрлерін қолдануға болатындығы анықталады.

Осы бағытта шетелдік қылмыстық заңнама нормаларын талдауға болады.

Қытай Халық Республикасының Қылмыстық кодексінің 391-бабының 2-бөлігінде егер ұйым осы баптың бірінші бөлігіне сәйкес қылмыс жасаған болса (мемлекеттік органдарға, мемлекеттік компанияларға, кәсіпорындарға, ұлттық бірлестіктерге меншік құқығын беру немесе әртүрлі номиналды комиссияларды беру, мемлекеттік-экономикалық қызметтерді жүзеге асыру барысында агенттік алымдарды мемлекеттік ережелерді бұза отырып, беру мақсатында заңсыз пайда алу), содан кейін ұйымға айыппұл салынады, ал тікелей жауаптылар жауапқа тартылады және басқа да тікелей жауапты тұлғалар 3 жылға бас бостандығынан айыруға дейін немесе қамауға жазаланады. Осылайша, ұйым да оның басшысы да Қытай Халық Республикасының Қылмыстық кодексінің 391-392 баптарында пара бергені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартады [163, с. 100].

Германия Федеративтік Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес, егер корпорация өкілдерінің немесе басшыларының заңға қайшы әрекеті корпорацияның белгілі бір заңды міндеттерін бұзса немесе компанияға қаржылық пайда әкелсе (немесе компанияның қаржылық пайда алуын мақсат ретінде көздесе), сондай-ақ компания қызметкерлерінің оның басшысы кедергі келтіруі мүмкін заңсыз әрекеттері - тиісті бақылау болмаған жағдайда

айыппұлдар жүйесін жеке тұлғаларға ғана емес, корпорацияларға да қолданады» [164].

Ұқсас форма Австрияның Қылмыстық кодексінде бар, ол заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігін тікелей көздемейді, бірақ тек жеке тұлғаларға қатысты. Сонымен бірге, егер заңды тұлға жеке тұлғаның немесе қылмыстың нәтижесінде алынған мүліктің көмегімен қылмыс жасау арқылы байытылған болса, онда ол негізсіз баюдың құнына сәйкес келетін «ақша сомасын төлеуге» үкім шығарады [165].

Бельгия заңнамасында компания қызметкерінің қылмыстық жауаптылығы мойындалатын түрі бар, бірақ ол корпорация ішінде әрекет еткендіктен корпорацияға санкция (айыппұл) салынады [166].

Шетелдердің қазіргі қылмыстық заңнамасын талдау көрсеткендей, айыппұлдан басқа корпорацияларға келесі санкциялар жиі қолданылады: 1) арнайы тәркілеу (Албания, Бельгия, Ирак, АҚШ, Франция); 2) заңды тұлғаның қызметін шектеу, оның ішінде белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға тыйым салу (Албания, Бельгия, Испания, Литва, Молдова, Перу, Франция); 3) заңды тұлға қызметін уақытша тоқтату (Испания, Перу); 4) заңды тұлғаның таратылуы (Бельгия, Литва, Молдова, Перу, Франция); 5) үкімнің жариялануы (Бельгия, Франция).

Сонымен, шетелдерде заңды тұлғаларға қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қолданылатын жазалардың барлығы Қазақстан Республикасы үшін қолданылуға жатпайды. Осы жазалардың ішінен кеңінен қолданылып жүрген келесі жазаларды қолдануға болады: 1) айыппұл; 2) заңды тұлғаның қызметін шектеу, оның ішінде белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға тыйым салу. Ол үшін арнайы ашық электронды реестрге енгізу (ол сотталғандыққа ұқсас болады) – ол реестрді сотталғандығы бар заңды тұлғалар реестрі деп атауға болар еді.

Осы жаза түрлерін ҚР ҚК-не енгізу үшін келесі баптарға келесідей мәтінде ұсыныстар қажет:

- ҚР ҚК-нің 40-бабына 4-бөлік енгізу керек: «Заңды тұлғаларға келесі негізгі жазалар қолданылады: 1. айыппұл; 2. заңды тұлғаның қызметін шектеу».

- ҚР ҚК-нің 41-бабының 2.1-бөлігін енгізу керек: «Заңды тұлғаларға айыппұл қылмыстар үшін айлық есептік көрсеткіштің он мыңнан бір миллионға дейінгі шегінде не еселенген мөлшерде белгіленеді».

- ҚР ҚК-нің 51-1 бабын «Заңды тұлғаның қызметін шектеу» келесі мәтінде енгізу керек: «1. Заңды тұлғаның қызметін шектеу - белгілі бір қызмет түрлерімен (лицензияланатын) айналысуға тыйым салу 1 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімді қамтиды.

2. Бас бостандығынан шектеу заңды тұлғаны арнайы сотталғандығы бар заңды тұлғалар реестріне енгізумен орындалады.

Сонымен, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілігі бойынша жасалған ұсыныстар оны қылмыстық

құқық бұзушылық субъектісі ретінде тануға және қылмыстық жауапқа тартуға толық мүмкіндік жасап отыр.

2.4 Қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік белгілеріне талдау

Кез келген қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік белгілері оның ішкі құрылымын сипаттайды. Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық құқық бұзушылықтың ішкі құрылымын сипаттайтын белгілерге: кінә, ниет және мақсат жатады.

Ниет пен мақсат субъективтік жақтың факультативтік белгілері қатарына жатады, оларды заңшығарушы заңда нақты белгілегенде ғана міндетті белгілер болып табылады.

Ниет қылмыстық іс-әрекет жасауға итермелейтін ішкі түрткі болған уәждер. Мақсат – қылмыстық іс-әрекет нәтижесінде қол жеткізілген қылмыстық нәтиже.

Кінә ең басты қажетті белгілердің бірі болып табылады. Кінәсіз ҚР ҚК-нің 19-бабына сәйкес адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

Қылмыстық құқық ғылымында квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша кінәні анықтау өзекті сұрақтардың қатарына жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағын сипаттауда басты орынды кінә алады.

Қазіргі кезде кінәнің үш негізгі теориялық тұжырымдамасы бар. Ең бірінші теорияның - қауіпті жағдай теориясы негізін қалаушы Р. Гарофало.

Р. Гарофало өзінің «Қауіпті тұлға критерийлері» кітабында (1880) «қауіпті жағдай» жағдайында адамның қылмыс жасауға тұрақты (тұрақты) және имманенттік (ішкі) бейімділігін түсінген [167, с. 12].

В.В. Лунеев қауіпті жағдай теориясын құқыққа қайшы профилактикалық жазаның негізі ретінде көрсетті [168, с. 10-12]

Осы теория кінәлі тұлғасына қоғамға қауіптілік қасиетін жүктейді. Алайда бұл жағдайды ескерсек, онда сотталғандығы бар адам мен сотталғандығы алынбаған адам өзі жасаған қылмыстық әрекет үшін кінәлі болып қала бермек.

Келесі кінә теориясы – бағалау теориясы оған сәйкес адамның кінәлі болуы сотпен барлық істің мән-жайларын анықтаған соң ғана анықталады.

С.В. Скляров бұл теорияны қолдайтындар: Г.А. Кригер, И.Я. Козаченко, З.А. Незнамова, - деп көрсетті [169, с. 6].

Үшінші кінә теориясы - психологиялық теория, кінәлінің жасалған қылмысқа психологиялық көзқарасы болып табылады. Осы теорияны отандық ғалымдар толық қолдайды, бірақ мұнда соттың да істің де мән-жайын толық бағалаудың элементтері бар сияқты. Алайда, бұл жағдай екі кінә теориясының

әрбіреуінің элементтерін қолдануға шек қоймайды, тек кінәлі адамды қылмыстық жауаптылыққа әділ тарту қамтамасыз етілсе болғаны.

И.И. Рогов, «кінә - кез-келген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы үшін міндетті белгі. Ол болмаған кезде қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы мүлдем жоқ, сондықтан ол жоқ болған соң адамды қылмыстық жауапкершілікке тарту негізі жоқ.

Қазақстандық қылмыстық құқық теориясы кінәні адамның жасаған қоғамға қауіпті әрекетке психикалық қатынасы және оның қасақана немесе абайсыздық түріндегі қоғамдық қауіпті салдары ретінде анықтайды» [130, с. 50].

Психикалық қатынастардың құрылымдық элементтеріне сана мен ерік жатады. Саналық және еріктілік элементтердің әртүрлі жағдайлары кінәнің түрлерін қалыптастырады. Сондықтан, зияткерлік пен сана осы элементтердің негізі, олардың жиынтығы кінәнің мазмұнын құрайды.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасау барысында адам санасы әртүрлі мән-жайларды қамтиды, бірақ кінә мазмұнына барлық мән-жайларды ұғыну кіре бермейді. Қылмыстық-құқықтық кінәнің элементі ретінде ұғынудың пәні қылмыстық құқық бұзушылыққа заңды сипаттама беретін объективтік факторлар болып табылады.

Д.С. Темирова кінәнің зияткерлік және еріктілік мазмұнын былай сипаттаған: «Кінәнің зияткерлік мазмұны қылмысты заңды сипаттаудың тәсілімен анықталады. Оған жасалған іс-әрекеттің объектісі мен сипаттамасын ұғыну кіреді ... Кінәнің еріктілік мазмұны қылмыс құрамының құрылысымен анықталады» [170, с. 76-77].

Сөйтіп, кез келген қылмыстық іс-әрекетте кінәні анықтау барысында зияткерлік және еріктілік мазмұнын кінә нысандарына қатысты ашу керек. Оны анықтау квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары субъективтік жағында міндетті белгі кінәнің ашуда маңызы зор.

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары субъективтік жағынан кінәнің қасақаналық нысанында жасалады.

Квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары жеке құрамдарында өзіндік ерекшеліктермен сипатталады.

Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК-нің 361-бабы) субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен жасалады. Қылмыстық құқық бұзушылық мақсаты - қызметтік өкілеттіктерін өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру көзделеді.

Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану барысында міндетті белгісі ретінде заңмен пайдакүнемдік ниет көзделмесе де, оны норманың өзінен байқауға болады.

Оны Жоғарғы соттың нормативтік қаулысының 21-тармағыда көрсетіп отыр: «Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланудың пайдакүнемдік ниеті материалдық, мүліктік сипаттағы пайда мен артықшылықтарды алудан ғана емес, сонымен қатар қызметі бойынша жоғарылау, бастыққа жағыну және т.б. түріндегі өзге де жеке мүдделіліктен байқалады» [95].

Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану (ҚР ҚК-нің 362-бабы) субъективтік жағынан тікелей және жанама қасақаналықпен жасалуы мүмкін. Кінәлі адам өзінің құқықтары мен өкілеттіктерінің шегінен анық шығатынын ұғынады, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру зардаптарының болуы мүмкіндігін немесе болмай қоймайтынын алдын ала болжап біледі, осы зардаптардың туындауын қалайды немесе оларға саналы түрде жол береді не оларға немқұрайлы қарайды. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалануға қарағанда осы қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы мақсатының болуы қажет емес. Қылмыстық ниет те қылмыстық құқық бұзушылықты саралауға әсер етпейді.

Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу, кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары субъективтік жағынан тікелей және жанама қасақаналықпен жасалады.

Пара алу (ҚР ҚК-нің 366-бабы) субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен жасалады: кінәлі пара алғанын ұғынады және оны алуды тілейді. Пара алу барысында кінәлінің осы параны қабылдауға деген еркінің болуын анықтау керек. Егер пара заты кінәлі деп танылуы мүмкін адамның еркінен тыс беріліп кетсе, онда пара құрамына жатпайды.

Пара беру (ҚР ҚК-нің 367-бабы) субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен және арнайы мақсатпен сипатталады, яғни пара алушыны оны алуға мойындату болып табылады. Жоғарғы соттың нормативтік қаулысының 6-тармағына сәйкес «құндылықтарды, көрсетілетін қызметтерді, мүлікке құқықтарды немесе жеңілдіктерді алу шарты арнайы келісілмеген, сонымен қатар қылмысқа қатысушылар пара берушінің мүддесін қанағаттандыру үшін пара беріліп отырғанын түсінген жағдайларда кінәлі адамдардың әрекеттері параны беру немесе алу деп танылуға тиіс» [95].

Парақорлыққа делдал болу және қызметтік жалғандық жасау тікелей қасақаналықпен жасалады. Қызметтік жалғандық жасауда арнайы бірнеше мақсаттың бірі көзделуі тиіс: 1. өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу; 2. басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру.

Қызметтегі әрекетсіздік (ҚР ҚК-нің 370-бабы) субъективтік жағынан қасақаналықпен жасалады және арнайы мақсат орын алуы тиіс: өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру.

Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары кінәнің қасақаналық нысанында және ҚР ҚК-нің 254-бабы

міндеттеріне адал қарамау абайсызда жасалады. Өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК 250-бабы) жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы (ҚР ҚК-нің 251-бабы) және жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы (ҚР ҚК-нің 252-бабы) қылмыстық құқық бұзушылықтарында міндетті белгі ретінде қылмыстық құқық бұзушылық мақсаты - өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру көзделуі тиіс.

Қылмыстық құқық бұзушылық субъективтік жағынан кінәнің тікелей қасақаналық нысанында жасалады.

Кінәлі адам коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын осы ұйымның заңды мүдделеріне қарсы қолданатынын ұғынған болса, оның азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру мүмкіндігін немесе болмай қоймайтынын алдын ала болжап біледі және осы зардаптардың туындауын қалайды.

Өкілеттіктерді теріс пайдалану кейбір әдебиеттерде тікелей және жанама қасақаналықпен де жасалынады деген көзқарастар бар [81, с. 377].

Л.Д. Гаухман мен С.В. Максимов субъективтік жақтың балама күрделі құрылымын беріп отыр: а) тікелей қасақаналық заңда көзделген зардаптарға: елеулі зиян келтіруге қатысты, бірақ қылмыс мақсаты - адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру, б) жанама қасақаналық сол зардаптар болғанда, бірақ қылмыс мақсаты - өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу [171, с. 576].

Осы пікірмен келісу қиындыққа соғып отыр, себебі субъективтік жағынан міндетті белгі ретінде қылмыстық құқық бұзушылық мақсаты көзделген: өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру. Сондықтан, қылмыстық заңнамада арнайы мақсат көзделген соң, қылмыстық құқық бұзушылық тек тікелей қасақаналықпен жасалуы тиіс. Сондықтан, өкілеттіктерді теріс пайдалану тек тікелей қасақаналықпен жасалады.

Осы ереже, жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы (ҚР ҚК-нің 251-бабы) және жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы (ҚР ҚК-нің 252-бабы) қылмыстық құқық бұзушылықтарына да қатысты қолданылады.

Параға коммерциялық сатып алу (ҚР ҚК-нің 253-бабы) субъективтік жағынан тек кінәнің тікелей қасақаналық нысанында ғана жасалады. Арнайы мақсат көзделген - коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның қандай да бір қажетті іс-әрекетті сыйақы берген адамның пайдасына жасау болып табылады.

ҚР ҚК-нің 253-бабының 1-бөлігінде коммерциялық немесе өзге де ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам параға коммерциялық сатып алу затын алудан бас тартса, ҚР ҚК-нің 253-бабының 1-3 бөліктерінде көзделген қылмысқа оқталу ретінде танылуы керек. Бұл іс-әрекет тікелей қасақаналықпен жасалады, яғни заңсыз сыйақы беруге бағытталған іс-әрекеттер адам еркінен тыс мән-жайларға байланысты жүзеге аспайды.

ҚР ҚК-нің 253-бабының 4-бөлігінде тікелей қасақаналық орын алады, кінәлі пайдкүнемдік мақсат көздейді: заңсыз баюы мен мүліктік табысқа қол жеткізуден көрінеді.

Мәселен, практикада осы тікелей қасақаналықпен және көзделген мақсатпен жасауды дәлелдейтін мысалдар бар.

«Көкшетау Энерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Зеренді аудандық электр желілері филиалының 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 22-А бұйрығымен Джуасов Д.Г. Зеренді өндірістік қуаттылығы бөлімінің (әрі қарай - ЖЭТ) бастығы болып тағайындалды. 2017 жылдың желтоқсан айының соңында Б.С. Жақиянов оған жоқ 380 В электр қуатын қосуға рұқсат беру туралы өтінішпен жүгінді. Олардың болмауына қарамастан Джуасов Д.Г. рұқсатынсыз Жақиянов Б.С.-ға тиесілі байланыс жасады. Зеренді ауданында Зеренді ауылында орналасқан «Сугети» кафесі, энергия беруші ұйымдардың желілеріне қосылды. Алайда, 2018 жылғы 9 ақпанда комиссияның тексеруімен кафенің энергия беруші ұйымның желілеріне рұқсатсыз қосылу фактісі анықталды, № 553 актіге сәйкес тұтынылған электр энергиясы үшін төлем 1818171 теңге көлемінде есептелді. Одан әрі Джуасов Д.Г. оның құзыретіне кірмейтін айыппұлдың көрсетілген мөлшерін азайта алады деген сылтаумен, сонымен қатар кафені 380 В электр желісіне қосқаны үшін Б.С. Жақияновтан 210 000 теңге талап етті. Сонымен бірге Джуасов Д.Г. Зеренді ЖЭС-тің басшысы бола отырып, ол Б.С. Жақияновқа ақшалай сыйақы бермесе, олар электр қуатына қосылмайтынын ескертті. Өз кезегінде Жақиянов Б.С. оған тәуелді күйде болғандықтан, сонымен қатар Джуасов Д.Г. ол электр қуатына қосылуға кедергі келтіруі мүмкін жағдайға байланысты оның заңсыз талабымен келісуге мәжбүр болды. Алайда, кейінірек Жақиянов Б.С. жағдайды талдағаннан кейін, ол өз еркімен Ақмола облысы бойынша Экономикалық тергеу қызметіне Джуасовтың қылмыстық әрекетін тоқтату және жолын кесу туралы ресми арыз берді. Осыдан кейін Экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері Д.Г. Джуасовтың қылмыстық әрекетін тоқтату үшін тиісті құқықтық шаралар қабылдады, бірқатар жасырын тергеу әрекеттері жүргізілді. Нәтижесінде Зеренді ЖЭТ бастығы Д.Г. Джуасовтың заңсыз әрекеттер тіркеліп, 2018 жылдың 8 тамызында 10 сағат 45 минутта ол 210 000 мөлшерінде ақшалай сыйақы алғаннан кейін бірден ақшамен жұмыс орнында ұсталды. Тексеру нәтижесінде одан ақша табылып, тәркіленді. Осылайша, Джуасов Д.Г. жеке баюы және материалдық табыс алу мақсатында, жалпы сомасы 210 000 теңге коммерциялық пара алған» [172].

Міндеттеріне адал қарамау (ҚР ҚК-нің 254-бабы) субъективтік жағынан абайсызда жасалады. Абайсыздықтың екі түрінде де міндеттеріне адал қарамау орын алады: менмендік және немқұрайлылық. Бұл жерде кінәлінің іс-әрекеті белгілі жағдайда қызметін адал және өз функцияларын ұқыпты орындай алатындығы және көзделген зардаптарды тыю мүмкіндігі болғандығын негіздеу керек. Алайда, кінәлі қандай сыртқы объективтік шарттарда және оның субъективтік мүмкіндіктері: тәжірибесі, білімі, кәсіптік даярлығы ескерілуі тиіс.

Өзге де қызмет мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары да субъективтік жағынан қасақаналықпен жасалады.

Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (ҚР ҚК 189-бабы (үшінші бөлігінің 2) тармағы) субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен және пайдакүнемдік мақсатпен жасалады: кінәлі оған тапсырылған мүлікті ұстап қалатынын немесе бөтенге беретінін ұғынады, меншік иесіне өз іс-әрекетімен материалдық зиян келтіретінін сезінеді, пайдакүнемдік ниетке негізделіп оның орындалуын тілейді.

Алаяқтық (ҚР ҚК-нің 190-бабы (үшінші бөлігінің 2) тармағы) субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен жасалады.

Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау (ҚР ҚК-нің 216-бабының (екінші бөлігінің 4) тармағы) субъективтік жағынан қасақаналықтың екі түрімен де жасалады, яғни тікелей және жанама қасақаналықпен. Субъективтік жақтың міндетті белгісі қылмыстық мақсат болуы тиіс: мүліктік пайда алу. Мүліктік пайда алу ретінде кінәлінің осы қылмысты жасау жолымен қылмыстық табысқа иеленуге бағытталуы, оның орындалуын тілеуі түсінілуі тиіс.

Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету (ҚР ҚК-нің 217-бабы (үшінші бөлігінің 3) тармағы) және қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) (ҚР ҚК-нің 218-бабы (үшінші бөлігінің 1) тармағы) субъективтік жағынан қасақаналықпен жасалады және пайдакүнемдік ниетті көздейді.

Экономикалық контрабанда (ҚР ҚК-нің 234-бабы (үшінші бөлігінің 1) тармағы) субъективтік жағынан қасақаналықпен жасалады. Кінәлі кедендік шекара арқылы тауарлар мен өзге де заттарды өткізетінін сезінеді. Шекара арқылы өткізудің кез келген тәсілінің бірі арқылы кінәлі өткізетінін түсінуі тиіс.

«Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 10-тармағына сәйкес «Ұйымдасқан топтың» саралану белгілері деп алдын-ала контрабанда жасау үшін бірлескен адамдардың қалыптасқан тобын түсіну керек. Бірнеше адамға, соның ішінде оның өзіне де тиесілі тауарларды немесе өзге де құндылықтар мен заттарды заңсыз өткізуге қасақана ниетті адам біріккен (бірге орны ауыстырылған)

контрабандалық заттардың контрабандасы үшін жауапкершілік көтеруге тиіс. Қасақана ниеті контрабандалық заттардың қалған бөлігін заңсыз өткізу бойынша басқа адамдардың әрекетін қамтымайтын, орны ауыстырылуы өзіне көрінеу заңсыз мұндай тауарлардың немесе құндылықтар мен заттардың жеке бөлігінің иесі тек оған тиесілі мүліктің контрабандасы үшін қылмыстық жауапкершілік көтереді [104].

Экономикалық контрабанданың субъективтік жағына талдау көрсеткендей, норманың диспозициясында қылмыстық ниет пен мақсат жөнінде ешқандай белгілер көзделмегенін байқауға болады. Сондықтан, оларды анықтау қылмыстық әрекетті субъективтік жағы бойынша саралауға әсер етпейді.

Рейдерлік (ҚР ҚК-нің 249-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) субъективтік жағынан қасақаналықтың екі түрімен де жасалуы мүмкін.

Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру (307-бап (үшінші бөлігінің 3) тармағы) субъективтік жағынан тікелей қасақаналықпен жасалады.

Сонымен, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың субъективтік жағына талдау көрсеткендей, көп жағдайда кінә нысаны қасақаналықпен сипатталады, кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарда міндетті мақсаттың болуын көздейді, ниеттің болуы (пайдакүнемдік) тек өзге де қызмет мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша көзделген және саралау барысында әсер етеді.

3 КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕ СЕКТОРЛАРДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

3.1 Квazимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың криминологиялық сипаттамасы

Әлемдік тәжірибеде мемлекеттер квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға ерекше көңіл бөліп келеді, себебі осы екі секторлардағы сыбайлас жемқорлық құқықтық мемлекетке қауіп төндіреді, коммерциялық тауарлар алу мен қызметтерді көрсетумен байланысты әділ бәсекелестікке зиян келтіреді, адал экономикалық дамуға шек қояды.

Transparency International халықаралық ұйымының рейтингісінің мәлеметтері бойынша сыбайлас жемқорлық бойынша 100 баллдан 34 балл жинап Қазақстан 2019 жылы 113 орын алды. ТМД елдерінің ішінде Ресей Федерациясы 28 баллмен 137 орында, Украина, Қырғыстан, Әзірбайжан 30 балламен 126 орында, Тәжікістан мен Өзбекістан 25 балламен 153 орынға иеленді [173].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында квазимемлекеттік және жекеше секторлар тез дамып келеді. Бір жағынан, жаңа тетіктер арқылы экономиканы белсенді мемлекеттік реттеуге бағытталған мадақтау шараларының қажеттілігі мақсатқа лайықты. Екінші жағынан, квазимемлекеттік сектордағы субъектілердің қызметінде тиімділігі төмен жағдай және жоғары сыбайлас жемқорлық әлеует байқалады, себебі корпоративтік басқару жүйесі формальды енгізіледі, жарғылық капиталына мемлекеттік қатысуы бар акционерлік қоғамдардың көпшілігінің қызметі шығынды болып келеді және ашықтықты қамтамасыз етпейді [54, с. 190].

Ғалым-криминолог В.А. Авдеев пікірінше, «мемлекеттіліктің қазіргі дамуы кезеңінде ұйымдасқан қылмыстылыққа, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік деңгейде танылуымен және ұлттық қылмыстық-құқықтық саясаттың басымды бағыты ретінде сипатталады» [174, с. 9].

Осы пікірді қолдай отырып, А.В. Самаруха былай деп жазды: «сыбайлас жемқорлық сияқты кеңінен таралған әлеуметтік-экономикалық құбылыстың қазіргі жағдайы – қоғам өмірінің барлық салаларында оның дамуы мен алға бағыт алуына кері әсер етеді. Алайда, бұл құбылыс әртүрлі салаларда өзіндік психологиялық негіздермен, заңсыз схемалармен, қаржылық көздерімен және кәсіпорындардың, кәсіпкерлердің аймақтық, жеке экономикалық дамуына зиян келтіреді» [175, с. 38].

Р.Т. Нұртаевтың пікірінше, «Біздің мемлекетпен жасалып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, заң тәжірибесін талдау мен зерделеу көрсеткендей, аса тиімді емес» [176, с. 65].

Сондықтан, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл шаралар жүйесін қабылдау қажет. Ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл ұғымдарының арақатынасын ашып алу керек, себебі бұл жағдай осы бағыттағы түсінбеушіліктің болмауына әкеледі.

Сыбайлас жемқорлыққа іс-қимылдың анықтамасы Заңды тұрғыда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 1-бабының 9-тармағында берілген: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі» [56].

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл өз мағынасы жағынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қарағанда тарлау қатынастарды реттеумен шектеледі:

1. Сыбайлас жемқорлық деген құбылыс мағынасы кең, ол әкімшілік-құқықтық, қылмыстық-құқықтық және қылмыстық іс жүргізу бағыттарын қамтиды, ал зерттеудегі объект сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды ғана қамтиды;

2. Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл осы бағыттағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарымен ғана шектелген болады;

3. Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың криминологиялық аспектісінде оның жағдайы, құрылымы, ықпал ететін себептер мен жағдайлары, қылмыскер тұлғасы, алдын алу шаралары сипатталады.

Осы көзделген қызметті толықтай іске асыру үшін квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылға криминологиялық сипаттама беру қажеттігі туындап отыр.

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың криминологиялық сипаттамасының негізін сандық және сапалық құбылыстар жөнінде қылмыстық статистика мәліметтері құрайды. Мәселен, 2019 жылдың 12 айы бойынша

барлығы 2245 сыбайлас қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркелген, 1830 іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталған, ал сотқа 1653 іс жеткен [177].

Бұл сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар саны мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды да қамтиды. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің № 3К. нысанындағы «Сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы, оларды жасаған адамдар, сотталған адамдар және сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы қылмыстық істер қозғалғандығы туралы есепте» сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар жөнінде мәліметтер деген 3 тарауда өзге де мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдармен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 344 деп көрсетілген екен. Сол санды салыстырмалы зерттеуге негіз ретінде алатын боламыз, себебі нақты квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басқару функциясын орындайтын адамдарды бөліп алу мүмкін емес. Алайда, статистикалық мәліметтердің ішіне квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқару функцияларын орындайтын адамдар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар деген бөлек есеп жүргізу керек деп есептейміз.

Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар ретінде коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар статистикасын ескереміз, олар 2019 жылдың 12 айы бойынша 146 іс тіркелген, 64 іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталған, ал сотқа 33 іс жеткен [178].

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы саны 2019 жылдың 12 айы бойынша 427 іс, 2018 жылдың 12 айы бойынша 455 іс, 2017 жылдың 12 айы бойынша 471 іс, 2016 жылдың 12 айы бойынша 448 іс.

Ақырғы 4 жыл ішінде тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 2016 жылдың 12 айы бойынша – 2807 іс, 2017 жылдың 12 айы бойынша – 2452 іс, 2018 жылдың 12 айы бойынша – 2375 іс, 2019 жылдың 12 айы бойынша – 2245 іс тіркелген [179].

Жалпы тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар ішінде квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы көлемі 2016 жылдың 12 айы бойынша – 15,9%, 2017 жылдың 12 айы бойынша – 19,2%, 2018 жылдың 12 айы бойынша – 19,1%, 2019 жылдың 12 айы бойынша 2245 - 19%.

Жекеше сектордағы тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымы оның түрлеріне қатысты арақатынасы бойынша келесідей көрініс алып отыр.

Кесте 1 - 2016-2019 жылдар аралығында жекеше сектордағы тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жеке түрлері бойынша мәліметтер

Жылдар	2016	2017	2018	2019
Қылмыстық құқық бұзушылықтар атауы				
Өкілеттіктерді теріс пайдалану (250-бап).	64	31	32	23
Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы (251-бап)	83	132	120	63
Жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы (252-бап)	62	28	36	34
Параға коммерциялық сатып алу (253-бап)	4	11	12	13
Міндеттеріне адал қарамау (254-бап)	12	9	13	13

Осы кесте құрылымын талдау нәтижесінде жекеше сектордағы жалпы тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың оның түрлеріне қатысты алатын мөлшерін анықтауға болады: 2019 жылдың 12 айы бойынша - 146 іс тіркелген, оның ішінде өкілеттіктерді теріс пайдалану – 15,7%, жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы - 43%, жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы – 23,3%, параға коммерциялық сатып алу - 9%, міндеттеріне адал қарамау - 9%.

Квазимемлекеттік сектордағы тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрылымын оның субъектісіне қатысты статистикалық есептердің болмауына байланысты нақты қылмыстық құқық бұзушылықтар түрлері бойынша арақатынасын өкінішке орай, беру мүмкін емес.

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың қарқындылығы 2019 жылдың 12 айы бойынша 100 мың адамға шаққанда 0,49%, салыстырмалы түрде мемлекеттік секторда – 1,9%.

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстық заңнамен қудаланып отырады. Күшіндегі Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының тізімін беріп отыр. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде осы тізімде жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары осы тізімде көзделмеген. Ол мәселені жоғарыда екі тарауды біріктіру барысында шешуге болады деп ұсынғанбыз.

Кесте 2 - Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының көлеміндегі динамикасы

Жылдар/секторлар	2016	2017	2018	2019
Мемлекеттік	2807	2452	2375	2245
Квазимемлекеттік	223	260	242	281
Жекеше	225	211	213	146

Мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша тұрақты динамика 2016-2019 жылдар аралығында байқалады: 2016 жылы 2807 қылмыстық құқық бұзушылық 2019 жылы 2245 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген, яғни 562 қылмыстық құқық бұзушылыққа немесе 20% азайғаны байқалады.

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары бойынша көзделген кезеңдерде тұрақсыз динамика байқалады. Квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының өсу қарқыны 2018 жылмен 2019 жылды салыстырғанда 16,1%, ал жекеше секторда 2018 жылмен 2019 жылды салыстырғанда керісінше төмендеу қарқыны 31,4%.

Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын талдау жағдайында, елде 2015 жылдың 1 қаңтарынан заңды күшіне енген Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-процестік кодекстері қылмыстық құқық бұзушылықтардың жаңа тіркеу жүйесін енгізген болатын, ол өзінің оң нәтижесін көрсете білді, себебі ол сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын жасаудың тәуекелдерін жойды.

Қазіргі кезде тергеуге дейінгі тексеріс сатысы алынып тасталды, сондықтан сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіміне қылмыстық оқиғалар бірден тіркеледі және қылмыстық құқық бұзушылық ретінде есепке алынады.

Алайда, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары жалпы қылмыстылық құрылымында әзірше латентті болып қала бермек. Оның әртүрлі себептерін атауға болады: адамдардың қылмыстық оқиға жөнінде хабарламауы, ол әрекетті қылмыстық құқық бұзушылыққа жататындығын білмеуі, квазимемлекеттік сектор субъектінде басқару функциясын орындайтын адамдар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектісі болатындығын білмеуі, квазимемлекеттік сектордағы, әсіресе мемлекеттік сатып алулар бағытындағы заңнаманың жетілмегендігі жатады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстылығының латенттігі жөнінде Г.Р. Рустемова келесі пікір білдіреді: «Сыбайлас жемқорлықтың айрықша сипаты оның гиперлатенттігі. ... Сыбайлас жемқорлық жұқпалы белгісімен де сипатталады. Сыбайлас жемқорлық аясына түскен адам өзі де сыбайлас жемқорға айналады» [180, с. 91].

Ресми статистика мәліметтері бойынша, 2019 жылы жалпы қылмыстылық құрылымында квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары келесідей: 2016 жылы – 0,12%, 2017 жылы – 0,14%, 2018 жылы -0,15%, 2019 жылы – 0,17%.

Жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ресми статистикасын «Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» жөніндегі тіркелген мәліметтер береді: 2016 жылы - өкілеттіктерді теріс пайдалану 64 факті, параға коммерциялық сатып алу – 4 факті, 2017 жылы - өкілеттіктерді теріс пайдалану - 31 факті, параға коммерциялық сатып алу – 11 факті; 2018 жылы - өкілеттіктерді теріс пайдалану - 32 факті, параға коммерциялық сатып алу – 12 факті, 2019 жылы - өкілеттіктерді теріс пайдалану - 23 факті, параға коммерциялық сатып алу –13 факті тіркелген [181].

Алайда, көрсетілген сандық көрсеткіштер осы саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың латентті болуына байланысты шыншыл мәліметтерді көрсетпейді. Параға коммерциялық сатып алудың латенттік деңгейін парақорлықтағы қылмыс көрсеткіші көрсетеді. Қазақстан Республикасында 2016 жылы - 1031, 2017 жылы - 1245, 2018 жылы - 1222, 2019 жылы - 1133 іс тіркелген.

Сонымен, осы көрсетілген мәліметтер, парақорлық қылмыстарын анықтау деңгейі параға коммерциялық сатып алудың анықтау деңгейіне қарағанда 2016 жылы – 257,75 есе көп, 2017 жылы – 113,2 есе көп, 2018 жылы – 101,8 есе көп, 2019 жылы – 87,15 есе көп.

ҚР ҚК-нің 253-бабы параға коммерциялық сатып алудың әрекет ету аясы ҚР ҚК-нің 366-бабы пара алу, 367-бабы пара беру және парақорлыққа делдал болу аясына қарағанда кеңірек болып келеді. Елдегі шаруашылық субъектілердің көп болуы оның дәлелі: шағын, орта және ірі бизнес субъектілері мемлекеттік органдар мен оны білдіретін мемлекеттік қызметшілердің санынан көбірек болып есептеледі. Сондықтан, параға коммерциялық сатып алу мен парақорлық қылмыстылық құрылымына тең болып келеді.

Сонымен, қылмыстылық құрылымына 4 тен 3 (2015-2016 жж.), 11 ден 8 (2016-2017 жж.), 12 ден 8 (2017-2018 жж.), 13 тен 9 (2018-2019 жж.) шын мәнінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар кіреді.

Сөйтіп, квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар шынайы келгенде өте қауіпті құбылыс екенін көрсетті.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын талдау көрсеткендей, квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін қалыптастыру үшін оған ықпал ететін негізгі жағдайлар мен себептерді анықтау керек. Оның келесі себептерін көрсетуге болады: квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын жасауға жағдай туғызатын заң актілерінде олқылықтар табылады. Қарапайым адамдарға салалық заңдардың нормаларын түсіну мен дұрыс ұғыну қиындыққа әкеледі; екіншіден, корпоративтік басқарудың ашық болмауы. Корпоративтік басқару барысында шешімдердің барлығы, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қол сұғатын шешімдер де жабық нысанда қабылданады; үшіншіден, экономикадағы тұрақсыздық; төртіншіден, жеке адамдардың қолында капитал мен өндіріс құралдарының көптеп шоғырлануы. Осы себептердің барлығы, квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың жоғары деңгейде болуына жағдай туғызып отыр.

Осы жерде, М.О. Нукеновтың пікірі өзекті болып келеді: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламаларын даярлау барысында келесі жағдайларға көңіл бөлген жөн: 1) сыбайлас жемқорлықты абсолютті жеңу мүмкін емес. Қоғам мен биліктің қалыпты жағдайында сыбайлас жемқорлық керісінше, билік тетігіндегі кемшіліктерді көрсетуге пайдалы белгі болып келеді; 2) сыбайлас жемқорлыққа батқан және одан шыға алмайтын ел жоқ; 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бір реттік шара болмауы тиіс, себебі артынан одан да қауіпті сыбайлас жемқорлық орын алады; 4) сыбайлас жемқорлықты тек заңды іс-шаралармен шектеу мүмкін емес, ол шаралар кешенді болуы тиіс» [182, с. 118-119].

Сондықтан, барлық шаралар жүйесі кешенді сипатта болу керек деп есептейміз.

Алайда, криминологиялық зерттеу барысында квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың статистикалық көрсеткіштері толық емес, сондықтан криминологиялық аспект толық болу үшін әртүрлі ғылыми зерттеулердің нәтижелері қолданылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет «Талап» зерттеу орталығымен бірлесе отырып, «ҚР халық арасында сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейін анықтау» бойынша жалпыхалықтық сұрау жүргізген. Ол 2019 жылдың 24 желтоқсанныан басталған болатын. Сұрауға 58336 қазақстандық елдің 17 аймағынан қатысты. Сұрау мобильды қосымша арқылы жүргізілді және жасырын түрде өткізілді.

Сұрау нәтижесі бойынша сұрау алынған респонденттердің 1/3 бөлігі елдегі сыбайлас жемқорлықты жоғары деп көрсетсе, 50% жауап алынғандар ақырғы 3 жыл ішінде елдегі жағдай жақсарды, - деп санайды.

Тұтас алғанда, жауап алынғандардың 2/3 елде сыбайлас жемқорлықпен күрес күшейді, - деп көрсетті. Сөйтіп есептеудің нәтижесі мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлықпен күреске кеңінен және тиімді әрекеттермен қатысуы болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа халықтың тартылу рөлі аса маңызды, сондықтан белсенділік әлеуетін анықтау бойынша бірнеше сұрақтар көзделген болатын. Халықтың 60,4 % сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға қатысуға дайын екен. Олардың 39% мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын ілгерлетуге және белсенді қатысуға дайын екенін көрсетті. Әрбір бесінші жауап алынған өзінің тұрақты азаматтық тұрғысын білдіріп кез келген жағдайда пара беруден бас тартатындығын білдірді. 10 % кем жауап алынғандар сыбайлас жемқорлық іс-шараларына қатысудан бас тартатындығын білдірді» [183].

Квазимемлекеттік сектордағы есеп комитетімен жасалған тексерістер көрсеткендей, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқаруға келетін болсақ, олардың жұмыс тиімділігі төмен, келтірілген шығындар квазимемлекеттік сектордан әлеуметтік-экономикалық кірістен айтарлықтай асып түседі. Қадағалаушы мемлекеттік органдар тарапынан нашар бақылаумен қатар, квазимемлекеттік сектордың ұлттық міндеттерді іске асыруға ресми қатысуы, активтерді басқаруға жауапкершілікпен қараудың болмауы ұлттық ресурстардың ұлғаюына ықпал етпейді. Квазимемлекеттік сектордың жиынтық таза кірісі шығындардың 5 есе артуымен 18% -ға өсті. Акционерлік қоғамдардың 23% және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің 14% 2018 жылды шығындармен аяқтады [184].

Криминологиялық талдау келесі кемшіліктерді көрсетті: а) зерттеулерді іріктеудің, қараудың және мониторингінің қазіргі тәртібінің жетілмегендігі. Зерттеулердегі ақпаратты ашудың дәрежесі мен мазмұны және олардың мемлекеттік органдардың стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне сай келмеуі көрінеді. Зерттеулердің бірыңғай базасы жоқ, кейде ол тақырыптардың қайталануына әкеледі. Экономикалық тиімділік зерттеу нәтижесінде анықталмайды оның экономика секторларының дамуына әсері байқалмайды; б) бағаны белгілеу барысында ашықтық көзделмеген. Көрсетілген консалтингтік қызметтердің бірыңғай бағасын түзудің әдістемесі реттелмеген. Оның салдарынан шетелдік сарапшыларды тарту отандық сарапшылардан бірнеше есе асатын гонорарлар төлеуге әкелген; в) консалтингтік қызмет көрсету саласындағы нарықтың дамуында үлкен мәселелер бар. Заңдағы кемшіліктер консалтингтік қызметті дұрыс түсінбеуге әкелген; г) отандық және шетелдік сарапшылардың арасындағы бәсекелестік ортаның дамуына көңіл бөлінбей жүр. «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқып келген көптеген мамандар бар солардың тәжірибесі мен әлеуетін пайдаланған дұрыс болар еді.

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың криминологиялық аспектісі толық болу үшін қылмыскер тұлғасын сипаттаған дұрыс.

Қылмыскер тұлғасы криминология ғылымында екі негізгі бағытта қаралады: біріншіден, қылмыскер тұлғасын нақты қылмыстық іс көлемінде қылмыстық әрекет жасаған адам ретінде қаралса; екіншіден, қылмыскер тұлғасы белгілі қылмыстық әрекеттің себептік тізбегінің бөлігі ретінде ерекше әлеуметтік тип түрінде зерттелуі тиіс, - деп санайды Ю.А. Воронин [185, с. 81].

Осы екінші жағдайда, криминологиялық сипатта қылмыскер тұлғасы зерттелінетін болады. Квazимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаушы қылмыскер тұлғасының криминологиялық сипаттамасы: біріншіден, әлеуметтік-демографиялық белгілері ашылады; екіншіден, қылмыстық-құқықтық сипаттама беріледі; үшіншіден, әлеуметтік-психологиялық белгілеріне сипаттама жасалады; төртіншіден, әлеуметтік-өнегелілік белгілері ашылады.

Статистикалық мәліметтерді зерттеу үшін 2016-2019 жылдарды есептік кезең ретінде талдауға аламыз.

Кесте 3 - Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының квazимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын жасаушы әйелдер

Жылдар/секторлар	2016	2017	2018	2019
Мемлекеттік/квazимемлекеттік	196	173	147	132
Жекеше	12	13	15	13

Квazимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлық жасаушы әйелдер лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК-нің 361 бабы), пара алу (ҚР ҚК-нің 366 бабы), пара беру (ҚР ҚК 367 бабы), алаяқтық (ҚР ҚК-нің 190 (үшінші бөлігінің 2) тармағы) сияқты қылмыстарды кеңінен жасайды.

Жекеше секторда өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚР ҚК-нің 250 бабы), жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы (ҚР ҚК-нің 251 бабы), міндеттеріне адал қарамау (ҚР ҚК-нің 254 бабы) бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды әйелдер жасайды, ал параға коммерциялық сатып алу қылмысын ер адамдарға қарағанда аз жасайды.

Сөйтіп, ер адамдар әйел адамдарға қарағанда жекеше секторда сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтар ішінен параға коммерциялық сатып алу қылмысын көбінесе жасайтындығы анықталды. Осындай қылмыстық әрекеттерді ер адамдардың жекеше секторда көптеп жасауы пайдакүнемдік мақсат пен пайдакүнемдік ниетіне байланысты деп санаймыз.

Кесте 4 - Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарын жасаушы ер адамдар

Жылдар/секторлар	2016	2017	2018	2019
Квазимемлекеттік	223	260	242	281
Жекеше	63	52	56	48

3-4 кестедегі салыстырмалы талдау көрсеткендей, жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаушылар ішінде 16-21% әйел адамдар жасайды, қалған 79-84% ер адамдар жасайды.

Жекеше сектордағы қылмыскерлердің жас ерекшелігі 2016 жылы қылмыскерлердің 75 ішінде 18-20 жаста – 2, 21-29 жаста - 19, 30-39 жаста – 27, 40-49 жаста – 14, 50-59 жаста – 11, 60 жастан жоғары – 2, 2017 жылы қылмыскерлердің 65 ішінде 18-20 жаста – 3, 21-29 жаста - 16, 30-39 жаста – 16, 40-49 жаста – 11, 50-59 жаста – 13, 60 жастан жоғары – 6, 2018 жылы қылмыскерлердің 71 ішінде 18-20 жаста – 0, 21-29 жаста - 19, 30-39 жаста – 22, 40-49 жаста – 12, 50-59 жаста – 15, 60 жастан жоғары – 3, 2019 жылы қылмыскерлердің 61 ішінде 18-20 жаста – 5, 21-29 жаста - 11, 30-39 жаста – 18, 40-49 жаста – 10, 50-59 жаста – 12, 60 жастан жоғары – 5 [187].

Зерттелген кезең ішінде 18-20 жастағылар – 2-5% құраса, 21-29 жаста - 15-25%, 30-39 жаста – 30-36%, 40-49 жаста – 16-20%, 50-59 жаста – 14-19%, 60 жастан жоғары – 2-8% құрайды. Қылмыстық істердің материалдарын зерттеу көрсеткендей, көбінесе осы қылмыстық құқық бұзушылықтар пайдакүнемдік (табыс алу) мақсатында жасалынады және қылмыскер оны тез табыс алу үшін жасайды.

Қылмыстық-құқықтық белгілеріне сипаттама бере отырып, осы сотталғандар ішінде 92-95% бұрын сотталмағандар, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылмағандар болып табылады. Бұрын сотталғандар не әкімшілік жазаларға тартылғандар 5-8% құрайды, бірақ ол жағдай сыбайлас жемқорлыққа ешқандай қатысы жоқ мәлімет болып келеді.

Квазимемлекеттік және жекеше секторда сыбайлас жемқорлық жасаушы қылмыскер тұлғасын әлеуметтік жағдайын анықтау көрсеткендей, 88-90% бұл квазимемлекеттік сектор субъектiсiнде басқару функцияларын орындайтын және коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамдар болған, 10-12% бұл жұмыссыздар болып келеді.

Жекеше сектордағы 2016 жылы қылмыс жасағандардың 44 жоғары білімді, 31 орта-кәсіптік білімі барлар, 2017 жылы қылмыс жасағандардың 38 жоғары білімді, 27 орта-кәсіптік білімі барлар, 2018 жылы қылмыс жасағандардың 42 жоғары білімді, 29 орта-кәсіптік білімі барлар, 2019 жылы

қылмыс жасағандардың 34 жоғары білімді, 26 орта-кәсіптік білімі барлар болды [186].

Осы мәліметтер көрсеткендей, квазимемлекеттік және жекеше секторларда сыбайлас жемқорлық жасаушы қылмыскерлер көбінесе жоғары білімді, арнайы кәсіптік білімі бар, табысты тез табамын дейтін, билікте болуды ұнататын, жас ерекшелігі 30-60 жасқа дейінгі ер адамдар болып келеді.

Сонымен, қылмыскер тұлғасын анықтау квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың даму бағыттары мен сыбайлас жемқорлық сияқты құбылысқа әсер ететін тиімді шаралардың қабылдануына ықпал етеді.

Алайда, осы шаралар тиімді және толық болу үшін шетелдік тәжірибені талдау керек.

Шетелдік тәжірибені талдау көрсеткендей, көптеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жауаптылықты күшейту бөлігінде қылмыстық заңнаманы жетілдіруден көрінеді. Осындай қылмыстық-құқықтық шаралар Германияда, Данияда, Норвегияда, Францияда және басқа да елдерде қолданылды.

Мәселен, Германияның қылмыстық кодексінде жекеше сектордағы заңсыз артықшылықтарды материалдық игіліктердің орнына алғаны үшін жауаптылық көзделген.

Сонымен бірге, әлемдік қауымдастық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кешенді тұрғыда құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық және басқа да қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қамтитын жағдайда ғана мүмкін болады деп пайымдайды.

Кешенді тұрғыда дамыған елдердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тәжірибесін мысал ретінде көрсетуге болады. Мысалы, АҚШ-та бұл Сарбанс-Оксли заңы (2002 ж.), онда коммерциялық ұйымдардағы сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті көздейтін ереже бар. Ұлыбританияда парақорлық туралы заң бар (2010 ж.), оның жаңашылдығы - заңды тұлғалардың парақорлыққа жағдай туғызғаны үшін қылмыстық жауаптылық көздейтіндігінде болып табылады.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында келесі ережелер ұсынылады: квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа серіктестердің қатыстылығын тексеру; корпоративтік байланыстар ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты алдын алу шараларын қолдану; басқа лауазымды адамдар тарапынан қорқытушылық және бопсалау жағдайында қолдануға міндетті ережелерді енгізу көзделген.

Ресейдің квазимемлекеттік секторындағы сыбайлас жемқорлық немесе корпоративтік сыбайлас жемқорлық топ-менеджерлер арасында орын алады, олар өз қаражаттарын салмай, ешқандай тәуекелге бармай сәтті бизнестен алғандай табыстар алады. Кейде сол топ-менеджерлер өздері жұмыс жасайтын

компанияларды басып алу (рейдерлік) әрекеттерін жасайды. Сонымен, қажетті тиімді қоғамдық бақылау болмау салдарынан сыбайлас жемқорлық қызметке жағдайлар туғызады, ол экономикалық жүйенің дамуына кедергі жасайды [187].

Гонконгта жеке сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл көлеңкелі экономиканың алдын алуға бағытталған 5,117 кәсіпорында жүзеге асырылады, жалпы қылмыстылықтың өсу деңгейі 22,6% ғана құрайды [188, р. 280].

Осындай тиімді шараларды қолдану жекеше сектордағы компанияларға материалдық қаражаттарды тонаудың алдын алуды бір жағынан және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасын бұзғаны үшін санкциялардан босауға мүмкіндік туғызып отыр.

Сөйтіп, әлемде квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлықпен күшейтілген қарсы іс-қимылдар жүйесі белсенді түрде жүзеге асырылып жатыр. Алайда, осындай жағдайда квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жаңа бағыттары орын алады.

3.2 Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылды жетілдіру бағыттары

Сыбайлас жемқорлық жылдар бойы мемлекеттік экономика секторына тән құбылыс болып есептеліп келген. Логикалық тұрғыдан алғанда халықаралық-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тек мемлекеттік экономика саласында болып есептелген. Халықаралық деңгейде квазимемлекеттік және жекеше секторда іскерлік және іс атқаратын жеке компанияларда бұл көріністің бар екенін ен бірінші болып мойындаған 1997 жылғы «Сыбайлас жемқорлық туралы» АҚШ заңы. Тек бірнеше жылдан соң келесі халықаралық-құқықтық құжаттарда пайдаланған: Еуропа Кенесінің 1997 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы 20 қолдану принципі, 1997 жылғы Халықаралық бизнес операцияларда шетелдік лауазымды тұлғалардың парасымен күрес туралы экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Конвенциясы, Қылмыстық құқық бойынша Еуропа конвенциясының 1999 жылғы кеңесі, 1999 жылғы Азаматтық сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік және 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Біріккен Ұлттар Ұйымы конвенциясы [189, с. 27].

Нормативтік деңгейде квазимемлекеттік және жекеше секторлардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі тәсілді түсіну 2014 ж. Қазақстанда қабылданған 2015-2025 жж. Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын қабылдаудан басталады [4].

Негізгі институционалды сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар жазылған негізгі құжат 2003 жылдың 31 қазаңында қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясы болып табылады [58].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенцияның 12-бабына сәйкес қатысушы елдер, өзінің ішкі негізгі заңнамасына сәйкес жеке сектордағы бухгалтерлік есеп пен аудит стандарттарын күшейту шараларын қолданады, қажет болған жағдайда ол талаптарды бұзғандар үшін азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық санкциялар қолданады [58].

Осы мақсаттарға бағытталған шараларға келесідегідей іс-шаралар да енеді:

1) құқық қорғау органдарымен сәйкесінше жеке ұйымдар арасындағы серіктестікке қолдау көрсету;

2) жеке ұйымдардағы адамгершілікті, ар-намыс кодексінің сақталуына бағытталған стандарттар мен процедураларға қолдау көрсету және коммерциялық кәсіпорындар арасындағы қарым-қатынаста және олар мен мемлекет арасындағы келісім-шарттарда таза коммерциялық тәжірибені қолдануға көмек беру;

3) жеке ұйымдардың жұмысындағы айқындыққа қолдау көрсету, оған корпоративтік ұйымдарды құру және басқаруға қатысы бар жеке және заңды тұлғаларды сәйкестендіру бойынша шаралар;

4) жеке ұйымдардың жұмысындағы заңға қайшы процедуралардың, оның ішінде коммерциялық жұмысқа құқық беретін лицензиялар мен субсидияларға қатысты бұзушылықтардың алдын алу;

5) белгіленген жағдайлар мен мерзімдерде, жеке сектордағы бұрынғы лауазымды тұлғалар кәсіби қызметіне қатысты немесе олардың отставкаға не зейнетақыға шыққан соң, егер бұл лауазым олардың лауазымда отырған кезінде қадағалау жүргізу қызметіне байланысты болса шектеулер қою арқылы мүдделер коллизиясының пайда болуының алдын алу;

б) жеке ұйымдардың құрылымымен көлемін ескере отырып, олардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға арналған ішкі бақылау органдарының қажетті тетіктерін ие болуын қадағалау және мұндай жеке ұйымдардың есепшоты мен қажетті қаржылық тізімдемелері әрқашан қажетті аудит пен сертификациялаудан өтуін бақылау [58].

Алайда, осы жерде Ж.А. Мамитованың пікірі орынды: «Барлық мемлекеттердің қауіпсіздігі мен тәртібіне сыбайлас жемқорлықтың жоғары қоғамдық қауіптілігін анықтайтын осы стандарттардың арқасында әлемдік қауымдастық сыбайлас жемқорлықты оның барлық көріністерінде азайтуға, онымен күресуге, алдын алуға және онымен күресудің әмбебап құралдарын жасау» [190, с.129].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенция берген нормаларға сәйкес Қазақстан сыбайлас жемқорлықтың тамыры болып табылатын элементтерді анықтау және жою жұмыстарын жүзеге асырып келеді.

Қазақстан үшін аймақтық жемқорлыққа қарсы құжат ТМД елдері арасындағы жемқорлыққа қарсы тұру үшін Мемлекет аралық кеңесті құру жайлы Келісімі болып табылады, ол 2013 жылдың 25 қазанында қабылданды

және 2014 жылы 30 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің №848 жарлығымен бекітілді.

Алайда, 2015 жылғы 18 қарашада «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заңда квазимемлекеттік сектор субъектілері жөнінде сөз көтерілген. Заңшығарушы осы квазимемлекеттік сектор деген не, квазимемлекеттік сектордағы субъектілер кімдер жөнінде анықтама бермей отыр. Бұл үлкен кемшілік деп санаймыз, себебі нақты анықтамалардың болмауы қарсы іс-қимыл жүргізуге үлкен қиындық туғызады [191, б. 510].

Сонымен, осы кемшілікті жою мақсатында нормативтік құқықтық актілерді талдадық. Нақты анықтама Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде табылды. Кодекстің 3-бабының 31-тармағында көзделген: «квазимемлекеттік сектор субъектілері - мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар» [55].

Сондықтан, барлық заң актілерінде сәйкестік болу үшін осы анықтаманы ҚР ҚК-нің 3-бабына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 2.2 тармақшасын енгізу керек.

Осы бағытты дамыту жолында, «А. Шпекбаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң қолданылатын адамдар тізіміне әкімдерге кандидаттар мен мемлекеттік сатып алуларға жауап беретін квазимемлекеттік компаниялардың қызметкерлерін жатқызу ұсынылған. Сол мақсатта ҚР ҚК-нің 3-бабының 28-тармақшасына өзгерістер енгізу ұсынылып отыр.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет көрсету функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелер анықталды, олардың негізгі міндеті тиісті ұйым мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету болып табылады. Квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылмайтын кәсіпкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы сәйкестік қызметтерін құруға құқылы.

Сәйкестік дегеніміз - талаптар мен стандарттарды сақтау, бұл жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл. Басқаша айтқанда, бұл коммерциялық ұйымдардың қолданыстағы заңдарды, ережелер мен стандарттарды, соның ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ережелерді сақтау арқылы компанияның, инвесторлардың, тапсырыс берушілердің, қызметкерлердің мүдделерін қорғау» [192].

А. Шпекбаевпен осы бағытта келісуге болады, себебі әрбір квазимемлекеттік және жеке секторларда осындай арнайы бөлімдер құру

сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимыл жасауға және болдырмауға үлкен ықпалын тигізеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабында берілген, оларға: 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингі; 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды; 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды; 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды; 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды; 6) қаржылық бақылауды; 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді; 8) мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді; 9) кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын; 10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді; 11) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды; 12) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды; 13) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды [56].

Сонымен қатар, осындай шаралардың бірі ретінде Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексіндегі жемқорлыққа қарсы нормалардың қабылдануын айтуға болады.

С.Д. Красноусовтың пікірі бойынша, жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлықтың екі негізгі нысаны бар: лауазымын асыра пайдалану және параға коммерциялық сатып алу, ал бұлар қоғамға қауіптілік деңгейі бойынша этикалық, корпоративтік, қызметтік-құқықтық, азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық нормалардан ауытқу ретінде қарастырылуы мүмкін [52, с. 8].

Мысалы, параға коммерциялық сатып алу үшін заңдық жауапкершілікті қарастыратын нормалар, П.И. Левченконың пікірі бойынша, коммерциялық және басқа да ұйымдардағы жұмыс тәртібін бұзып қана қоймайды, сонымен қатар оларға ұйымдастырушылық, мүліктік шығын алып келеді және мемлекет пен құқық қорғау органдарының мүддесіне қарама-қайшы келе отырып басқа да қылмыстардың, соның ішінде жария-құқықтық саласында бастауы болады [53, с.121].

«Параға коммерциялық сатып алудың тағы бір қауіпті жағы-оның салдары жекеше сектор мен мемлекетке залалын тигізуімен бірге бұл қылмыстың жасырындығында екенін айта кету керек.

Осыған байланысты, Қазақстанның Қылмыстық кодексінде параға коммерциялық сатып алуға байланысты жазаларды қатаңдату іске асырылуда. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 253 бабының бірінші бөлігіне сәйкес параға коммерциялық сатып алуға бес мың айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл немесе сол көлемдегі түзеу жұмыстары,

немесе бес жыл мерзімге дейінгі бостандығын шектеу немесе дәл осы мерзімге бостандығынан айыру қарастырылған.

Салыстырмалы түрде қарасақ, алдында күшінде болған Қылмыстық кодексте бұл қылмыс үшін бес жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл немесе екі жылға бостандығын шектеу немесе үш жылға бостандығынан айыру тағайындалатын.

Жаңа Қылмыстық Кодекс қабылданғанға дейінгі аса үлкен көлемдегі параға коммерциялық сатып алу үш мыңнан бес мың айлық көрсеткішке дейінгі айыппұлмен немесе белгілі бір лауазымға тағайындалу немесе бір жұмыс түрімен айналысу құқығынан айыру, бес жылға немесе төрт жылдан сегіз жылға дейін мүлкін тәркілей отырып бас бостандығынан айыру қарастырылған болатын.

Жаңа Қылмыстық кодекс бойынша аса үлкен көлемдегі параға коммерциялық сатып алу үшін он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге мүлкін тәркілеп бас бостандығынан айыру және белгілі бір жұмыс түрімен айналысу құқығынан бес жыл мерзімге айыру қарастырылған.

Осы орайда, заңнама аса ірі көлемдегі параға коммерциялық сатып алу үшін айыппұлды мүлдем алып тастағанын, ал осы қылмыс үшін бостандығынан айыру мерзімін екі есеге жуық арттырғанын айта кету керек» [191, б. 511].

Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық заңнаманы жетілдіру, құқықтық реттеу саласындағы халықаралық озық тәжірибені енгізу басым бағыттардың бірі болып табылады. Атап айтқанда, қоғамдық бақылауды енгізу, азаматтардың ақпаратқа қол жеткізу тетігін заңнамалық тұрғыдан бекіту, мемлекеттік меншікті басқарудың ашық жүйесі, квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық жағдайларын азайту және т.б.

Квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бағыттары жоғарыда көзделген болатын, бірақ оны нақтылау бағытында, сондай-ақ жаңа бағыттарды ұсыну жасалынатын болады.

Сондықтан, осы бағытта шетелдік озық тәжірибе негіз болады. Бірнеше дамыған елдердің тәжірибесін - квазимемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл бағыттарын талдауды жөн көріп отырмыз.

Финляндияда қоғам сыбайлас жемқорлықтан толықтай бас тартып отыр, олар көбінесе Ресей мен Прибалтика елдерінің компаниялары тарапынан параға сатып алу жағдайларымен кездесіп жүр. Финляндияда осындай кері құбылыспен күресу үшін арнайы заңдар, органдар жоқ, тек кешенді шаралар жүйесі ғана бар. [193, р. 55].

Финдік заңнамада сыбайлас жемқорлық анықтамасы жоқ. Тека 1989 жылы қабылданған қылмыстық кодексте сыбайлас жемқорлық қылмыстарының құрамдары жөнінде ережелер бар. Бұл ережелерге кейін Еуропалық кеңестің және халықаралық актілердің шараларына сай өзгерістер енгізілді, әсіресе

шетелдік жария лауазымды адам, жекеше сектордағы парақорлық ұғымдары енгізілді.

Финляндияның қылмыстық кодексінің 30 тарауының 7 және 8 баптарында жекеше сектордағы параға сатып алу жөнінде айтылған: пара берушінің және үшінші тұлғалардың пайдасына әрекеттер жасау үшін пара беру және алуға тыйым салынған [194].

Финляндияның қылмыстық заңы бойынша заңды тұлға кінәлі болып есептелсе, оған 850 000 евро айыппұл салынады. Сонымен бірге, бизнестегі операцияларға шектеу қойылады [195].

Алайда, мемлекеттік сатып алулар туралы заңның 53-бабына сәйкес ұйымның басшысы немесе басқару органының мүшесі парақорлықта кінәлі болса, онда конкурстық сатып алуларға бұл ұйым қатыспайды [196].

Финляндияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекетпен іс-қимылдың этикалық нормаларын құру мен бақылау жағдайларын туғызу, ашықтықты қамтамасыз ету, пара беру қабілеттігін төмендету және қадағалау тиімлігін жоғарлату жағдайларын қамтиды [196].

Финляндияда ресми сыбайлас жемқорлыққа қарсы билік органдары, жекеше сектор, ғылыми қауымдастық және үкіметтік емес ұйымдарды біріктеретін әділет министрлігі құрамындағы қозғалыс құрылған. Оның негізгі міндеттері: сыбайлас жемқорлық жөнінде халықтың білу жағдайын жоғарылату, халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы елдің міндеттемелерін жүзеге асыруға көмектесу, ғылыми зерттеулерді қолдау болып табылады.

Швецияның заңнамасында да сыбайлас жемқорлық анықтамасы жоқ.

Дэвид Востерфорстың айтуынша, сыбайлас жемқорлықтың заңды анықтамасы мен нақты өлшемінің болмауы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға тиімсіз сипат береді. Сонымен бірге, қоғамда күдік білдіру жағдайын туғызады, соның салдарынан «кінәлілерді анықтауға бағытталған аңшылыққа» айналдырады - деп санайды [197].

Швецияның қылмыстық кодексінің 10 тарауының 5 бабында үшінші тұлғаларға артықшылықтар беру мақсатымен пара алғаны үшін санкциялар көзделген. Осы тараудың 5B бабында пара бергені үшін жауаптылық, 5D бабында – біреуге ақша немесе активтерді беру жолымен пара беруге көмектескені үшін трейдердің жауапкершілігі көзделген [198].

Швецияның қылмыстық заңында сенімді теріс пайдалану, өкілеттіктерді теріс пайдаланғаны үшін санкциялар көзделген. Бұл баптарда жекеше және квазимемлекеттік секторларда жасалған қылмыстар үшін жауаптылық бір бап көлемінде қамтылған.

Сөйтіп, Финляндия мен Швецияның тәжірибесі көрсеткендей, бұл елдерде көптеген құқықтық актілер жоқ екенін байқадық, бірақ бұл елдерде сыбайлас жемқорлық деңгейі өте төмен.

Осындай төмен деңгейдің болуының ең басты себебі қоғамның осындай құбылысқа кері көзқараспен қарауы және қоғамдық ұйымдардың осындай әрекеттерге қарсы іс-қимылда белсенді роль атқаруы болуы мүмкін, - деп

есептейді мамандар. Бастысы жекеше және жария секторларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қоғамда тәрбиелеу болып табылады.

АҚШ-та жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясында Сарбейнз-Оксли заңы қолданылады, ол бағалы қағаздар эмитент-компанияларымен есеп берудің құрамы мен тәртібін өзгертті, акционерлер, қоғамдастық және мемлекет тарапынан компанияның қызметі мен есеп беруіне бақылауды күшейтті. Бұл заң АҚШ-тың жария компанияларына, сондай-ақ АҚШ-та құрылған және басқа елде құрылған акциялары бар компаниялар қызметіне қатысты қолданылады. Сарбейнз-Оксли заңында келесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар көзделген: компания директорлары мен лауазымды адамдарына жеке қарыз беруге шектеу қою; компания директорлары мен лауазымды адамдарына лауазымдық қылмыстар нәтижесінде қаржылық есеп талаптарының елеулі сәйкес келмеуі салдарынан мадақтау сыйақылар алудан немесе бағалы қағаздардан айыру; корпоративтік ақпарат берушілерді, яғни компания жұмысындағы кемшіліктерді хабарлайтын қызметкерлерді компания басшылығы тарапынан кек алудан қорғау; аудиторлардың компания басшылығына емес, аудит жөніндегі комитетке бағынуы [199].

Сингапурдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тәжірибесі көрсеткендей, онда арнайы мемлекеттік орган – сыбайлас жемқорлық әрекеттерін тергеу бойынша бюро бар. Осы тәуелсіз мамандандырылған органның қызметкерлері мемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеумен айналысады. 1952 жылы құрылған бюро сыбайлас жемқорлық туралы Заңға сәйкес қызмет істейді. Сингапурда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған арнайы акт бар – 1960 жылғы Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы Заң. Осы заңға сәйкес бюро мемлекеттік сектордан басқа, жекеше сектордағы қылмыстарды басқа елдерге қарағанда тергейді. Жекеше секторға осындай көзқарас, Сингапур үшін әлемдік сауданың орталығы ретінде стратегиялық мағынасы бар. Сингапурда «сыбайлас жемқорлық презумпциясы» бар, яғни егер қызметшіні құқыққа қайшы мүлік алғандығы жөнінде айыпты деп тапса, ол айыпты емес екендігін өзі дәлелдеуі керек; сот кінәліге қатысты пара сомасын қайтарумен қатар, айыппұл және (немесе) бас бостандығынан айыру жазасын үкіммен шығара алады.

Сингапурдағы арнайы өкілеттігі бар орган Қазақстандағы арнайы органға қарағанда кең өкілеттікке ие және арнайы «сыбайлас жемқорлық презумпциясы» бар екендігін көрсетті.

«Осындай тәсілді бізде енгізу және оны жүзеге асыру кезінде шешілмейтін кедергі болатын бірнеше маңызды мәселелерді туындатады: 1. Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі. Бұл жағдайда осы норма тұлғаның жасаған әрекетіне кінәсі болмаса, қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігіне жол бермейді, сонымен қатар әділдік артуға тыйым салады. Бұл

ретте Қылмыстық кодекс тек қоғамдық қауіпті әрекетпен жасалған қылмыстарды кінәлі деп есептейді, ал қасақана немесе абайсызда әрекет жасаған адам ғана қылмысқа кінәлі деп танылады. Осыған орай, ұсынылған тәсіл Конституцияның және содан туындайтын ҚК нормаларын амалсыздан бұзуға алып келеді, өйткені қылмыс жасамаған адамның, бірақ ол табысының немесе мүлкінің растығын және заңдылығын сенімді дәлелдей алмаса, кінәсін анықтау мүмкін болмайды; 2. Сонымен қатар, Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 6), 7), 8)-тармақшаларының ұстанымдары тұрғысынан келгенде, ұсынылған шаралар күмән туғызады.

Шынында, осы нормаларға сәйкес айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес, ешкім өзіне-өзі қарсы айғақ беруге міндетті емес, адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез-келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады деген принциптері жарияланған. Істің мәні, ұсынылған жауапкершілік кінәсіздік презумпциясының принциптерін болғызбайды, өйткені қандай да болса табыс немесе мүлкі бар не алған барлық адамдарды кінәсіздіктен кінәлі деген жағдай туғызады. Бұл жағдайға біздің заңнама жол бере алмайды» [200, б. 515].

Сонымен, АҚШ, Швеция, Сингапур, Финляндия және өзге де сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимыл бойынша озық тәжірибесі бар елдерде қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар мемлекеттік, квазимемлекеттік және жекеше секторларда өзара байланысты және бірыңғай қолданылады, себебі барлық экономика секторлары бір жүйенің компоненттері болып келеді.

Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимыл бағытында БРИКС (Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік-Африка Республикасы) елдерінің басты жетістігі «таза компаниялар туралы заңнаманың» қабылдауы болып табылады.

2013 жылдың тамыз айында Бразилияда «Компаниялардың корпоративтік жауапкерлігі туралы» заң қабылданған, осы заң бойынша алғашқы рет бұл елде заңды тұлғалардың квазикылмыстық жауаптылығы енгізілген. Осы заң бойынша мемлекеттік қызметшілерді параға сатып алған компанияларға компанияның толық табысынан 0,1 ден 20% дейін айыппұлдар салынады, сондай-ақ келітірілген залалды толық орнын толтыру міндеті жүктеледі. Компания қызметі тоқтатылады және барлық мүлкі тәркіленіп, компания арнайы Ұлттық сыбайлас жемқор компаниялар реестріне енгізіледі [201].

Еуропа елдерінде осындай қарсы іс-қимыл бағыттары ақшаларды жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында қаржылық жүйені қолданудың жолын кесу туралы Еуропалық кеңестің 2005/60 Директивасында анықталған [202].

Ұлыбританияда 2002 жылғы қылмыстық кірістер туралы Заңы құқық қорғау органдарына және қазынашылыққа кең өкілеттік берген (құралдарды тәркілеу және оған тыйым салу) [203].

Алайда, Ұлыбританияда 2007 жылы ақшаны жылыстату туралы Ережелер қабылданды. Ол ережеге сәйкес әртүрлі шаралар көзделген, біреулері ақшаны жылыстату мен қаржылық терроризмді анықтау мен жолын кесуге бағытталса, екіншілері оларды анықтайтын органдар қызметін реттейді және ережелерді орындамағаны үшін азаматтық және қылмыстық жауапкершілік жағдайларын белгілейді. Бұл ережелер кәсіпкерлік қызметпен айналысатын субъектілерге: қаржылық ұйымдар, несиелік мекемелер, аудиторлар, сыртқы бухгалтерлер мен салық кеңесшілері, заң сұрақтары бойынша тәуелсіз мамандар, траст және корпоративтік жеткізушілер, мүлік операциялары жөнінде агенттер, диллерлерге қатысты қолданылады екен.

2007 жылғы ережелерге сәйкес адам «өз клиентін білу керек» қағидасын ұстану арқылы барлық жағдайларда ақшаны жылыстату, бір реттік транзакция жасау, құжаттарды тексеру барысында барлығына көңіл бөліп мұқият боу керек. Клиент жөнінде мәліметтер іскерлік қатынастардың немесе бір реттік транзакция жасаудың алдында алынуы тиіс.

Италия ақшаны жылыстатумен күрес бағытында 29 жылғы тәжірибесінде Еуропаның қаржылық орталықтарына жатпаса да, ондағы қылмыстық ұйымдардың орын алуы олардың жасап жатқан күресінің тиімді екенін көрсетіп отыр. Ақшаны жылыстату банк секторында және банктен тыс жерлерде казино, алтын нарығында орын алады. Ақшаны жылыстатуға салған адамдар банктік емес қаржылық ұйымдарды ақшаны елден шығаруға қолданады [204, с. 369].

Сонымен, шет елдерде жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл кәсіби және корпоративтік тәртіптің кодекстерін қабылдаудан, коммерциялық кәсіпорындар арасындағы қатынастарда озық коммерциялық тәжірибені мадақтаудан, жекеше сектордың ашықтығын қамтамасыз етуден, заңды тұлғалардың шынайы иелерін анықтауға бағытталған іс-шаралардан тұрады. Сонымен қатар, ішкі аудиторлық бақылау тетіктерін қолдану болып табылады.

Жаһандану дәуірінде жекеше секторда трансұлттық компаниялар көбеюде, олар өздерінің нарықтағы жағдайын пайдаланып максималды тиімді шарттарды ұсынады және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында ерекше роль атқарады. Сондықтан, дамыған елдерде жекеше сектор нарықта мемлекеттік сектордан үстем болып келеді.

Жекеше секторда сыбайлас жемқорлықтың дамуы елдің экономикалық дамуына кері әсер етеді. Мемлекетпен әртүрлі ресурстарды (экономикалық, табиғи, кадрлық және қаржылық) тарату экономиканың өсу қарқынын төмендетуге әкеледі. Жекеше секторда компанияны басқарушы өзінің билігін пайдаланып табыс табу мақсатымен әрекеттер жасайды, ол компания иелеріне экономикалық шығын әкеледі.

Сондықтан, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарының субъектілерін қылмыстық жауапқа тарту тек ҚК-нің белгіленген тарауларын біріктіру барысында ғана мүмкін болады.

Сонымен, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарына қарсы келесі іс-қимыл шараларын қолдануды ұсынамыз:

- «қоғам-мемлекет-қоғам» бағытында әртүрлі квазимемлекеттік және жекеше сектордағы қабылданған шешімдер жайлы қоғам білетіндей етіп арнайы ұялы қосымша жасау арқылы байланыс жасауға болады. Сонымен қатар, осы қосымшаны тікелей сыбайлас жемқорлық құбылысына қатысты дәлелдемелермен, видео және аудио жазбаны жүктеу мүмкіндігін қарастыру керек;

- квазимемлекеттік және жекеше сектордағы субъектілердің қызметі жайлы азаматтардың ақпаратқа қол жетімділігін қамтамасыз ету керек, әсіресе Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі сайтында осындай мәліметтерді әртүрлі компаниялар жайлы орналастыруға болар еді. Сонда ғана нақты табыстар мен шығыстар жөнінде білер едік. Әзірше, есеп комитеті тек тексеру барысында ғана квазимемлекеттік субъектілердің қаржылық жағдайы жөнінде кемшіліктерді тауып отыр;

- заманауи әдеп пен бизнесті адал жүргізу қағидаларын сақтау мақсатында «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына жекеше сектор саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүргізетін арнайы – Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Комитетін құруға болар еді;

- квазимемлекеттік және жекеше секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен құқықтық сананы қалыптастыру. Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты насихаттау керек, халықты сыбайлас жемқорлыққа оның барлық көріністеріне қатысты теріс көзқарасты тәрбиелеу керек. Бұл жұмыста «Халықты құқықтық насихаттау және құқықтық ағарту туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануы үлкен рөл атқарар еді;

- квазимемлекеттік және жекеше секторда сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын жолдарды жою керек. Ол үшін кез келген ұйымда басқару мен бақылаудың тиімді жүйесін енгізу керек. Егер кез келген компания басшылығы өз ұйымын бақылауда ұстай алса, онда сыбайлас жемқорлық құбылыстарына жол бермейді және оның пайда болғанында жол кесу шараларын қолдана алады. Сондықтан, осындай компанияларда тәуелсіз аудитормен қатар, қызметкерлерін полиграфта адалдыққа тексеру үшін мамандарды тарту көзделуі мүмкін.

Сонымен, ұсынылған квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылдың жетілдіру бағыттары оның болдырмауына және алдын алуына ықпал тигізеді деген сенімдеміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сыбайлас жемқорлық адамзатпен бірге өмір сүріп келе жатқан дерт, алғашқы мемлекеттер пайда болғанда сыбайлас жемқорлықта тарихи қалыптасты. Алғашқы ұйымдар мен соған тектес ошақтар қылыптасқанда квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлықтың түп тамыры шықты.

Осындай ежелден келе жақтан әлеуметтік құбылысты бірден жою мүмкін емес, оны ұстап тұру және оны бақылауда ұстау барлық елдердің басты мақсаты болып келеді.

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық ел экономикасының дамуына, білім, ғылым және өзге салалардың тоқырауына әкелетін құбылыс, сонымен қатар, ең қауіптісі ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруі де мүмкін.

Сондықтан, квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерін зерттеу өзекті болды. Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тиімді болу үшін диссертациялық зерттеу нәтижесі бойынша келесі қорытындылар жасалды:

1. Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауаптылықтың тарихи қалыптасуын зерттеу нәтижесінде оның жалпы сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылықтың тарихи аспектілерімен өзара байланысты екені анықталды. Алайда, олардың келесі кезеңдері анықталды: 1-кезең «Сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылықты көздейтін ежелгі жазбалы нормалар кезеңі» (б.з.д. III мыңжылдықтан бастап IV-V ғғ.); 2-кезең «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жазбалы заңдар шығу кезеңі» (VIII-XIII ғғ.); 3-кезең «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Қазақтың дала заңдарының кезеңі» (XIII-XVIII ғғ.); 4-кезең «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ресей реформаларының кезеңі» (XVIII-XIX ғғ.); 5-кезең «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Кеңестік кезең» (1918-1991 жылға дейін); 6-кезең «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің Тәуелсіз Қазақстан кезеңі».

2. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын жүзеге асыру және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының тиімділігін жоғарылату мақсатында квазимемлекеттік сектор, жекеше сектор және квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлықтың анықтамалары берілді. Квазимемлекеттік сектор деп мемлекетпен құрылған мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан

Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын субъектілердің қызметін қамтитын бизнес секторын атайды.

Жекеше секторға жария қызметті көрсететін мемлекеттік емес құрылымдардың және мемлекет үлесі бар құрылымдардың қызметін қоспағанда, экономикалық, қаржылық және коммерциялық қызметті қамтитын секторды жатқызамыз.

Квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы сыбайлас жемқорлық деп квазимемлекеттік және жекеше секторлардағы субъектілермен өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін өзіне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында пайдаланумен байланысты құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік), сол сияқты делдалдар арқылы мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы құқыққа қайшы әрекет (әрекетсіздік) жасауды айтамыз. Осы ұғымды 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 1-бабының 6-1 тармақшасына енгізу керек.

3. Отандық қылмыстық кодексте сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылықты көздейтін екі ұқсас тараулар көзделген, біріншісі 9-тарау «Коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» және екіншісі 15-тарау. «Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар» және бөлек баптар ҚК-тің басқа тарауларында кездеседі. Заң техникасы мен түсініктемесі болу мақсатында және бірдей тектік объектісінің болуына байланысты осы тарауларды біріктіретін «Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары» деген тарауға енгізу керек, - де есептеймін. Осындай өзгерістер енгізу сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылыққа тартуды жеңілдетеді, қылмыстарды тез саралауға мүмкіндік туғызады.

Сонымен, біздіңше «Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқық бұзушылықтары» жаңа тарауын келесідей жіктеуді ұсынамыз:

1. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары;
2. Жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары;
3. Өзге де қызмет мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары.

Осы жіктеуге күшіндегі қылмыстық кодекстің баптары келесідей топтастырылар еді.

Жіктеудегі мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына келесі қылмыстық құқық бұзушылықтарды жатқызуға болады: 361-бап. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану; 362-бап. (төртінші бөлігінің 3) тармағы) Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану; 363-бап. Лауазымды адамның өкілеттіктерін иемденіп алу; 364-бап. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

365-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау; 366-бап. Пара алу; 367-бап. Пара беру; 368-бап. Парақорлыққа делдал болу; 369-бап. Қызметтік жалғандық жасау; 370-бап. Қызметтегі әрекетсіздік.

Екінші жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға келесілер жатады: 250-бап. Өкілеттіктерді теріс пайдалану; 251-бап. Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы; 252-бап. Жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы; 253-бап. Параға коммерциялық сатып алу; 254-бап. Міндеттеріне адал қарамау.

Үшінші өзге де қызмет мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына келесілер жатады: ҚК 189-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу; 190-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) Алаяқтық; 216-бап (екінші бөлігінің 4) тармағы) Іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау; 217-бап (үшінші бөлігінің 3) тармағы) Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету; 218-бап (үшінші бөлігінің 1) тармағы) Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату); 234-бап (үшінші бөлігінің 1) тармағы) Экономикалық контрабанда; 249-бап (үшінші бөлігінің 2) тармағы) Рейдерлік; 307-бап (үшінші бөлігінің 3) тармағы) Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру; 450-бап. Билікті теріс пайдалану; 451-бап (екінші бөлігінің 2) тармағы) Билікті асыра пайдалану; 452-бап. Биліктің әрекетсіздігі.

4. Халықаралық және отандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік базаның және тергеу мен сот практикасын ескеріп, қылмыстық құқық бұзушылық затын «мүліктік емес қызметтер, құқықтар, артықшылықтар» арқылы кеңейту мақсатында парақорлық қылмыстар бойынша олардың диспозициясын келесі редакцияда толықтыруды ұсынып отырмыз: ҚР ҚК-нің 366-бабының 1-бөлігіне және ҚР ҚК-нің 253-бабының 1-бөлігі мен 4-бөлігіне «.....сондай-ақ мүліктік емес қызметтерді көрсету, мүліктік емес құқықтар мен өзге де құқыққа қайшы артықшылықтарды..» ары қарай мәтін бойынша кетеді.

5. ҚР ҚК мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының арасында «қызметтік өкілеттіктер» және «лауазымдық өкілеттіктер» ұғымдары арасында түсіністік аппаратында келіспеушіліктер бар, сондықтан ҚР ҚК-нің 361-бабының 1-бөлігінде «қызметтік өкілеттіктер» ұғымы мен «лауазымды өкілеттіктер» ұғымы арасында түсіністік аппаратында сәйкестік болу үшін «лауазымды өкілеттіктер» ұғымын «қызметтік өкілеттіктер» ұғымының орнына пайдалану керек. Сонда ҚР ҚК-нің 361-бабының 1-бөлігінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не

лауазымды адамның өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін...» ары қарай мәтін бойынша өзгерту керек.

Лауазымдық өкілеттіктер мемлекеттік қызметті жүзеге асыру барысында мемлекеттік несиені беру, мемлекеттік сатып алуларды жүргізу, мемлекеттік мүлікті пайдалану бағытында болады. Қызмет мүдделері мемлекеттік органның алдына қойылған міндеттер сипатымен анықталу керек, лауазымды адамның өкілеттігі соған байланысты болады. Осы өкілеттіктің мөлшері мен көлемінен асып кетсе, онда бұл әрекеттер ҚР ҚК-нің 362-бабы билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану әрекеті үшін қылмыстық жауаптылыққа алып келеді, - деп түсінуіміз керек.

6. Сот-тергеу практикасы көрсеткендей, көптеген лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану бойынша істерде лауазымды адам болып табылатын адамдардың, қылмыстық жауаптылыққа тартылған екінші лауазымды адамға беделінің әсері салдарынан іс-әрекет жасағандығын дәлелдеу қиындыққа соғады және олар қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Бұл жерде, фаворитизм жөнінде әңгіме талқылауға салынып отыр.

Фаворитизм деп туыстар мен таныстарға олардың белгілі партияға, текке, сектаға, әртүрлі топтарға жатуына байланысты қызметтер мен ресурстарды белгілеуді айтамыз. Оның екі түрі болады: Непотизм – туыстық негізді билікті құру, және кронизм – жақын достарға негізделген билік жүйесі.

Осы әрекеттің салдарынан мемлекеттік қызмет сапасы төмендейді, қоғамдық ресурстар әділсіз бөлінеді. Осындай жағдайдың қалыптасуы әртүрлі шенеуніктердің квазимемлекеттік және жекеше секторға беделінің арқасында әсерінен өз туыстарын, балаларын жоғары лауазымдарға орналастырады. Ешкімге құпия емес, егер балалары адал бәсекелістік нәтижесінде бұл ұйымдарға конкурстан өтсе, кедергі болмас еді. Шындық сондай, көпшілік шенеуніктердің балалары, туыстары, достары осы адамның беделі арқасында сонда орналасады. Бұл жағдай, конкурсты өз күшімен өтпек болған адамның заң әділдігіне сенімсіздік білдіреді. Ал шенеуніктер өздерінің жауаптылыққа тартылмайтындығын біле тұра әрекеттерін жалғастыра береді.

Осы жағдайды болдырмау мақсатында ҚР ҚК-нің 361-1 «Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалануға оқталу» бабын келесі редакцияда енгізуді ұсынамыз:

